

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТИ

МАГИСТРАТУРА

“Педагогика” кафедрасы.

Магистрлік диссертация.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРИН ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.**

540350 “Педагогика”

Орындаушы _____ Нурмағамбетова Б.С.
(коло, күні)

Фылыми жетекші
профессор _____ Сатынская А.К.
(коло, күні)

Коргауға босатылды:
“Педагогика ”
кафедрасының менгерушісі²
профессор _____ Мачнев Н.Ф.

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТИ

МАГИСТРИК ДИССЕРТАЦИЯГА ТАПСЫРМА

Магистрант Нұрмагамбетова Баглан Сагатқызына

1. Жұмыстың тақырыбы: "Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қазақ әдебиеті сабакында қалыптастыру".

(Педагогика кафедрасы бекіткен 200 ж.)

2. Ақталған магистрлік жұмыстың тапсырылу мерзімі: мамыр 2005 ж.

3. Жұмыстың алғашқы мәншеттері:

1. Фылыми әдебиеттердің анализі.


2. Бақылау сауалнама жүргізу, жылғы ойлау жылдамдықтарын анықтау.

4. Магистрлік диссертацияның мазмұны:

1. Орыс сыныштарында оқушылардың қазақ әдебиеті туындыларын қазақ тілінде оқытуда шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың жолдарын белгілеу;
2. Пән бағдарламасы бойынша ұсынылған мәтіндерді талдау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау, тәжірибелі-эксперимент жұмысы арқылы текстерін дәлелдеу;
3. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың моделін күрү.

5. Тапсырманың берілген мерзімі: 2 қазан 2003ж.

"Педагогика" кафедрасының
менгерушісі, профессор



Махнайев Н.Ф.

Ғылыми жегекші, профессор



Сатынская А.К.

Тапсырманы орындауда
алынғаны 2 қазан 2003ж.



Нұрмагамбетова Б.С.

РЕФЕРАТ

Магистрлік диссертацияның кіріспе бөлімінде педагогикалық үрдіс кезінде оқушылардың қабілеттерін қалыптастыру қажеттігі мен шығармашылығын дамытудың дидактикалық әдістемелік жолдарының жасалу деңгейінің арасындағы қарама-қайшылыктардың көрінуінің жолдарын іздеңіру проблемасы сөз болады.

Бірінші бөлімде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды белсенді оқытудың ғылыми-теориялық негізdemесін қамтиды. Мұнда мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың бағыттары, қазақ әдебиетін оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың педагогикалық негіздерін мәлімдейді.

Екінші бөлім оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың педагогика-тәжірибелік қызметін қарастырады.

Корытынды бөлімі: Зерттеу барысындағы теориялық қағидалар мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру моделі негізінде және эксперимент жұмысы нәтижесінде алынған мәліметтер тұжырымдамасы мен үсіністарды негіздейді. Магистрлік диссертацияның соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілген.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
I бөлім. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың белсенді оқытудың ғылыми-теориялық негіздемесі.....	11
I.I Мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың бағыттары.....	11
I.2 Мектепте қазақ әдебиетін оқытуда оқушылардың шығармашылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері.....	24
I.3 Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың жолдары	42
I бөлім бойынша қорытынды.....	60
II бөлім. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогика-тәжірибелік жұмыс.....	61
2.1 Оқушылардың шығармашылық қабілетінің диагностикасы.....	61
2.2 Іс-тәжірибелік жұмыстың қалыптастыру эксперименті.....	80
2.3 Іс- тәжірибелік жұмыстың қорытындысы.....	99
II бөлім бойынша қорытынды.....	103
Қорытынды.....	104
Әдебиеттер тізімі.....	105

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Ұзак жылдар бойы мектептер біркелкі жоспарлар мен бағдарламалар бойынша оқыту үрдісін жүргізді. Кеңестік Одактың өктем билігінен мектептерде жалпы білім беруде оку бағдарламалары мен оқулықтарға толық ұстемдік орнатылғандыктан орыс мектептерінде казак әдебиеті орыс тілінде жүргізіліп келді. Сондықтан мектепте берілетін жалпы білімнің мазмұнын, оку жұмысын ұйымдастыруда оқыту әдістерін тұтастай кайта қарап, түбекейлі жаңартудың қажеттігі басты мәселе болып отыр.

Қазақстан Республиканың гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында “Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек зерттеу объектісі ретінде ғана емес ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді” делінген [15,14].

Оқыту екі жактың да, мұғалім - оқушы, бірдей енбек етуін талап ететін үрдіс, сондықтан ұстаз өзінің әрекетін ұйымдастырып, тек оның орындалысымен ғана қанағаттап қоймай, оқушылардың да шығармашылық қабілетін, білім игерудегі әрекетін дамытуға ықпалын тигізуі керек.

Қазіргі қоғам шығармашылық қабілеті бар, талантты іскер мамандарға мұқтаж. Ал жалпы білім беретін мектептегі казак әдебиеті пәні оқушыларға көп жағдайда дайын білім ұсынылады, оқыту әдістері оларды өздігінен жаңа ақпараттар іздестіруге, оқу тапсырмаларын өздігінен шешуге талпындырмайды, яғни оқыту әдістемесі, дайын нұсқауларды бұлжытпай атқаруға ғана бейім орындаушылар тәрбиелеуге бағдарланып құрылған.

Мектептегі оку үрдісінің негізгі мақсаттары баланың білім игеру кезінде шығармашылық қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендеріру. Бұл оқушының өзіндік әрекетін, дербес жұмыс жасау қабілетін дамытудың маныздылығын айқындайды.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының Білім туралы заңындағы білім беру жүйенін міндеттері туралы баптар:

-жеке адамдардың шығармашылық, рухани және жеке мүмкіндіктерін

дамыту, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектің байытуымен қатар әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикалық басқа да халыктардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеу қажеттігі атап көрсетілген [15, 25].

Педагогика ғылымы және мектеп практикасы балалардың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастырып, сол арқылы әрекетін белсендіру қажеттігін көрсетеді. Осы мәселелер оқушының шығармашылық қабілетін, шығармашылық әрекеттер қорларын дамытудың өзекті екенін аныктайды. Ол үшін не істеу керек, қандай шаралар ойластырылуы қажет? Окуға деген қызығуы, өзінің білім алуға ұмтылышы керек. Ол ұстаз тараپынан сабак өткізуін әр түрлі жолдарын қарастырып, әдіс-тәсілдерді жетілдіріп дәстүрлі емес сабактар түрлерін әдістемелік түрғыда дұрыс үйымдастыруды талап етеді. Осындай еңбек оқушының оқу әрекетін тиімді меңгеруіне, соның нәтижесінде окуға деген ынта, құлшыныс, талап туып бұрынғы игерген білім, білік дағдыны пайдалана отырып, әр түрлі оқу тапсырмаларын шешуде шығармашылықпен еңбек етіп, өз әрекетін бақылауды, басқаруды және дамытуды үйренуіне себебін тигізеді.

Жас кезден игерген ойдың орамдылығы, ақылдың икемдігі дүниенің қырсырынменгеруге шексіз мүмкіндік береді. Аталған проблемалық жақтарын зерттеген Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев т.б. ғалымдардың еңбектерімен белгілі.

Сонғы жылдары жылдық Республикада оқушылардың оку-таным әрекетін белсендіру, проблемалық оқыту, оны үйымдастыру, әдіс-тәсілдерін жетілдіру жайында зерттеу жұмысы жүргізілуде.

Таным жорыктар мен сараман сабактар, зерханалық жұмыстар, тәжірибелер қазақ әдебиеті сабағында орыс мектептерде бағдарламада бір сағат берілген. Сондықтан орыс аудиториядағы сабактың тиімділігін, сапасын түбекейлі жақсарту талабы күшешту қажет. Сол себепті сабакты қалайда пәрменді, тиімді өткізу мақсатында белсенді оқытудағы дәстүрлі емес сабак түрлерінің рөлі зор.

Мектеп практикасында қазіргі уақытта педагогикалық мақсатқа сәйкес жаңаңалықтар көп енгізілуде. Соның бірі дәстүрлі емес сабактар. Бұл сабактарды

өткізу барлық мектептерде кездеседі, бірақ осы сабактың оқу-тәрбие саласындағы орны, маңызы мен жүйесі теориялық тұрғыда негізделіп, толық зерттелмеген. Сол себепті дәстүрлі емес сабактарды әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастыру, нақтылы мақсатта өткізу жүйесі қазақ әдебиетін оқытуда әлі де болса толығымен қурылмаған.

Дәстүрлі емес сабактың бір ерекшелігі – баланың ойлау еркіндігін шексіздігінде, өзін танытуға, даралануға, киялдауға, шығармашылық қабілеттілігіне бейімделу мүмкіндігінің молдылығында. Ғалымдардың пікірінше шығармашылық ойлау жаңа пікірлер тудыруға жеткізеді. Қазіргі кезде шығармашылық ойлау аса маңызды, себебі авторитарлық шешім мезгілі етті, вертикалдық ойлау, пікірлер мен міндеттер жоғарыдан берілу кезеңдері қалды, енді әркімнің еркін ойлауын, жеке шығармашылығын кажет ететін уақыт келді.

Дәстүрлі емес сабактарды өткізу жайында әдістемеші мен ұстаздық тәжірибеден газет, журналдарда беріліп жүр. Бірақ бұл мақалалар осы сабактар окушы белсенділігін арттыру, шығармашылығын дамытуда қалай ұтымды кажет деген сияқты әдістемелік, жүйелік жағынан толық түсінік бере алмайды.

Әйткені осындай педагогикалық зерттеулерде жалпы окушы белсенділігі, таным әрекетін белсендіру мәселелері тек шығармашылық қабілеттерінің қалыптасатынын және бала шығармашылығының дамуының маңызды екендігін атапötумен шектеледі. Ал оқыту мазмұнында сыныптан сыныпка жоғарлаған сайын окушы шығармашылық қандай қорларының, қалай дамуының педагогикалық тұрғыда теориялық негізделуі жеткіліксіз.

Біз көтеріп отырған проблема жөнінде ғылыми материалдарда жүргізілген теориялық талдауымыз окушы шығармашылығын қалыптасудың әдебиет сабакындағы теориялық тұрғыда толық негізделмегенін, сөйтіп бала шығармашылығын қалыптастыру жүйесінің толық анықталмағандығын көрсетті.

Сондыктан педагогикалық үрдіс кезінде окушы шығармашылығын қалыптастыру қажеттігі мен шығармашылығын дамытудың дидактикалық әдістемелік жолдарының жасалу деңгейінің жеткілікіздігі арасындағы қарама

— кайшылық айқын көрінеді. Аталған қарама — қайшылықтарды шешу жолдарын іздестіру осы зерттеуіміздің проблемасын береді. Осының бәрі белсенді оқытудағы дәстүрлі емес сабактардың ерекшеліктеріне байланыстығылыми негіздең, теориялық тұжырымға сүене отырып моделін құрып, оқушының шығармашылық қабілетін қалыптастыратын сабак түрлерінің жүйелі ұйымдастыруын камтам ететін әдістемесін жасау кажеттігін көрсетеді. Себебі оқыту – үздікіз дамып отыратын үрдіс болғандықтан, оны дамыту көзін табу керек. Шығармашылық табиғатының педагогикалық тұрғыда зерттеудің жеткіліксіздігі мен ұстаздар еңбегіндегі шығармашылық қабілетін қалыптастырудадағы кездесетін қындықтар арасындағы қарама-қайшылықтығылыми тұрғыдан шешу, оның педагогикалық-әдістемелік мүмкіндігін ашу кажеттігі ғылыми зерттеуімдегі тақырыбым “Оқушылардың шығармашылық қабілетін қазак әдебиеті сабағында қалыптастыру” деп алуға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілетін қазак әдебиеті сабағында қалыптастырудадағы ғылыми – педагогикалық тұрғыдан тұжырымдау.

Зерттеу нысаны: Жалпы білім беретін орта мектептегі тұтас педагогикалық процесс.

Зерттеу пәні: Қазак әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

Болжамы: Егер мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда қазак әдебиетінің оқыту әдістемесіне сүйене отырып, жаңа технологияларды қолдану мақсатында жүйелі түрде өзін-өзі жетілдіруімен ұйымдастырылса, онда білім игеру кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін сатылап қалыптастыруға мүмкін болады, сонда шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуы жоғары деңгейге жетеді. Шығармашылық қабілет оқушылардың оку іс-әрекетінде байқалады.

Зерттеудің мақсатына жету, ұсынылған болжамымызды тексеру үшін мынандай міндеттері шешілді:

- орыс сыныптарында оқушылардың қазак әдебиеті туындыларын қазак тілінде оқытуда шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың жолдарын

белгілеу;

- пән бағдарламасы бойынша ұсынылған мәтіндерді талдау, шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау, тәжірибелі-эксперимент жұмысы арқылы тексеріп дәлелдеу;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың моделін күрү.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі: Жеке тұлғалық мәні мен оның дамуындағы шығармашылық-әрекеттік тұлғалық ізгілендірушілік қатынас туралы қазіргі философиялық қағидалар: табиғат, қоғам, адамдардың өзара байланысы мен диалектикалық бірлігі туралы ілімдерді қамтып көрсететін таным теориясы және дидактикалық принциптер.

Зерттеудің жетекші идеясы: Оқушылар белсенділігін арттырудың дидактикалық, ғылыми-теориялық негіздерін тұжырымдау арқылы жас үрпақтың шығармашылығы адам болып шығуна ықпалын тигізу.

Зерттеу әдістері: Зерттеліп отырған мәселеге қатысты бұрынғы Одақтағы, көрші мемлекеттегі зерттеулерді, әдістемеші-мұғалімдердің озық тәжірибелерін жинақтау, ғылыми-әдістемелік басылымдарға теориялық талдау жасау, педагогикалық эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижелерін өндөу және корытындылау, бақылау, әңгіме, баяндау, сауалнама, зерттеудің статистикалық әдістері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- орыс мектептерінің 7-8 сыныптарында қазақ әдебиетін оқытудың әдіс-тәсілдері белгіленіп, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға байланысты әр түрлі әдеби тапсырмалар беріліп, оқушылардың көркем шығармаға қызығушылығын арттырудың тиімділігі танылды;
- казак тілінде мәтіндерді еркін түсініп талдау менгертуге арналған әдеби мәтіндердің көркемдік әлемін, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін түсінуге бағытталған әр түрлі әдеби тапсырмалар, ауызша журнал, өздік жұмыстарының ұтымды жолдары карастырылып, тәжірибе арқылы ғылыми негізде дәлелденді;
- казақ әдебиетін орыс мектебінде оқыту әдістемесін толықтырады, оның осы бағытта дамуына жол ашады;

- зерттеу жұмысында ұсынылған қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру барысында қолданылған оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін, әдеби тапсырмалар жүйесін орыс сыныптарда косымша материал ретінде пайдалануға болады;
- оқушылардың қазақ әдебиеті сабағында шығармашылық қабілетін қалыптастырудың моделі жасалды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:

- зерттеуде ұсынылған жұмыс түрлерін, әдіс-тәсілдерді оқытушылар орыс бөлімдерінде өтілетін қазақ әдебиеті сабағында әдістемелік көмекші құрал есебінде басшылыққа алуына болады;
- зерттеуде айтылған ой-тұжырымдар мен бақылау нәтижелерін қазақ әдебиетін орыс сыныптарында қазақ тілінде оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатында қолдануға болады;
- зерттеудің нәтижесі орта мектептің қазақ әдебиетінен сабак беріп жүрген мұғалімдерінің мамандықтарын жетілдіруге пайдаланылды.

Корғауға ұсынылатын қагидалар:

- әдіс-тәсілдер арқылы жүргізілген жұмыстар жүйесі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың ең қажетті, мазмұнды тілдік материалды менгеруге көмектесетіндігі;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың моделі;
- әдеби тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тірек болатын қатысымдық тұлғаларды басшылыққа алу ұтымдылығы.

Зерттеу базасы:

- оку үрдісінде оқушылардың шығармашылыққа жетудің критериилері зерттеу эксперименттік базасы Павлодар қалалық №28 мектебінің 7-8сыныптың оқушылары.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы:

Диссертация мазмұны бойынша Павлодар облыстық халықаралық ғылыми- практикалық конференциясында «Оқушылардың шығармашылық

кабілеттерін казак әдебиеті сабағында қалыптастыру» атты тақырыпта ғылыми баяндама түрінде талқыланды. «Жобалау әдістері технологиясын пайдалану арқылы оқыту тиімділігін арттыру» тақырыбында «Павлодар университетінің хабаршысында» мақала ретінде баспаға шықты. Павлодар қаласының мектептерінде сабак беріп жүрген мұғалімдеріне «Шығармашылық шындаубасты бағыт» атты тақырыпта семинар өткізілді.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі:

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

І БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДаҒЫ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

1.1. Мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың бағыттары

Педагогика үшін анықтаушы сұрақтардың бірі-кез келген әрекет барысындағы баланың позициясы, оның әрекетші ретіндегі белсенді және өзіндік рөлі. Бастьы – әрекет кезінде ол біреудің тапсырмасын пассивті орындаушы емес, белгіленген мақсатты шығармашылықпен іске асыруши, әрекет етуші объектісін жаңадан жасаушы, косымша міндеттер үстанушы жасампаз белсенділігі. Жеке адам белсенділігі – оның болмысындағы негізгі мәселенің бірі. Әрекетшілік – тіршілік мәнісінің бәріне тән өз бетімен жауап кайтару қабілеті. Адам белсенділігі өз қажетін қанағаттандыру үрдісі кезінде көрінеді. Жануарлардың әрекетшіл мінез – қылышымен адам белсенділігі арасындағы айырмашылық осыдан көрінеді.

Адам белсенділігі, бұл әрекетшіліктің көзі – адам қажеттілігі. Қажеттілік оны тәрбиелеу барысында қалыптасады. Бала белсенділігі, оның дамуы барысында оқыту мен тәрбиелеу әсерінен саналы бағытталған әрекет калпына келеді. Фалым психологиялардың пікірінше жалпы ағза анатомиялық, психологиялық қасиеттері мен бастьың қандай да болса қасиеттерінің дамуына жүйке жүйесі мүмкіндік жасап, тұа пайда болуы мүмкін, бірақ бұл мүмкіндіктер тек тәрбиеге байланысты іске асады.

Дүниеге адам биологиялық тірі ағза, биологиялық Homo Sapiens түрінің өкілі ретінде келетіні белгілі. Адам кейпіне айналу үшін ол өзінің іштен тұа біткен үйренуге деген қабілетін жүзеге асыру негізінде, әлеуметтік мәдени ортада өмір сүріп, мәдениет күрылымында басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы керек. Өзінің онтогенездік дамуы барысында индивид ретінде, жеке тұлға ретінде, дара (индивидуальность) ретінде қалыптасады.

Білім беру жүйесінің қай саласында болса да карастырылмай кетпейтін жеке адам қалыптасуының ең басты компоненті – өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-

өзі дамыту, өзін пайдалану 1-суретте көрсетілгендей өзін-өзі ұйымдастыру, дамыту – бұл өзін жетілдірудегі саналы жұмыс.

Казіргі кезде ғылымда тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруына тәрбиелеу жөнінде яки түрлі пікір қалыптасқан. Олардың бірі-өзін ұйымдастыру тәрбиеге байланысты десе, екіншісі – тәрбиеге байланыссыз деп тұжырымдайды . көпшілік ғалымдар тәрбиеге байланысты деген пікірді қуаттайды. Шын мәнінде адамның барлық жақсы қасиеттері, жақсы сапасы тек қана биологиялық емес әлеуметтік жағдайлардан да болып, ол өмір бойы игеріледі. Орта тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру қабілетінің дамуына қажеттілік сферасы арқылы әсер етеді. Өзін дамыту, пайдалану адамның интеллектуалдық ерекшелігіне және еріктік бағытта болатын әрі қарай әрекетке дамитын қабілет. Бұл қабілет жоғары деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытады. Өзін жетілдіру, өзін-өзі ұйымдастыру үшін қажетті аса маңызды қасиет – ол салауаттылық.

Әйткені ол үшін денсаулық мәдениеті, еңбек қабілеті, рухани байлық қажет, сонда ғана адам өзін-өзі женеді, жетілдіреді, бұл женістің төресі. Бұл – шығармашылық.

Адамзаттан қогамдық тәжірібесін менгеруге баланың әрекеті мен міnez – қылышын бағыттайтын белсенді үрдіс – оқыту деп аталады.


Дидактиker M.Y.Лернер, B.B.Краевскийлер 70-жылдары оқушылардың шығармашылық әрекетіне көніл бөлінбегенін, оған себеп әдістер концепциясында бағыттау болмағандығынан деп көрсетеді. Зерттеушілік әдіс және проблемалық оқытудың басқа да әдістері алғаш кеңес педагогикасы номенклатурасында жоқ болып, тек әңгіме әдісі басым болғанын айтады

Ізденушілік дағды, оқудың интеллектуалды біліктілігі кейіннен барып зерттеу пәні ретінде арнайы қалыптастырылды. Себебі осыларсыз индивидтің шығармашылық дамуы қын деп барлық оқыту әдістерін тізіп келіп танымдық ойындар мен проблемалық – ізденушілік әдістер де қажет деген. Оқушылардың ойлау дербестігін дамыту, проблемалық тапсырмаларды өздерінің құрастыруы аса бағалы, өйткені соның арқасында шығармашылық әрекет тәжірібесін

менгеруге ықпал етуге болады.

Осы тұрғысында карастыратын болсак, бала дербестігін жүйелі түрде белсенді оқыту арқылы арттырып, содан шығармашылық қырларын қалыптастыруға болатындығы көрінеді.

Оқушылардың өзін-өзі дамытудың жетістіктері



1-сурет.

Сонымен, ғалымдар мен педагогтардың заман талабына сай оқу тәрбие

ұрдісін жетілдірудегі негізгі нысана етіп ұстаған принциптері мыналар екенін анықтадық: білім беруді оқушыларда акпараттар корын толтырумен шектемей, бала белсенділігі дамуының тәсілі ретінде қарастыруы. Себебі белсенділікті дамыту шығармашылық қабілітілікке жеткізеді, ендеше ол мәреке жетуді белсенді оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осы тұрғысында негіздейтін болсақ, шығармашылық қабілеттің қалыптастыруды белсенді оқытудың жүйесі қажет. Зерттеушілік әдіс, эвристикалық (демек ізденушілік) әдіс және басқа да белсендә оқыту жолдары өз қызметтерін толық орындау үшін қалай ұйымдастырылуы, қандай сабактар жүйесі керектігі әлі де зерттеуді қажет етеді.

Осы теориялық талдаудан шығатыны – оқытудағы белсенділікті арттыруға байланысты макалалар мен басылымдар көп болса да окушы шығармашылығын қалыптастырудын нақты ақ үй-есінің жоқтығы.

Олай болса қазіргі кездегі оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мақсаты – окушылардың шығармашыл ойлауын дамыту. Өйткені, әркім өмірде бір қын жағдаят кезінде икемділік пен ойлаудың талдағыштық қабілеттің қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі педагогикалық жүйеде «білім беру» ұғымы жаңа мазмұнмен толығуы тиіс. Бұл дегеніміз-әдебиеттен білім беруді мәдени жүйеде қарастырып, окушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, шығармашылық тұлға қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу үрдісі ойлап табу немесе жаңалық ашуға мүмкіндік туғызуудың пайда болуында жағдай жасауы керек.

Окушылардың шығармашылық ойлауын табысты дамыту–тән оқу-тәрбие үрдісі кезінде баланың жүйелі түрде белсенді интеллектуалды ізденіске тартылуы арқылы ғана мүмкін. Окушы осы кезде туындаған оқу проблемасын салмақтап, негізделген және жан-жақты тексерілген шешім кабылдайды, оны практикада жүзеге асырады. Сөйтіп, окушы «жаңа» ғылыми білімді игеруші болып, шығармашыл зерттеушілік тәсілдерін үйренеді.

Акпаратты сабактар дидактикалық традиционализм және біржактылығымен белгілі. Өйткені, онда окушылар танушы, бірлесіп әрекет жасайтын субъект емес, енжарлы әсер етуші объект. Оқу үрдісінде мұғалім

өзінің де, оқушының да әрекетін ұйымдастыруши, жүргізуі болғандықтан субъект болып саналады. Оның әсер етуші объектісі – оқушы, сондыктан балалардың оку жұмысының пәрменділігінің артуы мен соңғы нәтижеге жетуі мұғалімнің қолында. Егер мұғалім оқушы әрекетін катаң басқарса, жеке тұлғаны калыптастыруда мақсатына жете алмайды, тек тиянакты, ақылды орындаушы ғана дайындайды.

Әмір, тәжірибе керсетіп жургендей «өте жақсы» деген баға алып журген оқушыларымыз аса шығармашыл болып жүр ме?

Немесе біледі деген оқушылар тек кейде шығармашыл тұлға болып, керісінше эрудициясы төмен балалар кей кезде шығармашыл болады? Шығармашыл болу үшін білім-білік дағдылардан басқа оқушы нені игеру керек? Әйткені, кейде білім оқушының қабылдануына көнбейтін кездері болады. Басқаша айтқанда, біле тұра істей алмау немесе біліп, істей алып, бірақ етene тудыра, шығара алмау оқушылар шығармашылығын тек 11 жыл бойы мектепте оқыганда айтканды орыннату мен есте сактау арқылы дамытуға болмайды. Ол тек балаларды үнемі шығармашылық тұрғыдағы жұмыстарға тартумен, бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар мен шешуін таба алатын міндеттер жүктеу арқылы болады. Тапсырма барлық жағдайда шығармашыл ойлауды дамыта бермейді. Берілген тапсырманың жауабы мұғалімнің, не оқулық авторы бетен дайын үлгімен шешілсе, оқушыдан өзіндік шығармашылық талап ете алмайды. Осы кезде оның әрекеті еске түсіру сипатында болады. Шешу жолын өздері тауып, ойлау әрекеті өз бетімен болса ғана шығармашылықтын дамуына тұрткі болады.

Гераклиттің «Көп білгендік ақылға үйретпейді...» деген ойы афоризмге айналған. Бұл данышпандық пікір келелі проблеманы қозғап отыр. Әйткені тек оқып білім алу-ақылдың тәсілі емес. Ең қауіптісі білімділер көп-ақ, солардың арасында тәрбиелері шамалы «кез келген оқушыны адамгершілікке барынша тәрбиелемесе қогамымыз моральдік адамгершілік, парасат жағынан толығынан дағдырыска ұшырауы мүмкін». Осы мәселелер жөнінде ғұлама ғалым Эл-Фараби еңбектерінде, Ұлы Абайдың ілімінде де (кара сөздерінде) ғылым игеру, тәрбие (акыл) төнірегінде өрбиді [42, 24].

Оқыту ғылымды білімге айналдыrsa, тәрбиелеу дегеніміз – өте қысқа мерзімде жеке адамға беріліп менгерілуі тиісті мындаған жылдар бойы адамзат жасаған, тиянекты мәдени деңгейдегі жаңа мағына және құндылық тудыру. Оның өлшемі-адамның қылышы.

Шығармашылықтың астында қоғамдық мәнде белгіленген жаңа түпнұсқалық өнімді құрайтын қызмет жатыр. Шығармашылықтың мәні-акикатқа жақын, ғылыми болжамды тырысумен құрай, тәжірибелі дұрыс жасап, болжап шешумен нәтижеге жемісті жорамалмен жету.

Адамзат күн сайын көптеген істер атқарады: үлкенді және кішілі, жәй және курделі. Эр іс - міндеп. Міндептерді шешуде шығармашылық қарекет болады, жаңа жол немесе небір жаңалық құралады. Міне мұнда ақылдың ерекше сапа, құндылығы қажет. Атап айтқанда байқағыштығы, бірнеше фактілерді салыстыра және талдай алу, байланысын табу, яғни шығармашылық қабілеттілікті құрайды. Эдеттегі балалар әр түрлі және потенциалды қабілеттермен иемденген.

Білім берудің қосымша міндепті-балалардың қызметін қызықты, қолайлы түрде жетіктіру және айқындау. Көптеген жағдайларда нәтижелер соншалық әсер ететіндей дәрежеде болғаны сонша, окушылардың жұмыстарын көргендер еріксіз леппен: «Бұл – қабілетті, дарындылардың тағдыры!»-деді. Алайда, шартты жағдайда әдеттегі балалар жұмысты масаттана, шамдана орындаиды. Біздіңше, қабілетті жетіктіру-окушыны қаруландыру, яғни қолына кілт ұстасып жұмыстын орындалуына бағыт беріп, жағдай туғызу, дарындылықты айқындау.

Қабілеттілік енбекте жай көрініп қана қоймай, ол қалыптасады, дамиды, енбек барысында өзінің жемісін табады, ал әрекетсіздікте жайылады.

Шығармашылық қабілет кімге қажет?

Ғылыми – техниканың алға басуы сан мен сапаға, шығармашылық қабілеттілікке байланысты. Олардың қабілеттілігі ғылым, техника мен өндірістің тез дамуын қамтамасыз етеді. Оларды халықтың күш жынтығының, ақылдылығының өсуі, жоғарылауы, -деп атайдыз.

Сонда барлығы жаратушы болуы керек пе? Мә! Кейбіреулер шамасы келгенше, ал енді біреулер жоғары дәрежеде, бірақ міндепті түрде, бәрі. Сонда

қабілетті және дарынды балаларды қайdan табу қажет? Бәрімізге мәлім, табиғат дарындыларға жомарт емес. Олар гаухар сияқты сирек кездеседі... кезінде француздың ұлы ағартушысы Жан Жак Руссо: «Бала бойындағы табиғи дарын мен қабілеттің көзін ашып, адамның шығармашылық қалыптасуына көмектесу деп қарады. Баланы күш көрсетіп зорлау емес, дұрыс бағыт беру, өз еркімен құлшындыру қажет», - деп орынды көрсетті[32, 92].

Оқушы шығармашылығы дегеніміз-ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бірізділіктен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық түрғыда жетелеп өзін-өзі дамытатын ой енбегі. Осындай ой енбегінің негізінде білім игеруге, оқуға, баланы жан-жақты дамытып шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады.

Адамзатты жалпы тарихтың өрлеуімен байланысты қарасак, әлеуметтік шығармашылық маңызды түрлердің біріне техникалық шығармашылық жатады. Ол үшін оны дамытудың маңызды құрастыруышы саналатын мектеп оқушынын техникалық шығармашылық түсініктеме құрамы мен құраушы элементтері туралы мәселені шешу қажет. Белгілі педагогикалық зерттеулері жоқ балалар шығармашылығының физиологиялық – психологиялық негізі бар екендігін айқындал бергені мәлім.

Оқушылардың шығармашылық іс - әрекет үстінде сатылық өту кезеңі, белсенділігі мен қызығуы бізге мәлім. Бұл іс - әрекеттерді жүзеге асыру үшін тұлғаның бойында өнертапқыштыққа тән қасиет – қабілеттің қалыптасуына жол ашу керек.

Шығармашылық нысанды даярлау қандай жағдайда да жүзеге асса да, оқушы үшін ештеңе өзгермейді. Ол бұрынғысынша шығармашылық нысанды жасауға талаптанады. Дегенмен, бұл жағдайда шығармашылық мектеп оқушылардың қабілеттің дамыту мақсаты көзделетін педагогикалық үрдістің құралдарына айналады. Бұл құрал енді оқушыға емес, педагогке тиесілі болады.

М.Скаткин оқушылардың шығармашылық іс - әрекеті мәселелерін зерттей келе шығармашылық азғантай таңдаулы адамдарға ғана емес, кез келген адамдарда да болады деп тұжырымдайды. Осыдан барып қазіргі заманғы мектеп алдына койылатын ізгілікті міндет – барлық оқушылардың

шығармашылық қабілеттерін барынша дамыту орындалатын міндетке айналады.

Оқушылардың шығармашылығын дамытудың мәселелерін шешу, бір жағынан дүние-мұлік күйінде берілген ұлттық байлығымызды игеру және оны көбейтуіміз кажет, екінші жағынан дара тұлғаның дамуын қамтамасыз етіп, оның субъективтің өзіндік ортасын байыту кажет.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушылардың пәнге деген қызығуы мен қажеттілігінен туады. Өз білімін көтеру жекеленген оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттырады. Оқушылар әдептегіше оқыту барысында алдымен білім алады, ал сонаң соң оны қолдану ары карай шығармашылыққа үйлеседі. Оқытудың эвристикалық технологияларын пайдаланып, мәселелерді шешіп, жеке мәселелерді жалпылап, қорытынды жасауға жетелеу керек.

Қай заманың болсын мұғалім алдымен ұлы Абайдың “Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” дегендегі, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, шығармашылығы мол еңбекшіл парасатты азамат болуы керек. Мұғалім өз кезегінде саналы, білімді, дарынды, шығармашылық қабілеті бар жеке тұлғаны шығаруы кажет. Сондықтан XX ғасыр мұғалімге қойылатын талаптар ауқымы төмендегідей:

- жеке көзқарастары бар және оны қорғай біletін тұлға болуы керек;
- психологиялық-педагогикалық білімділіктерін жетілдіріп үйренумен қатар шебер қолдана білуі тиіс;
- білім негізділігін өз бетінше оқып үйренуге оқушыларды баулу.

Әмір құбылысын педагогикалық түрғыда қабылдап бағалау, өсіп келе жатқан тұлғасына қарым-қатынастың педагогикалық бағытын қалыптастыру мынадай фактордың өзара әрекеттесуінен туындейдай:

- a) зерде ой-санасы;

- ә) эмоция және ырық;
- б) тәжірибелік іс-әрекет.

Адам ой-әрекетін табиғаттан даяр күйінде алмайды, ол ойлауды үйренеді. Ұстаздың міндегі – осы үрдісті шебер басқара білу, тек ойлау іс-әрекеттің нәтижесін ғана емес, оның қалыптасу барысында бақылап отыру.

Оқыту барысы оқушылардың тану белсенділігін арттыратындей, олардың өз бетінше танымдық ықылас-ынтасын, шығармашылық әрекетін дамытатындей етіп ұйымдастырады, танымдық қасиеттің дамуымен бірге баланың қабылдағыштық, байқағыштық, білімге құмарлық, ізденімпаздық сияқты білімді жақтары жетіле түседі. Сонда ғана біз алдымызда келешектегі кесемізді көгертер, көрпемізді ұлғайтар біртуар, кесек тұлғалар қанаттанып шығатынына кәміл сеніміз мол.

Педагогика ғылымы мектеп алдына жеке тұлғаны қалыптастыру міндегін әлдеқашан-ақ қойғанымен, шын мәнінде оның жүзеге асуында әлі де толық шешімін таба алмай отырған мәселелер жеткілікті. Ол үшін оқушылардың даму деңгейіне сай білім беріп қоймай, сонымен бірге олардың белгілі ғылым саласына қызығын, қабілетін дамытуына, өз ортасындағы өзгерістерге сай сабактан тыс уақытта өз бетінше дамыту жолдарын қолдана білуге дағылданыруымыз қажет.

Оқыту, білім беру деген сөзден “нені қалай оқыту керек?” деген сұрақ туады. Осы сұраққа алдымен Абай тілімен жауап берейік. Абай білімді менгерту, қабылдау, тану жайында педагогикалық теорияға үйлесімді даналық пікірдерді дәл ұстанған: қабылдау, ұғыну, ойлау, пайымдау, игеру, бекіту, жүзеге асыру, қолдану, іздену...

Осы бір ұлағатты ой тауып айтылған даналық. Бүгінгі шығармашылық негізде қабылдау болмаса, ойлану құр далбаса, пайымдау да жоқ. Сондықтан ұстаз осындай үйлесімді жүзеге асыруы тиіс.

Халқымыздың ұлы ойшылы, акын Абай “Ол бесінші қара сөзінде”: “Әуелі-пенде адам болып жаратқан соң дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды екен, сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам орынды іске қызығып,

күмарланып, іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойласа көніл сүйсінгендей болады екен...” – деп орынды іске қызығу, шабыттану, адамдардың шығармашылық қабілетінің артуына негіз болады[42, 35]. Танымдың қасиеттің дамуынан көзкарас, ой түсініктері шығармашылық әрекеттері қалыптасады.

Білім беру жүйесінде біздін республикада бүгінгі оқытудың дамытушылық ұстанымдағы кезеңге былай мінездеме беруге болады: оқытудың дәстүрлі сипатынан жаңа технологияларына көшу. Негізгі бағытта тек қана оқушыларды өздерінің табиғи дарындылығын ескере отырып, ішкі қабілеттерін дамыттын және оған қолайлы жағдай туғызатын түбегейлі дидактикалық жүйе тұрғысынадагы амалдарды іріктеудің шеберлігін игерудегі ұстаздардың зертханалық іс әрекеті.

XX ғасырдың сонында адамдар жаңа технологиялық толқынының күәгері болды. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс қуралдары, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, жаңа ғылыми жаңалыктар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізеді және таң қалдырады. Бірақ, өкініштісі, тікелей адамдармен байланысты, оның ақыл-онын және рухани дүниесін қалыптастыратын технологиялар өзгерген жок.

Қазіргі педагогикалық зерттеулер (В.Беспалько, В.Монахов) жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асуы үшін оны технологияландырудың қажет екенін дәлелдей отыр.

Педагогикалық технология мынадай төрт негізгі шартты қанагаттандыруы тиіс (В.Беспалько):

- педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспромттарды жоюы қажет;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін анықтайтын жобасының негізделуі қажет;
- оку мақсатын диагностикалық тұрде анықтап, оның менгерілу сапасын дәл тексеріп, бағалау қажет;
- іс жүзінде оку үрдісінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Болашақ үрпактың жеке тұлға болып және шығармашылық қабілетінің қалыптасуына білім беру жүйесін ізгілендіру, оны оқыту үрдісінде ұтымды

пайдалану уақыт талабы болып отыр. Өйткені жеке адамдардың рухани дамуынсыз өркениеттің дамуы мүмкін емес.

Қазіргі мектеп оқулықтарының құрылымы саралап оқытуға мүмкіндік жасамайды, педагогика ғылымының жетістіктері мен жаңашыл педагогтардың тәжірибелерінің оқулықтарынан орын алудың киыннатады, оқытудың ұтымды жағымен ынталандырмайды, қазіргі компьютерлік техника бағдарламамен қамтамасыз етілмеген және әлемдік интернет жүйесі ұсынатын технологиямен байланыспаған. Оқулықтар толықтырылып және жаңартылып отырылуы тиісті. Оқулыққа әдістемелік блоктар мен ақпараттық материалдар енгізе отырып, оқушыларды жұмыстың мәселелік және іздену түріне негіздеу арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағыттау, яғни, дәстүрлі оқытуда қалыптаскан оқытудың әр алуан тәсілдерін, шығармашылық элементі бар, терең деңгейлі мәселелік оқытумен ауыстыру керек.

Сонымен ізденімпаз жеткіншекте білім беруде жаңа типті оқулыктардың мынадай ерекшеліктері болуы керек:

- ғылыми ұстанымға негізделген теорияларды, терминдерді бейнелеуі керек;

- іргелі білімге бейімделіп, үздіксіз оқытуға негізделуі және тәжірибелік іскерлікті қалыптастыруға қызмет етуі керек;

- оқулықтың негізгі мәтіні және жүйелі тапсырмалары саралап оқытуды қамтамасыз етуі керек.

- оқулықтың өз бетімен жұмыс істеуін белсенді ынталандырып, олардың репродуктивті емес, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруі керек (мұғалім бұл жерде оқушылардың білім игерудегі өзіндік жұмысының жетекшісі);

- оқушылардың жас шамасын ескере отырып, мәліметтің түйінді мазмұндауын кеңінен қолдануы керек;

- оқулық қазіргі қалыптаскан ғылымилық пен оңайлыктың арасындағы сәтсіздікті жойып, оқушылардың ақылына ғана емес, әсерлеріне де негізделуі керек.

XX ғасыр – қатан бәсеке ғасыры. Еліміздің білім беру жүйесіндегі

әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Қазақстанда білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасып, жаңа білім парадигмасы бірінші орынға жеткіншектің білім, білік дағдысын қалыптастыру емес, тұлғаның ақыл-ой, шығармашылығын дамытуды көздең отырғандықтан, ұстаздардың міндегі мектепте әдебиет сабағында шығармалар арқылы ақыл-ой еңбегінің мәдениетін арттырып, ой ұшқырлығын шындаپ, қоғамда ой-санана алуандығын жетілдіру арқылы шығармашыл, ізденімпаз тұлға шығару. Білімді жетілдірудің психология-педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегідей сипатталады:

- бұрынғы менгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ой, шығармашылыққа бағытталуы тиіс;
- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой, шығармашылықтың динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- орта деңгейдегі білім беру бағдарламаларынан жеке саралап оқыту бағдарламаларына өту;
- мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы.

Білім негізінің мазмұнын айқындаудағы жетекші идея-жалпыадамзаттың және ұлттық құндылықтар, олардың өзара байланыста бірін-бірі толықтырылуы, білімді демократияландыру, ізгілендіру, ғылымиандыру бетке ұсталады, білім беру сатыларының сабактастығын камтамасыз етерін білім беру үрдісінің үздіксіздігі негізге алынады. Халқымыздың рухани байлығы мектептегі әдебиет сабағының мазмұны, зерттеу нысаны. Рухани өмірдің қажеттерін өтеудегі адамзат қоғамының ең жоғарғы құндылығы шығармашылықтан туады. Толеранттық сабактар оқушыларды өзін-өзі түсіне білінуіне, мәтіннің мазмұнын таразылай алуына, өзіндік қабілет, бейімділіктерін дамыта түсінуіне мүмкіндік береді. Өзін-өзі бақылау арқылы және өзгені тани алатын, ізгілік пен парасаттылыққа жетелейтін өзіне сенімді, шығармашыл шәкірт тәрбиелеу- бұл әдебиеттің негізгі ұстанымдары деп білеміз.

Адам қоғам өмірінің дамуына байланысты үнемі козғалыста, әрекетте болады. Ол әлеуметтік тұрғыдан неғұрлым жоғары көтерілген сайын оның жеке тұлға ретінде құндылығы өсе түседі. Жеке тұлғаның негізгі белгісі – оның

белсенді, белгілі мақсатты көздеңген әрекеті. Тұлғаның даму мәселелерін теориялық талдау үшін маңызды. Мұғалім әрекеттің әр түрін оқушыны дамыту мүмкіндіктері сол мүмкіндіктерді жеке тұлғаны қалыптастыруда қолдануы қажет.

Оку әрекеті- оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен құралатын құрделі әрекет. Оқыту- мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оку- баланың өзінің танымдық, тәжірибелік әрекеті. Сондай-ақ таным әрекеті жеке тұлғаның шығармашылық деңгейін көрсете алады. Оқушылардың танымдық белсенділігінің қалыптасуы, жоғары деңгейде дамуы оны шығармашылық әрекетке әкеп тірейді.

Психология-педагогикалық әдебиетте шығармашылық әрекеті әрекеттің эмоционалды-еріктік жағымен байланыстырылады, яғни жеке тұлғаның бойындағы батылдық, ойлаудың стандартты емес түрі, рефлекстік-болжамдық кабілеттер, оптимизм, табандылық, жаңалыққа құмарлық т.б. эмоционалдық ерекшелігіне көніл аударылады. Бірақ, жеке тұлғаның бойындағы шығармашылық үрдісті баяуларатын жағымсыз қылыштар да болуы мүмкін. Бұған әуелі оның өзін тәмен бағалауы, соған байланысты пайда болатын сенімсіздік жатады. Сондықтан мұғалім бұл қылыштардың оқушыда болмауына жағдай жасауы қажет.

Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау- өте құрделі үрдіс. Оқушылардың шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады. Егер шығармашылық оқушылардың жас кезінде бағалы бағдар болып қалыптаспаса, онда болашакта да оның қалыптасуы екіталай. Сондықтанда оқушылардың шығармашылық әрекеті өнімді әрекетпен ұштасып жатуы тиіс.

Өнімді әрекеттің негізгі сипаттамалары мыналар:

- өнімді әрекет- педагогикалық үрдіс, яғни оған жүйелілік тән. Өнімділік оқытудың тек белгілі бір кезеңіне сай емес, бүкіл үрдіске тән белгі болып табылады;
- өнімді әрекеттің мақсаты-жеке тұлғаны дамыту, оку үрдісінде оған ерекше көніл аударылады;

- өнімді әрекет кесіптік сипатқа ие, яғни ол реалдық қоршаған орта жағдайда өнім алуға бағытталады;
- өнімді әрекеттің әлеуметтік сипаты оның қоғам үшін маңыздылығында, пайдалылығында.

Өнімді әрекеттің мақсаты- оқушылардың оку үрдісінде мүмкіндіктерін көрсетуіне жағдай жасау. Оқушы жинақтаған білімін әрекет үстінде қолданып отырады, өзінің бар мүмкіндік, қабілеттерін дамыта түседі. Соның корытындысында оқушы жан-жақты, үйлесімді тұлға ретінде дами алады.

Сонымен корытындылай келе мектеп қабырғасында оқушы білім стандартына сәйкес білім алушмен қатар ғылым көкжиегіне көз жіберіп, зерттеу мен зерделеуді саралап саралтауға үйрене бастауы тиіс. Бұтінгі күні өте қабілетті оқушыларды іріктең, олардың дамуына жағдай жасау- кезек күттірмейтін іс. Оқушы қабілетін толық ашу тек оқушы үшін ғана емес, ең алдымен, қоғам үшін маңызды демекпіз.

1.2. Мектепте қазақ әдебиетін оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Қазақ әдебиеті революцияға дейін өз алдына дербес ғылым болып қалыптаса алмады. Ол кезде қазақ әдебиеті осы күнгі Әдебиет тарихы, Әдебиет сыны деген сияқты әдебиет тану ғылымының салаларына бөлініп зерттелмеген еді.

Қазақ әдебиетінің толық зерттелмеуіне казактың орта және жоғары дәрежелі мектептерінің болмауы, сонымен қатар жазба әдебиеттің өте нашар дамуы да себеп болды. Алайда отызыншы жылдарда қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті тарихының кейбір мәселелері түбекейлі және толық шешілмеген, ұзын - ұрғасы, жобасы көрініп қалған еді. Міне, осы кезеңнен бастап қазақ әдебиеті өзіне тән тарихы, сирек, жүйесі бар дербес ғылым болып қалыптасып орта және жоғары дәрежелі оку орындарында ғылыми оку пәні ретінде оқыла бастайды. Демек, жалпы білім беретін мектепте қазақ әдебиетінің оку жоспарына еніп, дербес оку пәні ретінде оқыла бастауы 1930 жылдан есептеледі. Казіргі орта мектепте оқылатын қазақ әдебиеті ғылыми негізде күрылған тұракты бағдарламалары мен окулықтары бар, көптеген озат

тәжірибелері, шебер ұстаздары бар негізгі оқу пәндерінің бірі болып отыр. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі педагогикалық ғылымдар саласына жататын ғалыми пән болғандықтан, ол өзінің теориясын, ереже-қагидаларын педагогика ғалымдарына, яғни соның теориясына неғіздейді. Бұл жағынан алып қарағанда, педагогика әдістеменің жетекші басшысы, ақылшы-кеңесшісі сияқты. Мектептегі өзге оқу пәндері сияқты, әдебиет пәнінің де өзіне тән өзгеше материалы, өзінің мазмұны бар. Ақын-жазушының өмірбаяны мен шығармашылық жолын өту, әдеби-көркем шығармаларды оқу, мазмұнын ұғыну, талдау, әдеби-теориялық мәселелерден мағлұмат беру, ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстары, сыныптан тыс оқу жұмысы, әдеби-шығармашылық, драмалық және басқа үйірмелер, түрлі серуен- экскурсиялар т.б. осылардың барлығы да оқушыларға берілетін әдеби білімнің салалары болып есептеледі. Осылардың негізінде олардың әдеби білімдері дамып, кеңейіп, терендеп өрістейді. Көркем әдебиет өмір тану құралы ретінде оқушылардың дүниеге материалдық көзқарасын қалыптастырады, ізгі-ой сезімдері мен алға ұмтылуышылық оқытуда көркем әдебиеттің сөз өнері ретіндегі өзіне тән сыр - сипатын, ерекшелігін ескере отырып, оның білімдік, танығыштық, тәрбиелік жактарын оқушылардың сана-сезіміне жеткізіп, көкейіне құйып отырады. Әдебиет сабактарында оқушыларды тәрбиелей отырып оқытумен қатар, олардың жалпы дамуын, әсіресе қабілеттерін, дағдыларын, біліктерін дамытуға зер салады. Демек оқушылардың кабілеті, білік – дағдысы жөнінен дамып, жетілу олардың алға ұмтылуышылық, өршіл идеал-арман-тілектеріне жетудің мыкты қуралдарының бірі болып табылады. Әдебиетті оқытудағы басты, жетекші принцип мұғалімнің басшылық ролі мен оқушылардың сабактың барысында және одан тыс уақыттағы жұмыстарда белсенділікпен катысып, араласып отыруына негізделеді. Демек басым роль мұғалімде болғанымен, оқытудың сапалы, нәтижелі болуы екінші жағынан оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарына келіп тіреледі.

Оқушылардың өздігінен орындастын жұмыс түрлері сыныпта да, үйде де жүргізіледі. Сыныпта істейтін тапсырмалар мұғалімнің тікелей бақылау, басшылығымен орындалады. Мысалы: ақын-жазушының өмірбаяндық

материалының кажетті жерлерін дауыстап немесе іштей оқып, түсінгенін әнгімелеп айтып беру, көркем сөз мәтінін троптың, фигураның тұрларін айыру, өлең сөздің шумақ, тармақ, буын құрылышын, ұйқасын айыру, дыбыс қайталаулары, шығарманың кейіпкеріне түрлі мінездемелер жасату, мәтіннің, түрлі мазмұндама жұмыстарының жоспарын құру (тізу) т.б.

Ал үйде орындастын тапсырма жұмыстарының сыныптағыға қарағанда өзгешелігі бар. Мұғалім тапсырманың ерекшелігі, оны қашан, қалай орындалап келу жайында оқушыларға түсініктеме береді. Алайда оқушылардың тапсырманы орындалап шығуы жөніндегі ауыртпалық сыныптағыдан гөрі арта түседі. Ұқыпты, тәртіпті, алғыр, зирек оқушылар мұндай тапсырманы дұрыс орындалап келсе, кейбір ұқыпсыз, тәртіпсіз оқушылар орындаі алмай келуі ықтимал. Әйткені, бұл жерде мұғалімнің бақылауы, басшылығы жоқ болып отыр.

Біз жоғарыда мысал ретінде оқушылардың сыныпта өздігінен орындастын жұмыстарының түрлерін келтірдік. Шынында ол жұмыстар тек қана сыныпта орындалады деп қарауға болмайды. Демек, олардың бірқатары оқушының үйде орындалап келуіне де тапсырылып отырады. Мысалы: - V және VII сыныптарда оқушылар шығарманы сыныпта да, үйде де жазып машықтанады, немесе кейіпкерге түрлі мінездеме жасау, троптың, фигураның түрлерін шығарма мәтінін тауып келуге дағыланады.

Әдеби шығармаларды түпнұсқада менгерту арқылы ұлттық салт дәстүрге сай тәрбиелеу екені дәлелденіп педагог, ғалым- психологтарымыз М. Жұмабаев, Ж. Аймаутов еңбектері, оқушылардың жас өрекшеліктеріне байланысты айткан құнды пікірлері басшылыққа алынып, жан- жакты талданады [6;17].

Кезінде Ж. Аймаутулының " Сабак беруді үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер"- деп бағалауы бүгінде өзінің құндылығымен ерекшелене түседі [6,304].

Әдебиетті оқытудың дидактиналық негізі- мектептегі әдебиет пәнінен тұтас бір тарихи кезенді ашу « суреткердің калыптасуына әсер еткен орта, жазушының ішкі», «сыртқы», «өмірбаяны», дүниетанымы, ең ақырында оның қағам өміріндегі және әдеби күресте алатын орнын ашу(барлық жағынан

зерттеулер, мектептегі әдеби топтар мен адамдардың идеялар күресін нақты тарихи дәүірдегі курделі мәселелерді қоғамдық және әдеби тартыста әр түрлі көзқарастағы адамдар тобының қалай шешекенін көрсетуі болып табылады. Бұл айту, баяндаумен бірге көрсету, көзін жеткізу керек деген ұғымды білдіреді. Мәселен, Абайдың саяси- әлеуметтік лирикасын өткенде ақын өмір сүрген заман шындығы «кеселді пысық», «қулар» мен береке- бірлігі кеткен замана бейнесін сынаған өлеңдерінен үзінділер келтіріп дәлелдеп отыру керек болады. Бұл сабактың ғылыми негізділігін сактайды[1,470].

Әдебиетті оқытуда оқытудың өмірмен байланыстылығы принципі маңызды орын алады. Өтілетін сабактың толық ұғынуын, есте сактауы үшін сабактың мазмұны, теориялық және практикалық маңызы туралы алдын- ала мәлімет беру педагогика ғылымда бұрыннан бар. Мұны, оқушылардың бастағалы отырған тақырыптың ғылыми негізі мен оның өмірмен байланысына қажеттілік сезімін оятып, назарын еріксіз аударып, қызықтыруды сабактың кіріспе бөлімі деп те атайды.

Озат тәжірибелі мұғалімдердің пікіріне сүйенсек, көпшілігі өтілетін тақырыптың өмірдегі, практидағы маңызын алдын- ала баяндау- тақырып мазмұны есте қалуының шарты деп біледі. Әйткені теория мен практиканың бірлігі- оқудың өмірмен байланыстылығы принципі негізі болып табылады.

Оқушылардың оқығалы отырған жаңа материалды менгеруге бұлай дайындау- тақырыптың мазмұны мен дидактикалық мақсатына карай түрліше болады. Бірінде- сабак оқушылардың тақырып туралы бұрыннан білген тәжірибелерін хабарлаудан басталса, екіншісінде- мұғалімнің жаңа тақырыптың ғылымдық және практикалық маңызын алдын-ала ашуының, үшіншісінде оқушылардың бақылау және практикалық жұмыстарын ұйымдастырудан басталады.

Қазіргі уақытта мектептегі оқыту жұмысы алдына балаларға белгілі дәрежеде білім беру, қажетті дағылар мен іскерліктерді менгерту, сонымен катар оқушылардың ақыл- ойын, қабілетін, шығармашылығын қалыптастыру міндетті койылған. Сол себепті мектептегі оқыту делінеді. Осыған байланысты оқыту мен ақыл- ойды дамытудың біртұтас үрдіс ретіндегі ішкі байланысын,

бір- біріне жасайтын әсер- ыпталын айқындал алудың маңызы зор. Бұл жерде барлық адамның қабілеті бірдей еместігін ескерту қажет. Оқыту арқылы адамның шығармашылық қабілетін белгілі бір бағытта дамытуға болады, бірак оның шегі жоқ емес. Сондыктан әрбір адмның өз табиғаттындағы шығармашылық қабілеті мүмкіндігін өз биігіне дейін қалыптастыру- оқыту үрдісінің міндеті.

Әдеби шығармаларды оқып үйренумен байланысты жүргізілетін жұмыстың бір түрі- шығармаға жоспар жасай білу оқушыларға көркем сөз тексінің жоспарын жасатып үйрету жұмысы әдебиеттік оқудың құрамында елеулі орын алғып, оның әр түрлі салаларымен байланысып отырады, дәлірек айтуанда, көркем шығарманы оқу, мазмұнын ұғынұ, талдау және ауызша, жазбаша тіл дамыту сияқты жұмыс түрлерімен байланыста жүргізіледі. Демек, жоспар жасау жұмысы шығарманың тақырыбы мен мазмұнын, идеялық-көркемдің ерекшілігін, композициясын ұғуға, оқушыларды шығармашылықпен ойлантуға итермелей және ойларын ауызша, жазбаша жүйелеп айта, жаза білу дағдыларына үйретеді.

Әдеби шығарманың жоспарын жасау күрделі жұмыс. Өйткені ол оқылған мәтіннің мазмұнын, оның бөлімдері арасындағы логикалық байланысты оқушылардың жақсы түсінігін талап етеді. Сол себепті бұл да, жұмыстың өзге түрлері сияқты, мұғалімнің үнемі басшылық етіп, оқушылардың әдетіне сініріп, жаттықтырып отыруын талап етеді.

Бастауыш сыныптарда женіл түрде жаттыққан оқушылар V сыныптан бастап оқушылардың бұл алған білім-дағдыларын ілгері дамытылып жұмыс көлемі, түрі мен мазмұны бағдарламалық талап-тілекке сәйкес бірте-бірте күрделене береді. Шығармадағы кейіпкерлерге дара, салыстырмалы және топтау түрінде берілетін ауызша, жазбаша мінездемеге алдын-ала жоспар жасап дағыланады.

Өтіліп отырған әдеби шығармаларға жоспар құру керек не және кай уақытта жай және күрделі жоспар жасалады, оны кесіп- пішіп айту мүмкін емес қажеті де жоқ. Мұның барлығы оқылып отырған шығарманың ерекшелігіне, оку- тәрбиелік жағдайына, мақсатына тәуелді. Демек, бұл жұмысты белгілі

мақсат, бағдарсыз, орынсыз жүргізе беруге болмайды. Ұсак формаларға жататын кейбір лирикалық өлең жырлардың жоспарын жасамаса да болады: себебі олардың идеялық- көркемдік мазмұны жоспар құрамай- ақ мәнерлеп оқу, талдау арқылы ұғынылады.

Көркем шығарманың жоспарын тізу жәніндегі оқушылардың білімі мен дағдысы сынып жоғарылаған сайын құрделене береді. Бұл жағдай мәтіннің көлемі мен ауыр- женілдігіне байланысты. Мәтіннің көлемі жөнінде көрнекті кеуес әдістемешілерінің бірі М.А. Рыбникова, С.А. Смирнов қуаттайды.

Мәтіннің ауыр-женіл болуы шығарманың түр және мазмұндау ерекшелігіне байланысты: мәселені баяндауға қарағанда, суреттеудін, суреттеуден гөрі мінездеудің, бұран гөрі диалогтың жоспарын жасау, сондай-ақ іс- оқиға жайын баяндайтын текстен гөрі, адам мінезі көбірен сипатта латын мәтінге жоспар жасау қынырақ болады. Сынып жоғарылаған сайын, кейінгі сыныптарда жүргізілген жұмыс түрі жүйеленіп, құрделеніп отырады.

Мұғалімнің шеберлігі, оқушылардың әдеби өрісі, білім, білігі, дағдысы сияқты жайттар есепке алынды. Егер жеткіліксіз болса және ондай жоспардың аса қажеті болмаса жасатудың қажеті жоқ.

Тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың бірлігі әр адамдардың жеке басы қасиеті мен қабілетінің даралығын танытатын белгі екені мәлім. Лингвистер тілді өз алдына жеке емес, керісінше адам әрекетінің бір түрі ретінде қарастырады. Тіл – тұйықталған әрекет актісі және оның өзіндік аралық мақсаты бар, іс-әрекет мақсатына тәуелді тілдік әрекеттердің жиынтығы.

Қандай да бір окулық не оқу - әдістемелік кешен үшін негізгі дидактикалық қызмет атқаратын мәтіндер мен мәтіннен тыс бөліктер жүйесі болады.

Ғылыми категорияларды педагогикалық категорияларға айналдырып өндеп окулық жасайтын басты құрал мәтін болып табылады.

Мәтін түзілу үшін төмендегідей бөліктер керек:

- (сөйлейтін) адресант;
- тіл;
- тілдесуге деген мұқтаждық – тілдік стимулдар (адамдарды коршаған

шындық, басқа индивидтер, нақты тіл).

Окушы бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдің эмоциялық жағын, дауыс ырғагын пайдаланады. Сөйлеу тілдің дамуы - өте күрделі үрдіс. Ол окушының дамуына, әсіресе ақыл-ой дамуына тікелей байланысты. Орыс аудиториясында сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Баланың жасына, жеке бастың ерекшеліктеріне қарай карым-қатынас жасай білу дегеніміз – оның жүрек сезіміне жол табу, окуына, тәрбиесіне ықпал жасай алатын жұмысалатын мазмұны мен формаларын білу және онымен дара жүргізетін жұмыстың әдістері мен амалдарын белгілеу деген сез.

Ең бастысы, өзге ұлттарға қазак әдебиетін оқытуда мәтін сөзін жеке сөз түрінде емес, сөз тіркесі арқылы үйрету арқылы шығармашылыққа итермелуе. Әдіскер – ғалымдар мәтін арқылы оқытудың артықшылықтары мыналар деп есептейді:

- мәтін арқылы окушы түсінігін, танымдық, шығармашылық қабілеті қалыптастыру;
- окушының сөйлеу іскерліктерін дамытатын жұмыстарға басымдық беру;
- окушылар бір мәтінді талдау барысында өзара ой бөліседі, пікірталасады, ортақ ой корытынды жасайды;
- мәтінмен жұмыста жаңа технологияларды, деңгейлік тапсырмаларды бірізділікпен, бірте-бірте күрделендіріп орыннатуға ыңғайлы;
- мәтін мазмұнына сәйкес түрлі тілдік жағдаяттар тудыруға, окушының кисынды ойлауын мақсатты түрде дамытуға, олардың сөйлеу белсенділігін арттыруға катысты тапсырмаларды түрлендіруге болады;
- мәтін сабактың пәнаралық байланысын қамтамасыз етеді.

Мәтін – сөйлесім әрекеті мен ойлау үрдісінің жемісі. Мәтіндік тапсырмалар бойынша тіл дамыту, шығармашылық жұмыстарды жан-жакты жүргізуға мүмкіндік мол.

Ең басты айтпағымыз, мәтінді пән бағдарламасы мен мемлекеттік стандарт талабына сай өз мәнінде, оқыта окушылардың түсініп қабылдауын

ұйымдастыру, ізденіс, шығармашылықтарына бой алдыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты деп білеміз.

Жас үрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымылық қалыптасуына әлімдік сапа деңгейдегі білім- білік негіздерін менгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын күру- жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Абайдың жетінші қара сөзінде айтканындағы адам дүниеге келгеннен бастап үнемі үйренуге, тануға ұмтылады. Оның одан әрі қызығушылығын оятып талпынта түсетін және ұмтылысына қанағаттанарлықтай жауап алуға жол аштын ата- аналар мен ұстаздар. Оның басты құралы- оқу әрекетін жүйелеп ұйымдастыру. Оқу әрекеті мұғалімнің басшылығы арқылы оқушылардың сана сезіміне бағытталуы тиіс.

Жалпы қабілеттілік дегениң өзі не? Бұл сұрапқа, «ол- жер бетіндегі жанды тіршіліктің өз тірлігіне мәні барды сактауға, оның өзінің керегіне лайықты өтуге жұмсалатын күші. Демек оқушыларды білім алуға тек мәлімет жиынтығын менгертумен шектелмей, терең білімді ізденімпаз, сол тұрғындан өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу болып отыр.

Осыған орай, педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбелеу мен оқытуға жаңа әдістемелерді колдануды өзімізге талап қылған едік. Қазақ әдебиетті пәні бойынша жобалау әдістері технологиясына қоңіл болып, оқушылардың кабілеттерін дамытуды қолданып жүрміз. Себебі казіргі білім беру жүйесін ізгілендіру, яғни білімді гуманистік принциптегі бағытта дамыту идеясымен ұштасып жатыр:

-шығармашылық ізденістер, талсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру;

-оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын келешектегі өмірлерінде колдана алуларына кол жеткізу;

-оқушылардың істейтін жұмыстарының мақсатын айқын түсінуі, жұмысты өз еркімен орындауы;

-мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі, жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі.

Жобалау әдісінің шығармашылық негізде де жан- жақты дамыған жеке

тұлғаны қалыптастыру, өздігінен дамуға жағдай жасау, сондықтан оның өзіндік танымдық, шығармашылық іс-әрікетін белсенді етуде жатыр. Оқушылардың шығармашылық әрекеті білім алу қажеттігімен ұштасады. Осыған орай, олардың дербестігі, ең алдымен қабілеттілікке байланысты, ол қабілеттілік дербестікті қажет етеді.

Оқушылардың дербес, екеуелеп, топтап оқу жұмыстарына бағатталған жобалау әдісі баланы ғылымның әр түрлі саласынан алған білімдерін интеграциялауға мүмкіндік берумен қатар оқытудың түрлі әдісі, түрлері мен құралдарын пайдалануға қарастырады. Жобалау әдісі бойынша шығармашылық жұмыста құбылысты өз бетінше талдай желіп, шағын ғылыми шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізу оқушыға кішкентай жаңалық ашқанмен бірдей.

Бұл әдіс шығармашылыққа негізделген жазба жұмыстарын жүргізуде өте тиімді, әрі оқушылардың ауызша сөйлеу тілі мен жазба тілін қатар дамытады.

Оқушылар берілген тақырыптың мазмұны мен мақсатын анықтайды (ұжымда). Ал мұғалімнің басты мақсаты осы кезеңде оқушылардың қызығушылығын ояту, ынталандыру. Шығармамен танысу, талдау, адамдардың бірынғай жақты қажеттерін: ақыл, қайрат, жүрек, - ді айттыстырады. Мәтінге жақын мазмұндайды, сұрактарға жауап береді. Іздену, ойлану жұмысына жетелеу. Іздену жұмыстарына жетелеуде мұғалім мәтін бойынша әрбір топка тапсырма береді. Он жетінші сөзінен абстрактілі түрде жайлы түсінік беріледі. Сабакты дебат /пікірталас/ ұлгісінде жүргізуге де болады. Дебат оқушының шығармашылық белсенділігін арттырады. Пікірталас - бұл топтық, ұжымдық ойлау. Оған қатысу, әр түрлі көзқарас білдіру ойды белсенді дамыта түседі, көпшілік алдында өз пікірін айтып үйренуге дағыланады, мұқият ойланып, өз көзқарасын орнықтыруға, мәселені өзінше түрлі пікірлер пайда болады. Өз пікірім пайда болады. Өз пікірім сараптап, ойларын ашық айтып, көзқарастары бір жерден шықкан қорытындыға келеді.

Қазак халкы «Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілерсін» - дейді. Қабілет әр адамға тән қасиет, жалпы қабілетсіз адам болмайды. Өмірде үнемі өзін – өзі тәрбиелеумен, білім алушмен шүғылданатын адам өз қабілетін жетілдіреді.

Халқымыздын атадан балаға қалдырған және ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасы, бай тәжірибесі жинақталған. Сондыктан тілімізге мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты тарихымызды, мәдениетімізді, бүкіл адамгершілік рухани қазынамызды ғылыми жүйеге келтіріп, оны ұрпакқа жеткізер кез жетті. Сөйлеумен тығыз байланысқан ойлау да ми қызметінің нәтижесі. Ой шындығы тіл арқылы көрінеді. Халқымыздың: «Сөз – ойдың көрінісі, ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр» - деген нақыл сөзінен ақыл-ой, шығармашылығымыз көрінеді[37,18].

Тіліміздің мемлекеттік мәртебе алып, республикалық егемендікке ие болғанына да он жылдан астам уақыт өтті. Тәуелсіз жас мемлекеттің аяғымен казір тұра бастаған кезеңнің ең басты женісі – Казакстан Республикасының негізгі Занының, Конституциясының кабылдануы болды. Бұл Зан жас мемлекетіміздің іргетасын ныктап бекітіп, оның өркениетті болашаққа барап жолдағы басты бағыттарын айқындалп берді.

Мемлекеттік Тіл туралы Зан ұлттық санамыздың өсуіне, тілімізді қолдану аясының кеңеюіне әсер етіп, тілді басқа ұлтқа оқыту мәселесіне көп көніл қойып, оны өрістетуге жол ашты. Елімізде жергілікті ұлт тілін одан әрі дамыту, қолдану аясын кеңейту мақсатында тілді өркендетудің бағыт-бағдары анықталып, мектеп оқушыларына бағдарламалар, көмекші құралдар жаңара бастады. Бұғінгі таңда Тіл туралы мемлекеттік бағдарламалардың алдында тұрған ең негізгі мәселелердің бірі-өзге ұлт өкілдерінің сөйлеу мәдениетін өркендету, өз ойын шешен, әрі тартымды жеткізе білуі және халық мұрасын жан-жакты менгерту болып табылады.

Педагог Ж.Аймауытов «Адамның сыртқы денеден алатын ұғымының дінене, яғни барлық білімнің төрттен үші көру арқылы миға жетіп орнығады. Біз қашанда басқа сезім мүшелеріміз арқылы алған мағлұматқа сене қоймаймыз ба, әйтеуір көзіміз көргенін калап тұрамыз. Көзіміз көрсе, анықтығына күмән қылмаймыз. Бұлай болса, берілетін мағлұматтың бәрі көзбен көрінетін, яғни көрнекі болуға тиісті екен дегенде терең негіз бар екен», - деп көрсетеді [43,312]. Орыс аудиториясына қатысымдық тұлғаларды тірек-сызбалар арқылы оқыту қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде одан әрі дамытады.

Мемлекеттік тілді басқа ұлт өкілдеріне қатысымдық бағытта оқыту мәселесі сөйлесім әрекеті, олардың түрлерін жетік білumen тығыз байланысты. Сөйлесім әрекеті қатысымдық тұлғалардың (сөз, сөйлем, мәтін) түрлерін менгерумен іске асады яғни, сөз, сөйлем, мәтін тәрізді коммуникативтік тұлғалар (единицалар) адамдардан өзара түсіністігін, қарым-қатынасын камтамасыз етеді.

Қазіргі білім беру мазмұнының жаңаруына, жаңа талаптар қойылуына орай мектептерде оқушылардың өз бетімен істей алу дағдысын қалыптастыру, шығармашылық бағыт беру ең қажетті проблемалардың бірі болып саналады. Сондай-ак казақ әдебиетінен білімді терең менгертуде өз ойларын ауызша баяндап айтып беруінің үлкен мәні бар.

Берілетін білімді саналы да берік менгертуде түрлі сабак көрнекіліктерінің орны ерекше, әсіресе, күрделі тақырыптарды оқытуда кестелер, сызба сияқты көрнекіліктердің дидактикалық мүмкіншіліктері орасан зор.

Графикалық сызбаларға түрлі ғалымдар әр түрлі түсініктеме бере отырып, негізінен, графикалық сызба деген-түрлі сзықтар түрі, яғни геометриялық фигуralар деп санайды. Ғалымдар Ш.Сарыбаев, И.Ұйықбаев, Д.Аймжанов, Ш.Әуелбаев еңбектерінде сызбаның түрлеріп «таблица», «схема», «курылымдық схема» деп атап, көрнекі құралдардың бір түрі ретінде ұсынады және оларды тілді оқытудың түрлі салаларына арнайды.

А.Касымбеков: «Көрнекіліктің бірқатары - құбылыс, ұғымды саралап, жүйелеу арқылы ұғындырып, есте қалдыруды көздеңен жалаң схемалар. Олардың біреулері оқушылардың көру сезімі арқылы материалды тез қабылдатып, өте есте берік қалдыруды немесе білімді жүйелі түрде тыңғылықты қабылдатуды мақсат етсе, енді біреулері оның үстіне білімді оқушылардың өздері ойлап табу қабілетін дамытуды көздейді». -дейді[44,24]. Орыстың белгілі ғалымы А.Д.Ботвинников графикалық сызбаларды қолдану барысында оқушы дағдысы, шығармашылық қабілеті әр түрлі бағытта дамитындығын айтады.

Көптеген ғалымдардың еңбектері жұмыста жан-жакты талдана келіп,

катысымдық тұлғаларды тірек сызбалар арқылы менгертудің тиімді жақтарын ажыратуға әсерін тигізді. Ғалымдардың көрнекілік туралы айтқан пікірлерінен шығатын тұжырым: сызба, кесте, сурет, таблица-бәрі көрнекіліктің түріне жататын пайдалы амал-тәсілдер. Орыс аудиторияларына тілді менгерту тірек сызбалар арқылы сөздің, сөйлемнің және мәтіннің үйретілуімен тікелей катысты.

Жалпы тірек сызбаларды дұрыс пайдалана білу тіл үйренушінің психологиялық күйіне, есте сақтау, шығармашылық қабілетіне, жадына, зеректігімен сергектігіне байланысты. Мәселен, сөз катысымдық тұлға ретінде колданылғанда ішкі мән-мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркесу ерекшелігі жағынан да, айтылымы мен жазылымы тарапынан да, дауыс ырғағына байланысты қосымша ренкімен де тіл үйренушінің назарын аудартады.

Сөйлем белгілі бір акпарат жеткізушиңің (Баяншының) бүкіл ойынан, көзкарасынан, пікірінен хабар береді. Мәтін тұтастай ой толғаныстарын жеткізеді. Осылан орай тірек сызба да күрделеніп, тармақтанған түседі. Эр сызық, әр тармақ өзіндік қызмет атқара келіп, арнайы мәлімет береді және қабылдаушы адамның санасына, көзіне, ми жүйесіне, дағдысына әсер етеді.

Сөз коршаған ортаны нақтылы мағынамен көрсете келіп, адам ойының сөйлем арқылы сыртқа шығуына негіз болады. Сөйтіп, сөз сөйлемнің жасалуына әсер етсе, сөйлем мәтіннің ұйтқысы болады. Жүйелі ұйымдастырылған сөйлемдер мәтіннің құрылымын қалыптастырады. Мәтіндегі сөйлемдер логикалық біртұтастықты көрсетеді. Айтушының пікірін ұғынықты білдіру үшін, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі дұрыс сакталуы тиіс. Мәтін неғұрлым қызықты болса, ол соғұрлым жеңіл қабылданады. Қызықты сюжетке құрылған мәтіннен оқушылар эмоциялық әсер алады. Бұл мәтіннің сапалық жағынан артықшылығын білдіреді. Мәтіннің сапасы оқушы біліміне әсер етеді. Профессор С.Рахметова бұл мәселе туралы былай дейді: «Түсініп оқуда балалардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оку барысында оқушыларда елес, ұфым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оку дегеніміз оқушының текстің мазмұнын анық, терен ұғынуы болып табылады. Бұл сөздің мағынасына түсініп, әр белімді логикалық,

психологиялық байланыстырудан келіп шыгады. Оқығанын толық түсіну балалардың мәтіндегі басты ойды айыра алуларынан, оның мазмұнына өзінің, көзқарасын білдіріп, шығармашылық қабілетке бағыт береді»[45,52]. Көру сезімдерінің, физиологиялық негізі психикалық функциялардың басқа түрлеріне қарағанда анағұрлым жоғары. Эйгілі дәрігер-физиолог И.П.Павлов дәлелдеп берді. Мысалы «келін» деген ұғымды қабылдағанда окушының көз алдына ақ көйлекті жас келіншектің иіліп сөлем беріп, жаңа түскен үйге аттап кіру, шашу, бет ашу, той, т.б. елестейді. Осы сөздің айналасындағы ұғымдар арқылы окушының ой-өрісі кеңейіп отырады. Тірек сызбалар-ойдың логикалық формасының көрінісі.

Осы орайда окушылар тірек болатын сызбаны өмірдің сан алуан кажеттігіне қарай іс жүзіне асырады, логикалық ойлау жүйесі арқылы жетілдіріп өзінше пайдаланады, осы түрғыдан төменде сызбалармен қазақ әдебиетінде катысымдық тұлғаларды оқытудың психологиялық та, педагогикалық та, танымдық та әсері мол. Олар окушыларды жаңаша ой-талпыныска, шығармашалакқа жетелейді.

Әдебиет - өнер. Әдебиет – сөз өнері. Әдебиетшінің құралы – тіл. Сөз - әдебиеттің құрылымы материалы. Өнер иесін қасиет тұтып, киелі санаған жүргіттар да бар. Суреткер болу үшін адамға тұма қабілет, табиғи дарын кажет екенін кім де кім мойындауға тиіс. Әңгіме сол қабілет пен дарынның қалай тәрбиеленуінде, қалыптасуында және дамуында жатыр.

Тұма көркемдік қабілет кез келген кісіде бар. Олай болмаса кез келген кісі өнерді де, көркем әдебиетті де жан жүрегімен қабылдап, сезіне, түсіне алmas еді. Дегенмен материалистік эстетика нағыз суреткерге тән бірнеше ерекшеліктерді тізіп, талдап, сол арқылы талап, шығармашылық табиғатын сипаттайды.

Ол қандай ерекшелік?

Біріншіден, сезім. Нәзік сезімталдық. Оқушының өзін қоршаган өмірден әрқашан тың құпиялар іздең, айрықша әсер алу, көз алдындағы құбылыстарды ерекше сезінү, нәзік түйсінү, сезінген – түйсінген шындығына бейтарап қала алмай, тербеле тербену, көкірегінде көл – көсір сыр ұялату. Ал суреткер –

жазушы, ақын. Бұл ерекшелікті “Гетеңін қазасына” деген өлеңінде Баратынский дәл суреттеген.

Мұншалық тамаша эмоция ірі таланттың табиғатындағы аса мағыналы сипат екені даусыз: Пушкин мен Абай, Достаевский мен Эузов, Маяковский мен Мұқанов ... бәрінде де сондай ерекшелік болған.

Екіншіден, бақылау. Жіті бақылағыштық. Нәзік сезім көреген, дәл бақылаумен ұштасып жатады. Көрмесе, сезім қандай болмақ. Мұның өзі талант табиғатына тән сезімталдықтың ақиқат шындыққа, өмірдің өзіне негізделген мазмұнын танытпақ.

Үшіншіден, киял. Шығармашылық фантазия. Бақылап білген, сезген шындықты кен өріске шығаратын қанатты шығармашылық қиял – талантты оқушының серігі. Мұның өзі ойдан шығара білушілік. Ал ойдан шығару жоқ жерде жалпы әдеби шығарма болуы емес.

Төртіншіден, интуиция. Мәселен, өлең жазу – есеп шығару емес. Есеп шығаруда белгілі ереже амал, тәсіл болса, өлең – ішкі терең, табиғи тербелістің, тебіреністің нәтижесі. Бұл арада да ақын оқушыны салқын ақын емес, ыстық сезім билемек.

Бесіншіден, өміrbаян. Ғұмырнама. Тәжірибе молдығы. Тіршілікте көрген – білгені, ұққан – түйгені. Өмірі мазмұнды кісінің шығармашылығы да мазмұнды.

Алтыншыдан, парасат. Сананың саралығы. Құр соқыр сезіммен, бір ғана интуициямен ұзаққа, биікке шырқау мүмкін емес. Шын талантқа сарабдал сана, мол парасат керек. Бүгінгі эстетика бұған қарсы оның саналылығын емес, сәбилілігін жақтайды.

Жетіншіден, шеберлік. Шеберлік болмаған жерде даналық та жоқ. Даналық – енбек сүйгіштік. Бәрінен бұрын еңбек, содан соң батылдық деп те тегіннен тегін айтылмаған. Қатал тәртіп, азабы ауыр еңбек жоқ жерде жібі тұзу каламгер де болмақ емес. Өнердегі шын шеберлікке апарар жол – шыдамды еңбек, дилетанттыққа (үстірттікке) – шыдамсыз шалағайлық. Шын шебер шеберленген сайын кинама, терлей түсуге тиіс. Ал шеберлік – шексіз.

Сегізіншіден, шабыт. Шалқыған шабыт болмайынша, шеберліктен де

ештеңе шықпайды. Шабытсыздық – қабілетсіздік, қабілетсіздік – дарынсыздық, дарынсыздық – талантсыздық. Ең арғы жағы геометрияға да шабыт керек. Адам биік максатка, асыл мұратқа іс жүзіндегі шабытты еңбек арқылы ғана жетпек. Әйткені нағыз шалқар шабыт, шығармашылық құлшыну мен құштарлық.

Бұгінде әрбір өнер иесінің шығармашылық бітімін оның адамдық, азаматтық келбетінен ажырата қарау мүмкін емес. Әр алдымызда көздері жәудіреп отырған жас өспірімнен, бәрінен бұрын, жан сұлуулығын, адамгершілік мінез, мол білім және шығармашылықты талап етеміз. Өмірде бір халде, өнерде басқа бір күйде көрінуге болмайды.

Әдебиеттің қоғамдық мәнін айтқанда, ең алдымен, оның таным тарапындағы маңызын атау шарт. Қандай бір көркем шығарма болсын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады. Әр шығарма окушы үшін бұрын – соңды беймәлім дүниенің есігі секілді. Сол есікті ашып кіргенде ғана адам өзіне белгісіз құпиялар сырına тереңдеп, танымын байытпақ. Абайды оқымай казақ тіршілігін білем деу агат.

Ташкентте откен Азия мен Африка жазушыларының тұнғыш конференциясында Камерун жазушысы Бенжамен Матиптің: “Мен қазактар жайлы бұрын еш нәрсе естіп – білген емес едім”, - деді ол[46,5]. Жуырда ағылшын тілінде Мұхтар Әуезовтің керемет кітабын оқыдым. Мен тамаша адам – қазак халқының ақыны Абаймен таныстым, оның сүйген қыздары: Тоғжанмен, Әйгеріммен, оның абзал достарымен таныстым. Мен оларды жаксы көрдім, бейне ұзак жылдар бірге тұрып, қайғы – қуанышын бірге бөліскең адамдай жаксы көрдім. Солармен бірге тіпті Сіздің дарқан даланың тұнық ауасымен тыныстаған секілдімін. Шынында да, қазақ дегенініз ғаламат сұлу халық екен ғой!

Көркем шығарма адамға өмірді, міне осылай танытады; таныта тұра, адамды тәрбиелейді. Бұл арадан келіп әдебиеттің қоғам өміріндегі тағы бір тамаша маңызы шығады.

Алдымен, әмбеге аян, кондырма мәңгілік емес, базиспен бірге жоғалып кетеді. Ал әдебиет ылғи олай бола бермейді. Айтальық, арғы ғасырдағы феодалдық базис жоғалды, бірақ сол тұста Пушкин, Абай шығармалары әлі

өмір сүріп келеді және өмір сүре бермек.

Әдебиеттегі шығарманы менгерту барысында оқушыларды шығармашылыққа итермелеу үшін проблемалы сауалдарды шешуге тұра келеді, олар:

- қандай оқиға болғанын айту – сол шығарманың тақырыбы мен идеясын сөз ету;
- оқиғаның қалайша болғанын айту – шығармадағы тип пен характер жайын сөз ету;
- оқиға қалай баяндап болғанын айту – шығарманың тілі мен суреткердің стилін сөз ету;
- яки оқиға кімдердің басында болғанын айту – шығармадағы тип пен характер жайын сөз ету;
- болған оқиғаға автордың көзқарасын айту – суреткердің дүниетанымы мен көркемдік әдіс мәселесін сөз ету.

Міне, осылардын бәрін тек әдебиет теориясын жете менгерген оқушы, сол арқылы өз заманының талабы дәрежесінде өзінің талғамын қалыптастырыған оқушы ғана істей алады.

Қазактың бай ауыз әдебиетін өз алдына қоялық. Әлі зерттелу үстіндегі, халқымыздың жазу – сыйзымыздың басы болып танылып жүрген көне ескерткіштерге, ежелгі әдеби нұсқаларға көз салып, көңіл бөлсек, бұлардың эстетикалық құны мен ғылымдық мәнін бағалау үшін тек қана әлгі айтқанымыздай тарихтың түрғы, яки көне мұрага нағыз тарихи көзқарас керек. Орхон – Енисей ескерткіші жөнінен мағлұмат беру, білім беру салаларында бұйрық бойынша оқытуға бір сағаттан берілген.

Орхон ескерткіші туралы мәліметтер жөнінде мына мәселелерге көніл бөлген жөн:

1. Орхон ескерткіштің Селенга, Орхон өзеннің бойынан табылғаны. Тасқа қашалып жазылған жазудың ғылымда руналық жазулар деп аталуы. Ескерткіштің атакты, беделді адамдарға, батыр көсемдерге қойылған құлпыластарға жазылуы. Мысалы: Тонықөк (акышы), Күлтегін (әскербасы).
2. Ескерткіштегі жазудың әрі жоктау, әрі мадактау, әрі кейінгі ұрпаққа

ұлғі - өсиет мәнінде жазылғаны. Мақал афористік сөздер, шешендей оралымдардың онда жиі кезігүі.

3. Ескерткіштерде Түрік қанатының, батырлар, бектер өмірімен қоса халық тірлігі, әдет дәстүрлердің айқын көрінүі.

4. Авторлары Иоллығтегін мен Тонықек деген болжамдар.

5. Ескерткіштің табылуы, оқылуы жайында қысқаша мәлімет.

Сонымен қатар окушыларға жазылу тарихы, жанры, үйкас түрлері, тілі, поэтикалық көркемдігі, ескеткіштің қазақ батырлар жырына, үндестігіне көңіл бөлу.

Орхон жазулардағы жырлармен таныса отырып окушылар бұдан он – он бес ғасыр бұрын біздің ұланғайыр ұлы даламызды мекендеген түркі қағанатының тұсындағы баба буынның – бағзы тайпалардың келер ұрпакқа мұра болсын дегендегі тасқа қашап қалдырган таңба жазбаларының күесі болады.

Бұғынгі биік талғаммен өлшесек, бұл жырлардың эстетикалық күны, әрине, онша мықты емес. Ал тарихтық тұрғыдан тексеріп, таным тарапынан мәнін, ғылымдық маңызын бағалап, қазақтың халық ретінде қалыптаса бастаған тұсындағы әдеби, мәдени мүлкінің ажарын аңғарып, енді XIX ғасырдағы әйгілі Махамбет ердің өлеңіндегі әсем өрнекке дейін ұстарғанын көреміз, қазақ өлеңінің ғасырлар бойы қандай жолмен сатылап дамығанын топшылаймыз.

Бұлар тек әдебиеттің тарихы арқылы ғана окушыларды өз бетінше ізденуге, шығармашылыққа баулимыйз. Сонымен қатар окушылардың шығармашылық өсуіне тікелей ұстаз тарапынан қолғабыс қажет. Оқушы – сыншы. Ол әдеби құбылысты жалпы мемлекеттік мұддеде пайымдайтын қоғамдық ой – пікірдің озғын өкілі деуге болады.

Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың ұлттық әдет-салты, дүниетанымы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрлағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін ашу, таланттын ашу, шығармашылық ізденіске баулу, өзіне-өзінің сенімін нығайту – бұғынгі басты міндет.

Білім беру ісінде әлі де шешімін таппай келе жатқан мынадай мәселелер бар:

- білім концепциясы, стандартты бағдарламаларды жаңарту, мақсаттарды анықтау, толықтыру, оның барлығын жеке тұлғага, оны дамытуға бейімдеу, жетілдіру;

- біздегі білім беру, оқыту, пәндік жүйе арқылы жүзеге асып келеді. Әр пән шығармашылық тұлға қалыптастырудың мақсаттарын туындалп отыруға тиіс. Сол ізденістерді жүйелеу, саралай отырып, ортак бір тұжырымдама жасау керек.

- Баға қайдан шығады, бала білімі, іскерлік дағдысы, талабы, дарынын қалай бағалау керек?

- Ұлттық менталистерімізді қалыптастыру, ең алдымен мектептен басталатыны түсінікті. Білім мазмұнын байыту, жетілдіру, оны жүзеге асыру технологиясын іздену де қазіргі мақсаттың бірі. Білім мазмұны технология арқылы жүзеге асады. Ал “технология” дегеніміз не?

Технология туралы өз пайымдауымызға келсек, ол ең алдымен, диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға қарай бағытталған мақсатты, сапалы оку әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға алдымен өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Сондай-ак бағдарламада көрсетілген сағат сандары да бұлжымайтын, өзгеруге келмейтін нәрсе емес. Сағат саны шартты түрде, бағыт үшін ұсынылып отыр. Әдебиетіміздің інжу-маржандарын білу – ұрпағымыздың басты міндеті болмақ. Әдебиет – акын-жазушылар, олардың ғажайып туындыларының асыл қазынасы.

Корыта келе айтарымыз, әдебиетті ғылыми тұрғыда, өз мәні, мақсаты тұрғысынан оқыту, “асыл сөз”, “ұлгілі сөзді” табу, одан үлгі алу тұрғысында оқыту, өнердің бір саласы ретінде бар мүмкіндігімізді пайдаланып оқытуудың кезегі баяғыда-ақ келген. Педагогикалық технологиялардан іздену (түсініктен қолдану, одан анализ – синтез – бағаға дейін оқушыны жетелеу), әр шәкіртті шығармашылық тұлға биігіне жеткізу мақсатында шығармашылық еңбекпен оқыту – бұғынгі ұстаз алдында тұрған абыройлы міндет.

1.3. Қазак әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың жолдары

Қазак әдебиеті пәні бойынша бағдарламада берілген әдеби мәтіндерді орыс сыныбындағы оқушыға қазак тілінде менгертудің әдіс – тәсілдерін ұйымдастыру мүғалімнің шеберлігі мен іс – тәжірибелеріне байланысты іске асырылады.

Оқытудың белсенді әдістері, дәстүрлі емес сабактар шығармашылықты қалыптастырады, дамытады. Себебі, оқушылардың шығармашылық таным әрекеті – дербес ізденіс және әрбір балаға жана оқушы әрекетіндегі шығармашылықтың негізгі критерилері: толық немесе жартылай дербестік; мақсатқа жету жолдарын іздеу және іріктеу алу; мақсатқа жету үрдісі кезінде жана нәтиже тудыру, қиялдау, болжамдар құру, логикалық ойлау, білім корының молдығы. Қалай десек те шығармашылықтың барлық түрлеріне ортақ бір желідей тартылған ұйтқысы, ол – еңбек, ой еңбегі.

Шығармашылық қабілеттерді қалай дамытуға болады?

Кез келген ойлау қабылдаудан басталады да әрекетпен аяқталады. Ойлау әрекетінің негізгі бөлімі – шешім қабылдау. Оқытудың теориясы мен практикасында дербестік таным белсенділігінің үш деңгейі бар: репродуктивтік, демеу – ізденушілік және зерттеушілік. Репродуктивтік деңгейде таным әрекеті дайын білім мен үлгі арқылы жүзеге асырылады. Түсіндірмелі – иллюстративтік оқыту әдістерінде білім алу осы түрғыда – ақпаратты қабылдау жағдайында болады.

Демеу – ізденушілік немесе эвристикалық әдіс – оқушы дайын үлгі бойынша емес, ұстаздың бағыттаушы сұрақтарының көмегімен іздену жұмысын жүргізеді. Осы кезде шығармашылық ойлау қалыптасады. Зерттеушілік нағыз шығармашылық сипат та жүретін әдіс. Оның шығармашылық түрғыда болуы балаларды білімді игеру әрекет түрлерімен жүзеге асырылып, оны әрқылды жағдайларда колдана білуінде. Ғалымдардың пікірінше, шығармашылық шешім әдістерді өзгертеді, дәстүрлерді – сирек өзгертеді, негізгі принциптерді – одан да сирек өзгертеді, адамның өмірге көзқарасын – аса сирек өзгертеді.

Осы тұрғыда түйіндейтін болсақ, бала шығармашылығын қалыптастыру – онын кәсіби әлем бейнесін қалыптастырып, даралығын жетілдіреді.

Оқу – шығармашылық іс - әрекетке сәйкес оқушының жекелік сапасының жүйеленуін және шығармашылық қабілеттерінің төмендегідей қатарын В.И.Андреев ұсынды[47,65]:

- жеке адамның мотивациялы – шығармашылық бағыттылығы және белсенділігі;
- интелектуалды – эвристикалық;
- жеке адамның өзін - өзі басқаруы;
- коммуникативтік.

Ертегі, саяхат, сайыс, ойын сабактары негізінен (сыртқы – қызығы көптігінен) төменгі сыныптарда өткізіліп, оқушылардың өзіндік ізденіс, оқу барынша құлшынысып, жаңа бірдеңе тудыру тұрғысындағы танымдық әрекеттерін дамытады. Осы кезеңдегі оқушылар шығармашылығы шешу, демеу, бағыттау көмегімен жүзеге асырылып, көбіне репродуктивтік сипаты басым болады. Бұл шығармашылықтың I және II деңгейлері.

Жарыс, аукцион, модульді сабактар бұрын игерілген білім қорын басқа жана білім игеруге, пайдалануға баулитын сабактар шығармашылықтың III деңгейін көрсетеді. Осы шығармашылық темпераментпен байланысты. Осы кезең әрі қарай өздері дамыта алу қабілеттерін көрсетіп, шығармашылықтың IV деңгейін береді.

Викториналық,пресс – конференция, симпозиум, дөңгелек стол сабактары жеткіншектердің ойлау, қиялдау қабілеттерінің дамып, пікірлердің өзгеріп туындауын, өзін - өзі басқару ақыл – ой қабілеті мен интеллекттің оралымдылығын дамытып көзқарастарына әсер ететін болғандықтан шығармашылықтың V деңгейін көрсетеді.

Адамның шығармашылығы оның өзінің және биосфераның деңсаулығымен байланысты деген ғалымдардың пікірлері бар. Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті оның деңсаулығы мен коршаған орта жағдайына тікелей байланысты. Бұл статиктердің адам деңсаулығының, өлімнің (аз жасаудың) табиғаттағы деградациямен байланысты деген көрсеткіштерімен

дәлелденді. Олай болса, денсаулық төмендеген жағдайда адамның шығармашылығы да төмендейді. Эр түрлі дене және психикалық кемшіліктері бар адамдар саны көбейетін болса, мемлекетіміз өркениетті дамуда әлем көшіне ілесе алмай қалуы мүмкін. Себебі еліміз алдыңғы катаарлы мемлекеттер деңгейінде тек қаны дені сау, шығармашылығы жоғары адамдар көптел болсағана көрінеді. Өйткені дені сау ұрпақ – шығармашыл, ал шығармашыл адам – интелекті жоғары қоғамымыздың қайраткері.

Салауатты өмір сүру дегенді көпшілік қауым дұрыс түсінбейді. Шын мәнінде салауаттылықтың мәні, ауқымы аса кең ұғым. Салауаттылық өмір салты болуга тиіс. Оны өмірдің негізіне айналдыру адамның жанын, рухын жан – жақты ұдайы тәрбиелеу мен жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Казіргідей өтпелі кезеңнің нарықтың бәсекелік уақытында адамдардың ой санасында, мінез қылыштарында өзгерістер болып жатканы белгілі. Өмірдегі осы өзгерістерді, жаңа құбылыстарды қабылдау, оны байыптау әркімнен жаңаша ұғымды, ерекше ойды, талапты қажет етеді. Кездесіп жатқан жағымсыз қылыштар қоғамымызға ізін қалдыруда.

Оқушының танымдық белсенділігін өз кезегінде қабылдау, есте сактау, ойлау, киялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет олардың өз бетінше танымдық ықылас – ынтасын шығармашылық қабілетін дамытатындей етіп үйимдастырады.

Шәкірттің қабылдауы, негізінен мұғалімнің сабакты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру дұрыс әрі нақты әрекеттер негізінде іске асады. Баланың өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдекайда нәтижелі әрі жемісті болады.

Танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар:

Бірінші дәрежесі. – жаңғыртушы белсенділік шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, менгеруге ұмтылышымен сипатталады. Белсенділіктің 1-дәрежесінде тән көрсеткіш окушының бойында білім терендетуге деген ұмтылыштың болмауы.

Екінші дәрежесі – түсіндіруші белсенділік оқушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне беогілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын менгеруге ұмтылысынан көрінеді. Екінші дәрежеге тән көрсеткіш оқушының бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қыындыққа тап болғанда женудің жолын қарастыруынан байқалатын үлкен дербестігі.

Үшінші дәрежесі – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі, оқушының тапсырманы (мәселені) шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі – мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандығы.

Дербестік әрекетке өздігінен икемделудің сапалық көрінісімен; мотивті және белсенді қылыштың оқушыға тән арнаулы нысандары мен тәсілдерін синтездеумен, өмір шындығының белгілі бір жақтарына оқушының тұрлаулы, мінез қылышта тиянақталған қатынасымен сипатталатын жүйелі білім алу ретінде қарастырылады.

Көптеген ғалымдар оқыту әдістерін мазмұнына, қолданылуы мен іс - әрекет түрлеріне, мақсатына, мәніне қарай түрліше топтайды. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудагы әдістер тобын төмендегідей топтаймыз:

Біріншіден, ақпараттың берілуі мен қабылдау сипаты бойынша дәстүрлі әдістер жүйесі (Е.Я.Голанд, И.Т.Огородников, С.П.Петровский). Әдіс (әнгіме, әнгімелесу, дәріс т.б.); көрнекілік (демонстрация көрсету т.б.); практикалық (сарамандак жұмыс, шығарма т.б.).

Екіншіден, окушы мен мұғалімнің өзара әрекеті бойынша Лернер – Скаткин топтаған әдістер жүйесі: баяндау иллюстративті әдіс, репродуктивті әдіс, проблемалық баяндау әдісі, ішінара іздену немесе эвристикалық әдіс, зерттеушілік әдіс.

Үшіншіден, мұғалім іс - әрекеті компоненті бойынша Ю.К.Бабанскийдің әдістер жүйесі. Олар төмендегідей:

- a) оқу – танымдық, іс - әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру (сөздік, көрнекілік, практикалық, репродуктивті және проблемалық индуктивті - өзіндік жұмыс).

б) оку – танымдық әрекеттегі мотивация және реттеу әдісі (қызығушылықты қалыптастыру әдісі; танымдықойындар, өмірдегі жағдайларды талдау т.б; оқытуда жауапкершілік пен міндетті қалыптастыру);

в) бақылау және өзіндік бақылау әдістері (ауызша және жазбаша бақылау, лабораториялық және практикалық жұмыс т.б).

Оқушыларды белсендіруде мұғалім оқушылардың қабілеттері мен қызығушылығын, сыныпта жаксы ахуал орнату, тиімді әдістер арқылы шығармашылық сабактар үйымдастыру, өзіндік жұмыс істеуге мүмкіндік беру т.б. қажет. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, белсенділік адамның өз бетінше әрекет етуге дайын болуға үмтүлісінан, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына итермелейте, алға қойылған мақсаттарға жету үшін онтайлы жолдарды таңдай білуден көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде айқындалады.

Жана технология, дәстүрлі емес әдіс – тәсілдердің маңызы жоғары бірак, қазіргі кезенде орта мектептерде бүгінгі күні әлі де болса өз мәнін жоймаған, оку үрдісінде пайдаланып жүрген, қазіргі қалыптасқан оқыту жағдайында жеке оқыту (репетитор, тыюторлық алу), ұжымдық сабактар (шығармашылық сабактар, семинарлар, конференция, олимпиада, экскурсия, іскерлік ойын т.б.), жеке ұжымдық жұмыстар арқылы (шығармашылық ай пәндік және ғылыми апталыктар, жобалар т.б.), оқушылардың өзіндік жұмыстарын үйымдастыру барысында оқушылардың сабакқа деген белсенділіктерін қалыптастыруға болады.

Оқушылардың сабакта белсенділігін қалыптастыруға бағытталған сабактар түрлерін төртке бөліп қарастыруды ұсынамыз :

- танымдық;
- коммуникативтік;
- шығармашылық;
- әдіснамалық.

Сабак үстінде белсенділіктері қалыптасуы үшін оқушылардың міндеттерін көрсетпек :

- өзіндік пікірлерін дәлелдеу;
- пікірталастар мен талқылауларға қатысуы;
- өзінің жолдасына, мұғалімдерге сұрап қоюы;
- жолдасының жауабына пікір айту;
- сыныптастырылуын жауабы мен жазбаша жұмысын бағалау;
- өз бетімен курделі тапсырмалар таңдау;
- танымдық тапсырманың шешімдерін табуда бірнеше нұскасын көрсету;
- өзіндік бағалауға жағдай туғызу, өзінің танымдық және практикалық әрекеттің талдау;
- тапсырмаларды шешуде бұрыннан білетін әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы орындау.

Жаңа материалды түсіндіруде ақпарат беруші қызметінде ғана қалмай, мұғалім оқушының танымдық белсендігін қалыптастырудары әрекеттерінің негізгі міндеттеріне тоқталсақ:

- білімді шығармашылықпен меңгеру дағдыларын қалыптастыру;
- білімді шығармашылықпен қолдануға дағыландыру және оқу проблемаларын шешуде шеберліктерін арттыру;
- оқу тапсырмаларын орындау үрдісінде оқу операцияларын қолдануға(талдау-синтез, салыстыру, жинақтап корыту, үйрету).
- оқытудың ғылымилығын арттыру;
- ғылыми дүниетанымды қалыптастыру т.б.

Шығармашылық сабактарды өткізу оқушының танымдық белсендігін арттырудың құралы, сапалы білім берудің шарты, оқу үрдісін ұйымдастыру факторы, оқытудың жекелік бағдары болып табылады.

Қазақ әдебиеті сабакында оқушылардың сөйлеу біліктілігін дамытуда ойлау үрдісі арқылы шығармашылыққа баулу. Ойда жеткізудің тілдік бірлігі – сөйлем. Ойға байланысты сөз тандаудың, оларды байланыстырудың, сөйлем қураудың да психологиялық негізі бар. Адамның ойлау қызметінің танымдық нәтижелері пайым (суждение) түрінде өрнектеледі. Пайым деп заттарға немесе

құбылыстарға сәйкес үйғарым деп айтады. Үйғарым – макұлдау (растай) немесе теріске шығаратын ой.

Пайымды сөйлем арқылы бөлшектегенде, мынадай бөліктерден тұратындығын анықтауға болады:

- пайым не туралы айтылатынын білдірнің логикалық бастауыш немесе ойдың субъектісі;

- субъект туралы не айтылып тұрғанын көрсететін логикалық немесе ойдың предикаты;

- логикалық байланыс – логикалық предикат.

Демек, әрбір пайым сөйлем арқылы тіркеледі. Сондыктан оқушының шығармашылығын қалыптастыру, ол- пайымдау мен пікір білдіретін сөйлеммен өрнектеуге жаттықтырылады.

Баланың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастырумен жетілдіріру курделі ой амалдары мен тілдік құрылымдарға байланысты. Ал ойлаудың курделі формаларының бірі-ой қорытындылары. Ой қорытындысы дегеніміз – бірнеше пікірлерден жаңа пікір тудыру тәсілі.

Мәселен, оқушылар шығарма жазу жұмыстарына белгілі бір шешімге келіп, пікір жасайды. Бұл әрекеттің арқасында түрлі пікірлерді салыстыра отырып, жеке я жалпы логикалық қорытындыға келеді. Немесе бұл пікірдің ақиқаттығын дәлелдеу үшін кісі түрлі ой амалының әдісін қолданады, оның бірі – индуктивтік ойлау қорытындысы, екіншісі – дедуктивтік ой қорытындысы.

Қорыта келгенде, логикалық ойлау қабілеттеріне баулу сөйлеудің нәтижелі болуына әкеледі. Бала сөзді менгерे отырып, пайымдауға, пікір айтуға, қорытындылар жасауға үйренеді. Баланың ойы логикалық құрылымға емес, есте сактауға негізделеді. Сондыктан оқушы тілін дамыту үшін есте сактаған білім мен таным нәтижелерін өзінің өмір тәжірибесінде, сөйлеуде шығармашылық қабілетімен қолдана білу болып табылады.

Қазақ әдебиеті сабактарында іздендіру әдістерінің мынадай топтары бар: акпаратты, эвристикалық, зерттеу. Бірінші топтың негізгі қызметіне әрекет қабілеті, дайын білімді менгеру мен беру әдістері жатады. Мұғалім оқушыларға

дайын акпаратты хабарлайды немесе олар өздері оны басқа ақпараттың нүктелерден менгереді, содан кейін оны елеулі өзгерістерсіз еске түсіреді.

Оқушыларды өз бетінше іздену әрекетіне бағыттайтын әдіс – эвристикалық (іздеу) әдісі деп аталады. Эвристикалық топқа кіретіндер: проблемалы мазмұндау, логикалық тапсырмалы мазмұндама, эвристикалық әңгіме, оқушылардың танымдық міндеттерін шешу.

Оқыту әдістерінің ең үлкен тобы- логикалық әдістер. Бұл акпаратты ойша өндеу тәсілі. Оған жататындар: талдау, бөлімдер мен негізгілерді айыру, салыстыру, жинактау, корыту, айқындау, дәлелдеу, анықтау және бағалау, сонымен бірге ғылыми танымның индукциялық және дедукциялық тәсілдері.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін лексикалық минимум және сөздік жұмысы арқылы қалыптастыру. Екі бағытта жүргізіледі : 1) сөздің сандық жағынан жана ұғымдарды қалыптастыруы, 2) сөздердің сапалық жағынан қолданылуы, игеру мәні бойынша.

Сандық жағынан сөз қорларын байыта, шығармашылықка жетелеуде (сөз мағынасын игерту, термин, кәсіп сөз, омоним, антонимдік қатарлар т.б.) жүргізіледі. Екіншісі, оқушының тіл стильдеріне тән сөздер мен ұғымдарды менгеру мақсатымен сөздік қорын байыту үшін стильге байланысты лексикалық терминдер, варианты сөздер, синоним, ауыспалы мағына, бейнелегіш сөздерүсынылады.

Жиілік минимум сөздер арқылы оқушының шығармашылық қабілетін қалыптастырудың төмендегідей өзіндік тиімді жолдары мен әдіс – тәсілдері бар:

Бірінші, мәтіннен сөздерді топтастырып беруде сөз тіркесі және сейлем ішінде мағыналық байланыс жолын аңғартумен байланысты мағынаны игерту көзделеді. Мысалы, “есік” сөзі ашу, жабу етістігімен байланысты болғанымен, ұшу, кету, келу сияқты қозғалысты білдіретін сөздермен байланыспайды. Демек, өзара бір атау топтарға бөлінетін сөздермен көніл аудару арқылы түсіндіру лексикалық мағынаны аша түсетін тәсіл.

Екінші, мәтіндегі сөздердің мағыналарын игертуде түсіндіру әдісі колданылады, көрнекілік әдісі арқылы зат пен құбылыстың суретін, макетін,

катырылған тұлышын көрсетіп түсіндіру тәсілі. Берілген сөз мағынасын синонимдер арқылы анықтап түсіндіру тәсілі. Мысалы: Бұл сөздегі “москал” сөзінің мағынасын көрі, карт, егде, кенсе, т.б. синонимдер арқылы ұғымын игертеңді.

Үшінші, пәнаралық байланыс ретінде казақ тілінің морфологиялық құрамын талдаң – түсіндіру тәсілі. Тұбірлес сөздер, бір сөзден тарағанын түсіндіре отырып, жаңа сөздердің мағынасы ашылады, ұғымдары белгіленеді. Жаңа сөз мағынасын логикалық анықтама беру арқылы түсіндіру. Мысалы, шаңырак-ұықтар бекітетін киіз үйдің дөңгелек шеңберлі тәбесі т.б. Сөздіктермен, әсіресе түсіндірме, фразеологиялық т.б. сөздіктермен жұмыс жүргізу.

Төртінші, материалды игерту әдісімен бір түрі – сөз байлығының пайда болу, жасалу, қалыптасу тарихын халық өмірімен салыстыра отырып, мағынасын ашу. Мәселен, архаизм сөздерді неологизм сөздермен салыстыра отырып, тілімізде жаңа сөздер пайда болып, жасалып жатса, архаизм сөздердің ескіріп, құнделікті қолданудан шығып қалатындығы туралы ой қорытындысына келеді.

Мәтіндегі сөздерді мағына, мәніне байланысты қолдана білу икемділіктерін қалыптастыру жұмысы мына бағытта карастырылады:

- сөз мағынасы мәніне байланысты қолдану уағыларын қалыптастыру;
- сөздерді стильдік мақсатта қолдануға дағылану әрекеті.

Сөздін мағынасы тәмендегі жаттығулар арқылы қалыптастырылады:

- мәтіндегі сөйлемдердегі белгілі бір сөздерінің қандай мағынада қолданылғандығын ажыраттыру;
- белгілі бір сөздің әр түрлі мағынасын салыстыру: “бауыр” сөзінің ұғым мен мағынасын салыстыру;
- метафораны тенеу немесе эпитет сөздермен салыстыра түсіндіру тиімді.

Мысалы, “Табиғат – бізге ана” деген сөйлемдегі “ана” сөзі метафора ретінде қолданылып тұр. Бұл сөзді сөйлемде “Табиғат бізге ана сияқты” деп қолдансақ, онда ол тенеу болады т.б.

Әдебиет теориясы мектепте дербес пән ретінде оқылмайды, бағдарламалық материалдарды өтумен байланысты үйретінеді. Әдеби - теориялық мағлұматтарды әр сала бойынша әр сыныпқа мәнерлеп бөлсек, төмендегі жүйемен жүргізіледі:

- ауыз әдебиет пен жазба әдебиет, шығармалар мен ақын, жазушы туралы;
- шығарманың көркемдік элементтері туралы;
- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылыш түралы;
- шығарманың тіл көркемдігі мен сөйлем, стиль ерекшеліктері туралы;
- әдебиеттен текстер мен жанрлар туралы.

Әдебиет теориясынан 7 – 8 сыныптарда мәлімет беруде көзделетін максат пен кезекте туратын міндегі – әдеби – теориялық мәселелер жайында негізгі ұғымдарын, нәтижесінде оларға әдебиет тану ғылыминың негіздерінен білім беру арқылы шығармашылықка, ізденіске баулу.

Оқушы шығармашылығын арттыру орыс тілі басым аймақта қазақ әдебиетін оқытудың жеке ішкі мүмкіншіліктерін де ескеру қажет. Сол себепті де белгілі бір талапқа сай бағдарламаға өзгеріс енгізу қажет.

Сондай өзгерістердің біріне, тіл ұстарту жұмысына оқушылардың шығармашылық жұмысы да жатады. Сабак үстінде мұғалім аз айтумен көп нәтижеге жетуі тиіс. Оқушы тапсырманы өзі орындауы керек. Оқушының ойланып, нақты нәтижеге жету жағына көніл бөлуін қадағалау – мұғалімнің басты міндегі. Оқушы қиялына көз жетпейді. Кезінде жазушыларымыз айтқандай: «Қазақтың жусанына дейін ән салады» - деп, сол рас-ты. Өйткені, оқушы шығармашылығы соны дәлелдейді. Белсенді ізденістің кажеттілігі – жас ұрпактың оқудың шығармашылығының әрекетіне косылуының, білімнен сузындалған алғына белсенді ақыл – ой енбегіне жетелеудің алғы шарты.

Әдебиет – ой, ойлау, ойлану сабағы. Басқа пәнге қарағанда, бұнда сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, еліктеу ерекше байқалады. Әдебиет – адамдардың жан дүниесін жаулаң, оны өз еркіне жетелеп алатын касиетті дүние.

Ғалым әдіскер Е.Ерокина: “Казахский народ имеет свою многовековую культуру, он творец богатой устной поэзии и литературы... Поэтому нельзя считать нормальным существовавшее до сих пор положение, при котором учащиеся нашей республики, окончивающие русские средние школы, не получали должного представление об истории казахской литературы” -- деп қазақ әдебиеті пәніне байланысты орыс мектебін бітірген окушылардың қазақтың ғасырлар бойы мәдениетінен, әдебиеттен, ауыз әдебиетінен ештеңе білмей кетуі дұрыс еместігін атап көрсетті[48,4].

Демек, окушыға жеке тұлға ретінде назар аударып, оның ішкі әлеміне барлау жасап, рухани мүмкіндігінің қайнар көзін зерттей отырып жұмыс жасаудың әр түрлі жолдарын қарастыру бүгінгі өмір талабы.

Мектептегі әдебиет пәнінің оқытылуы қазақ және орыс әдебиетін оқыту әдістемесінде қай кезеңде болмасын жан-жақты, жүйелі түрде қарастырылып келеді. М.А.Рыбникова, В.В.Голубков, Н.М.Соколов, В.А.Николский, З.Я.Рез, Н.И.Кудряшев, В.Г.Маранцман, М.В.Черкезова т.б. сондай-ақ, А.Көшімбаев, Ә.Қоңыратбаев, С.Қирабаев, Т.Ақшолаков, Ә.Дайырова, Т.Жұмажанова, С.Тілешова, Г.Құрманбаева, Б.Сманов, С.Макпирұлы, А.Тамаев, Б.Әрінова т.б. ғалым педагогтардың еңбектерінде қазақ әдебиетін оқыту мәселесі әр қырынан алынып зерттеліп келеді[49,4]. Ғалымдармен катар, әдіскер-ұстаздар Қ.Бітібаева, Қ.Айтқалиев, С.Дүйсебаевтар қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыминың мәселелеріне көп еңбек сініріп, қазіргі заманғы ғылым жетістіктеріне сүйеніп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, онын оқу-әдістемелік кешенін жасауга өз үлестерін қосуда.

Қазақ әдебиетінің орыс мектептерінде оқыту мәселелері Н.С.Смирнова, М.С.Сильченко, Ш.К.Сәтпаева, Х.Әдібаев, Н.М.Орешникова, К.Әбілқасымова, З.И.Боранбаева, К.Сариева, Ж.Н.Нұрманова т.б. зерттеулерінде жан-жақты алынып көрсетілді[49,4]. Бірақ бұл зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетін түпнұсқадан қазақ тілінде оқыту мәселесі, оның жолдары арнайы қарастырылған жок.

Тіл туралы Заң ұлттық сананың өсуіне, тіліміздің қолдану аясының кеңеюіне әсер етіп, мемлекеттік тілді басқа ұлтқа оқыту мәселесіне қоңіл қойып, оны өрістетуге жол ашты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2001 жылғы 30 мамырдағы №404 бұйрығына сай, қазақ әдебиеті пәні бесінші сыныптан бастап тұнғыш рет мемлекеттік тілде оқытылып, Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдерінің қазақ халқының мәдениетін, әдебиетін, өнерін, тілін т.б. танып білуғе деген сұраныстарына орай, қазақ әдебиеті пәнін оқыту жаңа бағытта жүргізіле бастады. Мұның өзі халықтың ауыз әдебиетін, казактың ақын-жазушыларының шығармаларын түпнұсқадан төл тілінде окудың танымдық, тәлім-тәрбиелік мәнін айқындайды, казакты тілдік ортаның кеңеюіне өзіндік үлес қосады және орыс мектептерінде ұлттық рухани қазынаны, имандылықты, парасатты салт-дәстүрді бойына жинақтаған халық ауыз әдебиеті үлгілерін, қазақ әдебиеті шығармаларын қазақ тілінде таныстыру арқылы казақ елінің мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін құметтеуге баулитын білімдік – тәрбиелік мәнімен ерекшелене түседі. Бесінші сынып оқушыларының бағдарламаға сәйкес халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен танысуы, ары қарай бағдарлама бойынша өтілетін Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Б.Момышұлы, М.Мақатаев, Т.Айбергенов т.б. туындыларының кейбір түрлерін толық түсініп қабылдауды негіз болады [49,4].

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде орыс сыныптарында қазақ әдебиетін казақ тілінде оқыту мәселесі осы уақытқа дейін арнайы ғылыми-зерттеу нысаны болып қарастырылған емес. Сондықтан қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытуды жетілдіру, оның сапасын арттыру жақсы әдіскер мұғалімге, сапасы окулық пен оқу құралдарының болуына байланысты. Демек, орыс сыныптарындағы оқушылардың психологиялық жас ерекшелігін, қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып, әдебиетіміздің үздік туындыларын түпнұсқада менгертудің ұтымды жолдарын айқындал, әдістемелік жүйесін жасаудың аса кажеттігі туындейді. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін дәлелдей түседі.

Оқушының білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау – технологияның басты белгілері болып табылады. Осыған орай Қ.Бітібаеваның “Жаңа білімді менгерту” технологиясын ұсынбақызы. Технология алты кезеңнен тұрады:

I кезең

Білім беру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесіп әрекет ету. Берілетін жаңа білім бойынша алдын ала тапсырма беру.

Максат:

-оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, дербес ізденуге баулу;

-өз бетімен көркем туындыны оқу, талдау, бағалауға жетелеу;

-логикасын, эстетикалық талғамдарын дамыту;

-шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми ізденіске жетелеу;

-болжам жасау(гипотеза), соны дәлелдейтін жол іздеу, модель құрастыру, жобасын ұсыну;

-білім алуға деген ынтасы мен іскерлігін, оқу-танымдық қажеттілігін қалыптастыруға жетелеу;

-дайын білімді қайталап айтып беру емес, оны өз белсенділіктері бойынша алғабаулу;

-оқушылардың өзіндік жұмысында мақсатты бағдарлар, айқын міндеттер койғыза білу;

-сұраптар өзірлеу, проблемалық сұраптарды бөліп алу, соны талқылау. Өзіндік қорытынды жасау. Өзін-өзі бақылау, бағалау.

II кезең

Оқушылардың тапсырмалар негізінде жұмысын, жобаларын талқылау болжамдарын саралау.

Максат:

-жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдал, талқылау(өздері талдайды, бірін-бірі тыңдайды).

-өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралау.

-білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін анықтау.

-білім дәрежесі, деңгейін саралау(өзіндік анализ, синтез бағалауының деңгейін).

-бір-бірімен ынтымактастыры, пікірлерін айта білуі, корғай білуге дағдыландыру.

Әдіс-тәсілдер: (окушы іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында).

-әңгімелуеу, пікірлесу, шағын әдеби айтыс;

-болжам жасау,(гипотеза) оны дәлелдеу, модель, жоба жасау.

Сабактың түрі:

-болжау сабағы, іздендіру сабағы, диалог сабактары, айтыс сабактары, жоба, модель қорғау сабағы.

Оқыту түрлері: ұжымдық оқыту элементтері.

Ескерту: Такырыпқа сай өзгеріп отырады.

III кезең

Мұғалімнің жаңа сабакты түсіндіруі. Жаңа білімді игеру, игерту.

Мақсат:

окушылардың танымдық- түрлендіруші іс-әрекеттерін,эвристикалвқ және шығармашылық ізденістерге жетелеу.

-окушылардың әр түрлі дайындық деңгейі; әр түрлі ынтасы, қабілеті білімді қабылдай білу дәрежесін саралай отырып,(I-II кезеңде байқаған) берілетін білімнің күрылымдық элементін, нн басты мәселелерін бөліп ала білу.

Білім мазмұнына ерекше назар аудару:

-білім мазмұнда оларды зерттеу, іздену, табу, дәлелдеуге, яғни танымдық-шығармашылыққа жетелейтін элементтердің болуын қамтамасыз ету;

-берілетін білімнің ғылыми сенімділігі мен ой тастайтын, өзіндік болжам жасайтын түйінділерін оқушылардың өз болжаулары, тапқандарымен байланыстыру(алдын ала берілген).Оқушы біліміне сүйену жаңа білімде оны тірек ету, олардың өзіндік пікірін, бағаларын ескеру.

-оқушылардың өз анализі, синтезі, бағалаудың жаңа сабакта жетілдіру, байыту, ғылыми ландыру, яғни алғашкы түсінігін байыту;

-жаңа білімді менгеруге дайындау, ондағы өзіндік үлесін арттыру; бұрынғы дағды-іскерлігін жаңа білімге пайдалану іскерлігін үйымдастыру.

Әдіс-тәсілдерді, оқытудың түрлері, оку формалары:

-проблемалы баяндау, проблемалық жағдай тудыру;

-ұжымдық оқыту элементтері;

-даралап, саралап оқыту;

-миға шабуыл, жоба, модель құрастыру;

-болжам оны дәлелдеу, зерттеу әдісін пайдаланып, оқушылардың танымдық белсенділігін, өзін-өзі танытатын жұмыстарды үйымдастыру;

-үй тапсырмасында стандарт деңгейдегі тапсырмалар мен шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар беру (бірнеше тапсырма оқушы өзі таңдап алатындей).

Тапсырмалардың дамытушылық дәрежесін көтеру. Оқушылардың білім деңгейін ескеру.

ІҮ кезең

Косымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс.

Мақсат:

-білім мазмұнын қосымша материалдар, ғылыми еңбектер, басқа да бүгінгі таңдағы жаңалықтармен байыта отырып, оқушылардың толыққанды білім-білік дағдыларын дамыту;

-оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерін үйымдастыра отырып, оларды жан-жақты жинақталған білім көздерімен қаруландыру, (интеграция) іргелі білімдерге бағалау;

-окушылардың өзіндік пайымдауларын мұғлім түсінігімен толықтыра отырып, енді оны ғылымиландыру, іргелі терен білімге бағдарлау;

-білім берудің міндетті деңгейі аумағында дүниетанымдық, ой-өрістері мен іскерлік дағдыларын жетілдіретін, жеке тұлғаны дамытуға әсер ететін косалқы материалдардан білім беру;

-окушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптарды тереңдету, яғни анализ, синтез, саралау, бағалау сияқты іс-әрекеттерін (өнімді іс-әрекет);

-ұлттық, аймақтық, жергілікті, пәнаралық байланыстар арқылы берілетін білім мазмұнын іргелендіре түсу, өмірмен байланысты арттыру.

Әдіс-тәсілдер, оқыту түрлері, оқу формалары:

-практикалық жұмыстар (салыстыру, үндестік іздеу, мәтінмен жұмыс);

-әр түрлі ғылыми іздніске, зерттеу іс-әрекетіне негізделген түрлі деңгейдегі тапсырмалар орындату, оқушылардың сана – сезімін дамыту;

-ғылыми жұмытар бойынша болжам, модель, жоба жасау, оны қорғау. Өз беттерінше зерттеу жүргізу, талдау жасау;

-ғылыми бағыттағы шығармашылық тапсырмаларға (рецензия, реферат, т.с.с) жазуға баулу;

-модель, қорғау, дебат, симпозиум, семинар, конференциялық, т.б. сабактар өткізу (тақырыптарға сай).

Ү кезең

Оқулықпен жұмыс.

Максат:

-окулықтың білім көзі, әрі өз бетімен білім алудың дидактикалық ұлгісі екіндігін ескеріп, онымен жұмыс арқылы оқушылардың ынтасы, танымдық іс-әрекетін дамыту;

-олардың түсіну, түсіну, бекіту, практикада колдану іс-әрекеттерін дамыту;

-I, II, III, IV кезеңдерде алған білімдерін оқулық арқылы байыта тусуге саралау, зерделеуге баулу. Алған білімді оқулықтағы біліммен тиянактау;

Ең негізгі мәселелерді бөліп ала білуғе,(негізгі, косымша) тезистер жасауға,т.б. әр түрлі шығармашылық жұмыстарды орындауға дағдыландыру, жетілдіру;

-окулық туралы(ондағы білімнің берілу жайы) пікір айту, талдау жұмыстарына баулу,”Оқулыққа қояр талабым”,”Оқулық маған не береді”тақырыптарына әнгіме сұхбаттар, пікір таластырып, саулнамалар өткізе отырып,окушыларды сарабдалдыққа,аналитикалық ойлауға, қабілеттерін зерделеуге жетелеу.

Оқулық жобасы, моделіне конкурс жариялад, олардың кабілеті, іскерлігі, біліктілігі көсіптік қызығушылығына әсер ету. Бұл кезеңнің әдіс-тәсілдері:

- негізгі мәселелерді бөліп алу;
- сұрақтар әзірлеу, сұрақтардың ең бастыларын сұрыптау;
- окулықтағы сұрақ-тапсырмалардың өзіне ұнағанын орындау;
- өз беттерімен сұрақ-тапсырмалар әзірлеу;
- I-II кезеңдер бойынша алған ұғымдарын оқулық материалдарына косып баяндау, білімді байыту(өз беттерімен).

YI кезең

Жинактау,корытындылау, коррекция.

Максат:

жана білімді менгертудің бес кезеңі бойынша алған мәліметтерін саралау, бір-бірінің біліміне талдау жасау.

- окушыларды қорытынды, жинактау, талдау тәсілдеріне баулу;
- күрделі мәселелерді бірігіп талқылау;
- көмек ұйымдастыру;
- алдыға мақсат қоя білуғе, өздерін-өздері оқытуға, өздерін бір “жаңалық” ашуға, өздерін-өздеріне танытуға баулу.

Осы бес кезенде алған білімдерін бүкіл ұжым болып мына үлгіде жіктеу,білім деңгейлерін саралау, алған білімдерін өздеріне жүйелету(“Нени менгердім”, “Неге үйрендім”) саулнамасын жүргізу.

Қай заманда да мектеп қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларындағы өзгерістерге икемделіп отырған. Әр кезенге сай оқыту

теориялары, оқыту процесін ұйымдастыру мәселелері де өзгеріп, жаңа сұраныстарға жауап берердей бейімделген.

Дәл қазір адамның ақыл-ой, шығармашылық мүмкіндіктеріне қойылатын талаптар артуда. Мұндай күрделі міндеттерді шешудегі орта мектептің алар орны ерекше. Окушылардың білім берудің барлық кейінгі сатыларында нәтижелі дамуын анықтайтын негіз бастауышта қаланатындығы баршаға белгілі.

Республикамызда соңғы жылдары оқыту процесін ізгілендіру, оның практикалық бағыттылығын күшету мақсатында біраз шаралар жасалды. Оларды “инновациялық процесс”, немесе педагогикалық жаңалыктарды енгізу деп жүрміз.

Мәселеге теренденемей тұрып, алдымен “инноватика” ұғымының мәні, латынның *in-novus* деген сөзінен шықкан, “жаңарту, өзгерту” мағынасын беретіндігіне тоқталған дұрыс. Педагогикада жаңа әдістер, тәсілдер, құралдар, бағдарламаларды пайдалануды білдіреді. Яғни оқыту мен тәрбиелеуге өзгерістер енгізу, олардың сапасын арттыру болып табылады.

Корыта келгенде, шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздылықтан туады. Бұл жерде ұлы дана Абайдың сөзі еріксіз ойына оралады: Өзіңе сен, өзіңді сүйреп шығар”. “Шығармашылық-ақыл-тегіл ақыдың көрінісі” десек, ақыл, қайрат, жүрек туралы Абайға, оның “Он жетінші қара сөзіне” жүгінеміз. Яғни, шығармашылық жүрекке қызмет етуі керек. Бұл жүректің таза болуы төңірегіндегі әңгіме. Жүрек біткен таза, пәк болуы адами құндылық негізі.

Әдебиет сабағы рухани байлық, адами құндылыктарды қалыптастыруға қызмет етеді.

I БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамның жаңаруы мен өзгерістерді тәуелсіз Қазакстан елінің өзге елдермен саяси карым-қатынасын кеңейтіп, оқу ағарту мен білім жүйесіне айтарлықтай ықпалын тигізді. Мемлекеттік тіл бірнеше деңгейде әдістемелердің нәтижесінде адамдардың өзара карым-қатынасын қамтамасыз етіп келеді.

Егеменді елдің мемлекеттік тілін оқытуға байланысты жаңа, ғылыми зерттеулер мен әдістемелік көзқарастар үнемі кажет. Мектептерде қазак әдебиетінің қатысымдық түрғыдан менгерту – қазіргі заманың көкейтесті мәселесі.

Қазақстан Республикасының Тіл туралы тұжырымдамасында айтылғандай «Мемлекеттік тілдің беделін, оны білу әрбір азаматтың өмірлік қажетіне айналатында, казақстандық патриотизмнің құрамды бөлігі болатындағы деңгейге көтеру қажет» [50,216].

Білімді игерудегі мектептің негізгі міндепті – оқушылардың машиқтануын, шығармашылық қабілеттерін, ізденістерін қалыптастыру.

Мектеп дербес ойлап әрекет жасай алатын жас үрпакты баулуы тиіс. Оқушылардың абстракциясын, өзіндік ойлау мүмкіндіктерін арттыру жолдарын іздеңдер, қарастыру қажет. Ұлттық және жалпы адамзаттың құндылыктар ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастырып, дамыту, білім беру мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды көздейді.

Шығармашылықтың гүлденуі мен тұлғаның өсуі – қазіргі заманың өзекті мәселелерінің бірі демекпіз.

ІІ БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГИКА - ТӘЖРИБЕЛІК ЖҰМЫС

2.1. Оқушылардың шығармашылық қабілеттінің диагностикасы

Бұгінгі көгам талабына сай егемен елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Республиканың қазіргі кезеңдегі мемлекеттік білім беру саясатының жүзеге асырылуы білім беру мен оқытудың барлық әдістемелік жүйесін қайта қарауды талап етеді. Сол ниетте болашақ ұрпакқа жүйелі білім беру ісінде қазақ педагогикасы мектебінің алдына жаңа міндеттер койылып отыр.

Мемлекеттік мәртебеге ие болған ұлттық мәдениетке, ана тілге деген көгамдық сұранысқа орай қазақ әдебиеті пәнін оқытуда жаңа бағытта жүргізіле бастады. Әйткені әдебиет пәні білім беру жүйесіндегі басты пәндердің бірі болып саналғандықтан, оның алдына қоятын мақсаты да пәнге қойылатын талаптар деңгейіне сай болуы қажет.

Бұл ретте халқымыздың данагой ұлдарының бірі, ағартушы-ғалым А. Байтұрсыновтың “Қазақ” газетінде (1914 ж), “Мектепке керектері” деген мақаласында... “Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар оқыта біletін мұғалім” [51, 58].

Екінші – оку ісіне керек құралдардың қолайлы, ыңғылыштық болуы. Құралсыз іс істемейді, ыңғылыштық болса, істеген істе сондай болмақшы.

Үшінші – мектепке керегі белгіленген бағдарламашы. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі я мезгілді өлшеуі болып керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс-ол я артық, я кем шықпакшы, - деп оқытудың дидактикалық принциптерін ғылыми тұрғыда нақтылы белгілеп бергеніндей, жас ұрпакты оқыту, тәрбиелеу, оларды өмірге білімді, жан-жақты жетілген азамат етіп әзірлеу оп-оңай жұмыс емес. Қын да қызық, қыр-сыры мол ұстаздық жұмыс терең білім, озық тәжірибелі, ізденгіштік пен табанды талапкерлікті талап етеді.

Әдебиет пәнінің негізгі көркем шығармаларда халқымыздың елдік, ерлік дәстүрлері, тарихи жүріп өткен жолдары, түрмис-салты, өзіндік ділі, тілі, психологиясы негізінде жинақталған, табиғатты кескінделген, адамгершілік ұғым-түсінігі көрініс табады.

Сондықтан да заманға келбеті мен болмыс жайын жеткізетін, ұлттық сананы тәрбиелейтін, адаммен қогам жайындағы түсінігі мен тәжірибесін үйрететін әдебиет пәнінің негізі көркем шығармалар десек, дәстүрлі бағдарламалар негізінде бүгінгі күн тұрғысынан талапқа сай келмейтін (кеңестік кезең идеологиясына сай) шығармаларды өзгеріссіз оқыта беру, бүгін де ертең де біртекtes көрнекі құралдарды пайдалану сабакты бір сарынмен жүргізу оқушыларды жалықтырып, естігендерін тез ұмыттырады. Егер тақырыпқа ынғайлы көрнекі құралдарды да, түсіндіру әдістері алмастырып, жаңартып отырса, жаттығулар мен тапсырмаларды түрлендіріп, әр түрлі ситуация тудырылса, әсіреле оқушылардың шаршайтын кезеңдерінде әр түрлі педагогикалық әдіс-амалдарды алмастырып отырса, сөз жок олардың білімді саналы түрде игеру ынтасты артады, оқудың білімдік сапасы нығаяды.

Тұлғап келгенде, оқыту жұмысын бүгінгі күннің талабына сай жүйелі түрде іске асыруға пән бағдарламаларының тигізер көмегі өлшеусіз.

Қазақстанда мекен ететін басқа ұлт өкілдерінің қазақ халқының мәдениетін, онерін, тілін, т.б. танып-білуғе деген сұраныстарына орай базистік оку жоспарында өзге ұлт мектептеріне арналған “Қазақ әдебиеті” пәніне арнайы сағат бөлініп, тұнғыш рет мемлекеттік тілде оқытыла бастады.

Халық ауыз әдебиетін, қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларын төл тілінде оқудың танымдық, тәлім-тәрбиелік мәні және қазақ тілдік ортасың кеңеюіндегі маңызы зор.

Өзге тілді мектептерде “қазақ әдебиеті” пәнін оқытудағы мақсат-оқушыларды әдебиетіміздегі ұздік туындыларымен қазақ тілінде таныстыру арқылы қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын қалыптастырып, көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, сөйтіп олардың қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып, түсіне алудың камтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру.

Осы максатты іске асыруда “Қазак әдебиеті” пәнін оқыту төмендегідей міндеттерді шешуді көздейді:

- казақ әдебиетінің үздік шығармаларының ұлгілерімен таныстырыу;
- қазақ әдебиетінің ақын-жазушылары туралы мағлұмат беру;
- қазақ әдебиеті арқылы оқушылардың адамгершілік-рухани дүниесін байыту;
- казақ әдебиетіне деген оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру;
- казақ әдебиеті арқылы қазақ халқының мәдениеті, тарихы, әдебиеті, салт-санасына құрмет және түсініктік сезімдеріне баулу.

Білім беру сапасының бағасы мемлекеттік стандартта жинақталған эталондардың , бағалар жүйесіне , өлшеуіштердің болуын қалайды. Бұл бағалардың жетекші звеносы басқару циклында басты звенолардың бірі болып қаралатын мониторинг.

Білім беру сапасын өлшеу үшін дайын эталондар, өлшеу құралдарымен мониторинг жүйесі (технологиясы болуы қажет).

Мектепте сапа көрсеткіші үш аспектілі болып келеді, олар:

- тәрбиелеу деңгейі (айқындалған тенденциялар өлшемімен, оқушының өзіне, өзгеге, ұжымға, оқу ісі және еңбекке көзкарасы және т.б) анықталады;
- даму деңгейі (ойлау аперацияларына деген ғана емес, сонымен катар өз ойын жеткізе білу); мысалы: интеллектуалды еңбек, бақылау , айқындау, атау, сұрыптау, суреттеу, сызбаға салу, талдау, құрастыру, пайымдау, қорытынды жасау және т.б;
- білім деңгейі (бағдарламалар мен стандарттар талабына сай келуі).

Талдау мен бағалауға білім беру үрдісінің барлық звенолары жатқызылады: максаттар- мазмұндар- құралдар- әдістер- формалар- бақылау- нәтиже.

Оқытуда нақты нәтиже мен белгіленген максаттар, стандарттар, нормалар, эталондардың ара қатынасын, байланысын- тексеріс деп атайды. Интеграция мен нақты нәтижеге қатысты бағалау процесі (баға) құрайды.

Ұпай ретінде белгіленген бағалаудың нәтижесі баға деп аталады.

Мониторингтар мен баға стандарттар мен нормалар қаншалықты айқын

берілген болса, яғни олар талаптарға жауап беретін болса, соншалықты тиімді болады.

Казіргі дидактардың пікірі бойынша білім сапасының проблемасы жок, ол ұстаздардың біліктілігінде, жұмыс сапасында, сабак сапасында проблема бар.

Мектепте сапаға бас ию жағдайды ұжымда қалыптасқан дұрыс психологиялық климатпен қамтамасыз етілген өзіндік сапа философиясы болу керек. Халық даналығы: / Адам әрбір женісінде қайта туып отырады, әрбір женіліс ол кішкентай өлім, - деп тегін айтпаған.

Барлық осы құрделі білім жүйесінде сабак ұйымдастыруши форма болып тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың жетекші құралы ретінде, айналасында оку процесінің барлық басқа да түрлері айналып тұратын орталық ретінде, әрі білім сапасы, әрі оқушылардың даму деңгейі, әрі олардың тәрбиелену мен азаматтылығының бетпердесі тәуелді болатын мұғалімнің кәсіптік шеберлігінің басты көрсеткіші ретінде қызмет атқарады.

Сонымен сабакта оның жоғары сапасының көрсеткіші, критеріи не болып табылады? Біз сабактың бес кезеңін белгілеп аламыз:

Бірінші кезең - мақсаттардың декомпозициясы, міндеттерге тірелген басты мақсат, яғни мақсаттардың иерархиясы;

Екінші кезең - , мақсаттарды оны нәтижелерін тез анықтап алуға болатындей етіп күру. Ол үшін мақсат оқушылардың іс- әрекетіне емес (формалық көрсеткіштерді) мұғалімнің іс- әрекетіне бағытталуы тиіс;

Үшінші кезең - сабактың барлық баска компоненттері құрылған мақсаттарға (оқыту мазмұнын , әдістері мен түрлерін, құралдарын таңдал алу т.б) бағынуы тиіс;

Төртінші кезең - оқытуды ұйымдастыру, білім мен есте сақтауға кол жеткізуін әдіс- тәсілдеріне, технологияларына үйрету;

Бесінші кезең - таным үрдісінде өзін- өзі тану, өзіндік талдау мен өзін- өзі бағалауға үйрету, яғни рефлексия.

Оку процесінің (сабактың) жоғары сапасына жету жолдарының басты шарты ол мақсаттарды диагностикалау, мониторинг технологиясының

дайындығы.

Сонымен катар білім беру сапасының мінездемесі төмендегідей эталондар, яғни бағалау критерийлерін жасаумен орайластырылады:

- оқыту нәтижесі мемлекеттік стандарттарға (бағдарламаларға) сәйкес аныкталады;
- оқыту процесінің (сабактың) сапасы- сабактың мақсаты бағытымен;
- мұғалімнің кәсіптік дайындығының сапасы- мақсат қоя білуіне, мақсатты жүзеге асыра білуіне.

Оку үрдісін қайта жаңғырту идеясы педагогикалық технологияның негізгі тірегі болып табылады. Ол идея мынадай мазмұндық бірліктерден құралады:

- оқытудың жалпы мақсаты;
- жалпы мақсаттың нақтыландырылуы;
- оқушылардың білім деңгейін алдын- ала (диагностикалық) бағалау;
- оқу әрекеттерінің жиынтығы;
- нәтижені бағалау.

Өзге тілді мектептердегі / қазақ әдебиеті / оқулыктары пән бағдарламаларына сәйкес сыныптар аралығындағы сабактастық пен жүйелілікті сактай отырып құрылған 5 сыныпта түрмис-салт жырлары, макал-мәтелдер, жұмбактар, жаңылтпаштар, ертегілер, азыз- әңгімелер туралы ауыз әдебиетінен алғашқы ұғым берілсе, 6 сыныпта осы жанрлар күрделеніп әдеби ертегілер , атап айтқанда Ә. Тәжібаевтың / Толағай / ертегісі берілген. Ал мақал- мәтелдер, жұмбактар, азыз әңгімелер тақырыптық жағынан жетілдіріп ұсынылған. 6 сыныпта қазақ халқының дәуір әдебиетінен алғашқы түсінік сегізінші ғасырда Сырдария өзенінің бойында өмір сүрген түркі халқының атақты ақыны, күйші Қорқыт туралы деректі азызben берілген. 7-сыныпта берілетін әдеби білім мазмұны батырлар жыры, шешендік сөздер, жыраулар поэзиясын құраса, ал 8-сынып оқулығында осы тақырыптық жүйені сатылай жалғастырып ауыз әдебиетінің көрнекті жанры лиро-эпостық жырлардан басталып отыр.

Біздің зерттеу тәжірибеліздің бағдарламасы үш кезеңді қамтиды:

1. Констатациялық эксперименті.

2. Қалыптастыру эксперименті.

3. Бақылау кезеңі.

Шығарма мәтіндерінің ішкі мазмұнын менгеру дәрежесін байқау үшін жүргізілген жұмыстар үш кезеңнен тұрды:

- оқушылардың әдеби мәтінді қазақ тілінде менгеруге дейінгі білім деңгейін анықтау;
- қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланып оқыту;
- әдеби мәтінді қазақ тілінде оқытудан кейінгі оқушының білім деңгейін бақылау қорытындысы.

Әрбір сабак мұғалімнің шығармашылық жұмысы болып есептеледі. Сабакты түрлендіріп жетілдіру, жан-жақты терең білім беру үстазға жүктеледі. Осы істерді жүзеге асыру үшін қатысымдық тұлғаларды сыйбалар арқылы анықтауда жүргізілнің жұмыс жүйелі болса нәтижелі болмақ. Мектепте оқушыларға қатысымдық тұлғаларды оқытуда кескін көрнекіліктерінің өте тиімді екені байқалды. Өйткені қатысымдық тұлғаның өзегі-сөз. Ойды жеткізу үлгісі-сөйлем. Осы екі тұлғаның бірлігінен тұратын қатысымдық тұлғалардың ең күрделі түрі мәтін.

Казақ әдебиеті сабағында сыйба, кесте арқылы ауызша сөйлеуінің жетілгендігі, шығармашылық деңгейінің қандай деңгейде екендігін анықтаудағы жұмысымыз бірнеше кезеңнен тұрды.

Бұл кезеңде өтілетін тақырыпқа байланысты қатысымдық тұлғаларға түсініктеме беріле отырып, сыйбалардың тармактары, ондағы бейнеленген тікше дөнгелектер әр түрлі пішіндегі сзықшалар нені бейнелейтіндігі түсіндіріледі.

Кіріспе кезеңде сыйбаның пішіні мен мазмұнын, мән мағынасын түсінген оқушы берілген тапсырмалар бойынша тірек сзықшалар арқылы жұмысты орындауға кіріседі.

Іске асыру кезеңі, сыйбаны пайдаланып, өтілетін тақырыпты, тілдік материалды менгеруді көздейді.

Ой қорыту кезеңі; негізінен, сызба арқылы тақырыпты менгеріп, сөз, сөйлем, мәтіндерді бір жүйеге келтіреді. Мұнда тірек сызбалар шығармашылық деңгейге көтеріліп, ойының тұжырымдалғаны байқалады.

Бекіту кезеңі тірек сызба нәтижесінде бағдарламадағы оқытылатын материал оқушының білімінің қалыптасып, өмірде пайдасын тигізуге негізделеді.

Жұмыс барысында қолданылатын тірек сызбаларды мынадай түрге бөлуге болады:

1. Сөзге қатысты сызбалар;
2. Сөйлемге қатысты сызбалар;
3. Мәтінге қатысты сызбалар.

Сөзге қатысты сызбалар қатысымдық тұлғаның басты белгілерін көрсетеді:

- сызба сөздің лексикалық мағынасын нақтылады;
- сызба сөздің ауыспалы, көп мағыналық табиаты аңғарылады;
- сөздің сөйлемдегі орны белгіленеді.

Мәселен, “киіз үй” сөзінің тірек сызбасы арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестері аныктатып; сөзден сөйлем, сөйлемнен шағын мәтін туындайды. “Киіз үй” мәтініне тірек сызба. Бұл тапсырманы білімді жан-жақты тексеру кезеңінде қолдандық.

Кезеңнің міндеті:

оқушы білімін терен, жан-жақты тексеру. Киіз үй- казақтың ежелден келе жатқан баспанасы. Киіз үй бұйымдары негізінен жүннен ағаштан жасалады. Жүннен тұндік, үзік, туырлық. Ағаштан- кереге, уық, шаңырақ, есік, бақан, т.б. Киіз үй көшіп- қонуга ыңғайлы болғандықтан оны казактар көп пайдаланған.

Көрсетілген тірек сызба арқылы төмендегідей мәтін құрастырылады.


Киіз үй

Киіз үй- ата –бабамыздың ежелден келе жатқан баспанасы. Киіз көшпелі ел тұрмысына өте колайлы. Оны тез құрып, жинап алуға ынғайлы. Кереге, есік, уық, шаңырактарды біріктіріп баумен байлады. Оны тұндік, туырлық, үзікпен жабады. Текеметті сырмақты оюлап тігеді. Текеметті көбіне төсеніш ретінде

колданады. Түрлі өрнек салынган сырмактар үйге ерекше сән береді. Оны киіз үй жылы болу үшін керегеге іледі.


“Киіз үй” мәтініне тірек сызба

Киіз үй – казактың ежелден келе жатқан баспанасы. Киіз үй бұйымдары негізінен жүннен және ағаштан жасалады. Жүннен – түндік, үзік, туырлық. Ағаштан – кереге, уық, шаңырак, есік, бақан, т.б. Киіз үй көшіп-қонуға ыңғайлы болғандыктан оны қазактар көп пайдаланған.



Сурет - 1

«Киіз үй қазактың ежелгі баспанасы» - детен сөйлемге тірек сызба



Сурет-2

Әңгімеге арқау болатын негізгі сөз-киіз. Өйткені үйдің ең керекті құралы осы заттан жасалынады. Жаттығуда берілген сөзге қосарымыз кереге, шанырак

сөздері. Кереге, уық, шаңырақсыз киіз үй болмайтыны белгілі. Осы үш затты біріктіріп тұратын желбау сөзі бар, олай болса осы сөздерді колдану барысында ұлттымыздың ежелгі баспанасы киіз үй туралы шағын әңгіме құруға болады. Жаттығуда киіз үй бөлшектерінің атаулары берілген: кереге, уық, шаңырақ, есік, киіз.

Киізден үзік, сырмак, тұндік, текемет, туырлық жасалады. Сыныптағы жалғастырушы топ бұл сөздердің аттарын білгегімен киіз үйдің қандай бөлшегіне қажеттігін білмеуі мүмкін. Сызбадағы қажетті сөздер сөйлем құруға, киіз үй туралы әңгімелеп беруге көмектеседі.


Жаттығуды орындаmas бұрын оқушылармен киіз үй туралы не білетіндерін сұрап, жаттығуды толықтырып, шығармашылық ізденістерге дағдыландырып отырса, ойлау қабілеті артады.

Сөзге катысты тірек сызбалар сөз мағыналарының түрленуін жете менгеруге үйретеді. Сөздің коммуникативтік қызметін айқындайды. Оқушы сызбаны қолдану арқылы сөздің тілдік катынасты іс жүзіне асырушы басты тұлға екенін біледі.

Сөйлемге катысты сызбалардың негізгі көрсеткіштері мыналар:

- пікірлесу, әңгімелесу;
- сұраққа жауап бере білу;
- ойын жинақтап, тиянақты етіп айту

Диалогты сөйлеуді дамытуға сатылы сызбалар тиімді. Диалогты сөйлеуге байланысты сызбалардан (оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім) жаксы менгергендігі көрінеді. Тапсырма 1. Тірек сызбага сәйкес сөйлемді аяқтаңыз.




Кезеңнің міндегі: окушы танымдылығын ұйымдастыру “Көктемде дала кілемдей құлпырады”- деген сөйлемге арналған тірек сызбаны сабакта окушылардың жаңа материалды игерудегі дайындық кезеңінде қолдандық.

Тапсырма 2. Сызбага қарап сөйлемді жаңа сөздермен толықтырыңыз. Бұл жаттығуды окушылар сабактың үй тапсырмасын тексеру кезеңінде орындалады.


Кезеңнің міндегі:

Окушылардың дұрыс, тиянақты орындауына көніл бөлу.

Бауыржан Момышұлы- Ержанның атасы сөйлеміне тірек сызба



Тапсырма 3. Сызба бойынша сұраптарға жауап қайтарыңыз. Ел, қала, тұрмыс, өмір сөздерімен сөйлем күрауға арналған сызба.



№6-схема

Кезеңнің міндеті: сабақтың жаңа материалды ұғынуын тексеру.


Жаттығу барысында кездескен кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Сондай-ақ “Жайнасын жарық дүние” деген тақырыпқа тірек сыйбаны оқушылар жаңа материалды менгеру кезеңінде орындады.

Кезеңнің мақсаты:

оқушылардың шығармашылық қабілеті қалыптасады. Жаңа материалды түсіндіруде іс-әрекеттері жеделдеттіреді.

“Жайнасын жарық дүние”



№7-схема

Тұрлі формадағы түзу сыйықтардан тұратын сыйбалар материалды менгеруге жеңілдік туғызатын, шығармашылық қабілетінің қалай қалыптасқандығын айқындауға көмектесетін көрнекіліктер болып табылады.

Орыс әдіскерлері А. Н. Щукин, А. Д. Ботвинников және оқытудын көрнекілік принципін көрсеткен Д. Әлімжанов сияқты ғалым-әдіскерлердің пікірінше көрнекі құралдар табиғи, көркем-бейнелеу, графикалық (кескіндеме) болып бөлінеді.

Тірек сыйбалар оқыту тәсілдері мен оқу-тәрбие процесіндегі атқаратын қызметтеріне қарай негізгі және қосымша болып бөлінеді.

Мәтінге қатысты сыйбалар қамтитын мәселесіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді: **1. Портреттік. 2. Тақырыптық. 3. Қимыл-әрекеттік. 4. Сюжет-оқиғалық.** Жұмыста олардың әрқайсысы кезендер бойынша мысалдармен талданып көрсетіледі. Мәселен, **портреттік** – “Қобыланды”, “Абай”; **тақырыптық** – “Сұт тағамдары”, “Ши”; **қимыл-әрекеттік** – “Күләштің жолы”, “Күләш сапары”; **сюжеттік-оқиғалық** – “Әз Тәуkenің кенесшісі - Эйтеке би”.

Мысалы: “**Абай**” мәтініне арналған тірек сыйба сабактың жаңа материалды ұғынуын тексеру кезеңінде орындалды.

Кезеңнің мақсаты:

тапсырманы орындау барысында кездескен кемшіліктерді жоюға көмектесу.

Абай – заманымыздың алып тұлғасы. Ол лирик, сатирик, психолог, философ, аудармашы болан адам. Абай өз кезеңіндегі орыс қаламгерлерімен дос болған. Солардан үлгі алған. Абайдың әкесі Құнанбай да қажы болған адам. Абай - әлемдік манызды тұлға.

«... Жүрегімнің түбіне терен бойла,

Мен бір жұмбак адаммын оны ойла.

Соктықпалы, соқпаксыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!..»

Абай болашақ үрпаққа сөзін осылай арнағы. Дағаны торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа

апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті...

Тапсырма 5 Абай мәтініне арналған тірек сыйба

Өлсе өлер табиғат,

адам өлмес

Әке арманы Құнанбайға қатысты

Абайдың жакындары.

Өнегелі орыстар

А

Б

А

Й

ЮНЕСКО



Абай - әлемдіе маңызды
тұлға...

Келесі топ оқушыларына “Ши” мәтіні берілді.

Тапсырманы оқушылар сабактын жаңа материалды бекіту кезеңінде орындады.

Кезеңнің мақсаты:

өз ойларын баяндауға жетелейді, шығармашылыққа баулу.

Тапсырма 6.

“Ши” мәтініне арналған тірек сұзба



Қазақстан жерінің асыл қазыналары көп олардың ішінде ағаштардың орны бөлек. Қырық түп көктерек күніне 20 адамға жететін оттегін бөледі. Ағаштар улы газдардың 70 пайызын бойына сініреді. Қазақстанда өсетін есімдіктің бірі – ши. Ши цилиндр тәріздес өсімдік. Ол Аral өнірінде, шөл аймақта өседі. Ши мықты өсімдік. Олар бораған құмды ұстайды. Шиден үй бұйымдарын жасайды. Олар айшықты ши, шаршы ши деп аталады. Аral өнірінде шидің орны ерекше.

Казақстан жері

Арал өніріне тән өсімдік

ауа, экология, жасыл
желек, ағаш, тәулік,
табиғат жер.

Негізгі түйін:
Табиғатты қорғау.



№9-схема

Халқымыздың дана шешендерінің қанатты сөздерінен ғибрат беруде оқушыларға “**Әз Тәуkenің кеңесшісі - Эйтеке биге**” арналған тірек сызбалар арқылы сұрақ-жауап беру, сызба бойынша әрбір оқушыларға тапсырма орындатуға болады. Мысалы: Эйтеке бидің бірінші сөзін сызбадан тауып парапка жазу, оны есіне сақтау, би айтқан сөздің мағынасын ашуға ойлануға арналған бұл негізгі сызбаларды “Шешендік сөзге” лайықталып сыйылған қосымша сызбамен байланыстырып, түрлі жұмыс жүргізуге болады. Бұл тапсырманы оқушылар сабактың жаңа білімді игеру кезеңінде орындалады.

Кезеңнің максаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Тапсырма 7 “Әз Тәуkenің кеңесшісі - Эйтеке биге”

Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек ескі дауды шешуге Алшын еліне барады, Дау ұзакқа созылып, бір бітімге келмейді. Сонда есік жакта отырған қара жігіт:

- Аскар тау сенде бір мін бар, асуға жол бермейсің. Тасқын су сенде бір кін бар, өтерге өткел бермейсін. Уа билер, сендерде бір мін бар, басқаға сөз бермейсің, - депті. Сонда Төле би аты-жөнін сұрағанда: Әкемдің сұрасаныз – жетесіз, шешемді сұрасаныз – некесіз. Туа салған бір баламын, Тегімді сұрап нетесіз, - деп жауап беріпті.

Әз Тәуkenің кеңесшісі - ЭЙТЕКЕ БИ

Қара жігіт

1-ші сөз

1. Аскар тау, ...
2. Тасқын су, ...
3. Билер, ...

2-сөз

- ? ?
- ескі дау

Бала жігіттің жауабы:

1. Аскар тау, ...
2. Тасқын су, ...
3. Билер, ...

Әкемді сұрасаныз - ?
Шешемді сұрасаныз - ?

ескі дау

Мәтін окушылардың өз пікірін жүйелі түрде жеткізуге ұмтылдырады, ситуацияға байланысты көзкарасын тұжырымдап, жағдайды түсіне білуге тәрбиелейді.

Мәтінге қатысты сызба жұмыстардың түрлері төмендегідей болады:

- сызбада мәтіннің идеялық мазмұнын анықтау;
- мәтіндегі ой желісін абзацтарға бөлу;
- сызбада айтылуға қажетті сөз тұлғалары мен сөз тіркестерінің моделін жасау;
- сызба арқылы сұрақ-жауап, жоспар құру;
- сызбада жаңа сөз тіркестерін айрықша белгілеу;
- сызбаны қолданып, мәтіннің мазмұнын айту.

Сызба үшін -- мәтінге қатысты окушылардың өздерінің жазба жұмыстарын қолданған орнынды. Мысалы, алдынғы тақырыптарды пысықтау үшін, үйге тапсырма берген жағдайда түрлі мазмұндағы 3-4 ықшам тақырыптарды қамтитын шағын шығармалар және түрлі тапсырмалар ұсынған үтүмді. Мысалы, тапсырмалар мынадай болуы мүмкін.

Тапсырма 1.

1. Абзацты мұқият оқыңыз.
2. Онда қанша шағын тақырып бар екенін анықтаңыз.
3. Абзац неше сөйлемнен тұратынын анықтаңыз.
4. Осы берілген тапсырмалар бойынша тірек сызба дайындал, басты тақырыпты анықтаңыз.

Тапсырма 2.

1. Эр абзацтағы тақырыпшаларды анықтаңыз.
2. Эр тақырыпша қандай сөйлемнен тұрады?
3. Эр тақырыпшадағы сөйлемнің байланысу түрін табыңыз.
4. Осы үзіндіге сызба жасап көріңіз.

Осындағы жұмыс барысында, біріншіден, түсіндіру мен тексеруге кеткен уақыт кәдімгідей қысқарады; екіншіден, сызба жасай отырып, окушылар өз еңбектерінің нәтижесін көреді; үшіншіден, логикалық ойлауы қалыптасады; төртіншіден, сабакқа қызығушылықты арттырады, ал ең бастысы -- тірек

сызбаларды қолдану мәтін талдау сапасын айтарлықтай жақсартады. Мәтін күрделенген сайын сызба түрі көрнекілене түседі. Жалпы алғанда тірек сызбаны пайдалану оқытушының өз еркіндес, сондықтан жұмыс жағдайына қарай тірек сызбаларды оқытушы өзі таңдайды.

Оқушы мәтінді сызбаға кескіндеу барысында жазушы өмірі мен шығармашылық жолдарындағы ұқсас кезендерді көреді. Сызбалар ойды дамытудың логикалық желісі ретінде манызды роль атқарады.

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың ертегі, аныз әңгімелерді тез менгеріп қоймайтындығын, ал әңгімелер, мақал-мәтелдер, лирикалық өлеңдер, шығармаларды жазып, талдауда қындық туғызатыны айқындалды.

Констатациялық эксперименттен оқушылардың сыныпта және үй тапсырмасын орындау кезіндегі танымдық өзіндік жұмыстарын бақылаудан байқағанымыз, олар тапсырмалардың түрлеріне байланысты белсендіктерінің әр түрлі деңгейін көрсетті. Мысалы, алгоритмдік ұлгі бойынша орындалған тапсырма өзіндік жұмысқа орташа дәрежедегі дайындықты, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар белсенділіктің жеткілікті дәрежесін талап етеді.

Кесте 1. Констатациялық эксперименті кезіндегі оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің диагностикасы.

Денгейлер	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
жоғары	6%	10%
жеткілікті	6%	19%
орта	30%	22%
төмен	50%	49%

Констатациялық эксперименттің нәтижесі оқушылардың мәтінге танымдық қызығушылығын төмен екендігін көрсетті. Бүгінгі қоғамның ұлттық мұраны менгеруге байланысты қойып отырған талаптары мән оны менгертудегі педагогикалық жүйенің жеткіліксіздігі арасындағы, оқушылардың мәтіндерді менгеруді, ізденімпаздылыққа баулуда ұстаздардан көп енбекті қажет ететіндігін айқындауды.

Эксперименттің констатациялық кезеңінде оқушылардың қазак едебиетіндегі шығармалар барысында шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың үш компоненті бойынша (эмоционалдық, интеллектуалдық, еріктік) айқындалды.

Төменде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың моделін ұсынбақызы.

Кесте 2. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың моделі.

№ компоненттер	Өлшемдер	Корсеткіштер
1. эмоционалдық	шығармаларды эмоционалды қабылдауды	<ul style="list-style-type: none"> - шығармалардан алған әсерлерін эмоционалдық сезіммен бере білуі; - шығарма бейнелердегі әсемдікке әсерлене білуі; - шығарма бейнелерін қабылдауда ойларын әсерлі сезіммен жеткізуі; - көркем шығармалардан алған әсерлерін ым-шуара, кимыл-козғалыспен көрсетуі;
2. интеллектуалдық	шығарманы қабылдаудағы белсендігі	<ul style="list-style-type: none"> - тыңдаган шығармалар бойынша өздігінен сұрап қоя білуі; - қосымша мәліметтер жинауы; - ізденіп оқуға талаптануы; - шығарма мазмұнын, өзінің қиялымен, ойымен, өмірмен ұштастыра еркін әнгімеледеуі; - оқыған шығармаларын басқаларға (достарына, мұғалімдерге, ата-анаасына) әнгімелеп бере білуі;
3. еріктік	көркем шығарманы қабылдаудағы бағыттылығы	<ul style="list-style-type: none"> - шығармаға ынталы назар аударуы; - шығармадағы күрделі көріністерді қабылдаудағы мінез-құлқы; - шығармалардағы күрделі көрініс, проблемаларды шешуде әр түрлі амал-жолдарды іздестіруі; - шығарманы танып-білу әрекеті; - шығарма бейнелерін ұлғі тұтуы, соған ұқсан бағуы.

Жоғарыдағы құрастырылған модельдің негізінде окушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың деңгейлері анықталды.

Жоғары деңгей: оқушылар шығармадан алған эстетикалық әсерлерін әмоциялық сезіммен қабылдайды; көркем шығарманы тыңдауда өздігімен сұрактар қоюмен шектелмейді, сол сұрактарға бейнелі сөзбен жауап береді; шығармадағы бейнелерді әсерлі тенеулермен, әмоционалдық ренк бере талдайды, олардағы құрделі көріністерді өзінің қиялымен, өмірмен үштастыра отырып шешуге талпынады; шығарма бейнелеріне өнегелі іске еліктейді, соған ұқсауды армандайды.

Жеткілікті деңгей: оқушылар көркем шығармаларды әсерлене қабылдайды; шығарманы тыңдауда өздігімен сұрактар қояды; оларға талдау бере алады; шығарма бейнелерін қызықты суреттейді; олардағы құрделі көріністерді ұстамдылықпен қабылдайды; оның шешімін әр түрлі әдістер арқылы іздестіреді, шығармадағы өнегелі бейнелерді үлгі тутады.

Орта деңгей: ұнатқан шығармаларға ғана әсерленеді, мәтінді тыңдауда сұрактарды мұғалімнің көмегімен қояды; мәтін мазмұнына еркін талдау беруде қиналады; мәтіндегі бейнелерге суреттеме беруде қиналыс білдіреді; мәтіндегі құрделі көріністерді қабылдаудағы мінез-құлқы құбылмалы; оның шешімін іздестіруге ішінара белсененділік көрсетеді, шығарма ұнағанымен, оған бей-жай карайды.

Төмен деңгей: көркем шығарманы ешбір әсерсіз қабылдайды; өздігімен сұрактар қоя білмейді; оларға талдау бере алмайды; мәтіндегі құрделі көріністердің шешімін іздестіруге талпынбайды, оларды танып – білуге әрекеттенбейді, шығарма бейнелеріне еліктелмейді.

Корытынды: ұсынылып отырган модель мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттің қалыптастыру деңгейін зерттеп білуге, принциптер жүйесін анықтауға және педагогикалық шарттарды (сыныпта, сыныптан тыс жұмыстарды үш компоненттің негізінде (әмоционалдық, интеллектуалдық, еріктік) окушылардың шығармашылығын бағыттауға бағдарлау; окушылардың ізденісін қалыптастыруға жүйелі және кешенді көзқарастың болуы; окушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру максатында

бағдарламаға толықтырулар еңгізу.

Констатациялық эксперимент барысындағы талап, тілектерден келіп төмендегідей міндеттер келіп туындайды:

- оқушының ойлау қабілетін арттыру;
- туған жерінің ақын – жазушыларының шығармаларын білу;
- оқығанын, білгенін өз бетімен шығарма жұмысына пайдалана алуы;
- сауаттылыққа, кез келген ойды нақты, дәл бере білуге үйрету, оймен жұмыс істей отырып оны басқара білуге жетілдіру. Келген ой толқынын ұстап тұрып келесі ойға жол бере білуге үйрету.

Демек, тәжірибе барысында әдеби мәтіндермен жүргізіletін жұмыс түрлерінің негізгі мақсаты оқытудың тиімді жолдарын іздестіру, оқушының кабылдауына жеңілдік жасау, қабылдау жолдарын көрсету, көмектесу, анықтау жолдарын іске асыру.

2.2 Іс-тәжірибелік жұмыстың қалыптастыру эксперименті

Әткен тармактағы міндеттерді ескере отырып қалыптастыру экспериментінде, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында әдістеменің негізінде оқушылардың білімін терендету жолдарын қарастырамыз. Әдістеме кезеңдеп ендіріледі.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінде (2003-2004) зерттеу проблемасына сәйкес педагогикалық, әдістемелік-ғылыми еңбектер оқылып, материалдар жинақталып, мақсат айқындалып, оқушыларға қазақ әдебиетінің оқыту тәсілдерін, ойын жеткізу, тіл дамыту, шығармашылық қабілетін анықтау жұмыстары жүргізілді. Әдеби тапсырмалар сұрыпталып, шығармашылық жұмыстар, әнгіме өткізу жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты – оқушылардың қазақ әдебиеті сабағында менгерген білімдерін терендету, шығармашылық қабілетін қалыптастырып, дамыту.

Бұл мақсат мынадай міндеттер арқылы жүзеге асырылады:

1. Қазақ әдебиетіндегі шығармалар арқылы оқушылардың эмоциялық сезімдерін ояту. Шығарманы тыңдауда эмоциялық сезім оқушылардың ойын,

киялын, көніл күйін бағыттаушылық және реттеушілік қызмет атқарады.

Оқушылардың эмоциялық сезімін қалыптастыру үшін:

- Шығарма мазмұнын оқушылармен бірге талдау;
- тиімді әдіс-тәсілдері таңдау;
- шығармаларды оқушылардың жас және дара ерекшелігін ескере отырып талдау кажет.

2. шығарма мазмұнын саналы оймен түсінуге баулу. Оқушыда саналы ой түсінігі болуы, үшін оның белгілі бір деңгейде қазак халқының шығармашылығы саласынан білімі болуы кажет.

Шығарманы саналы түсіну:

- шығарманың жанрлық, композициялық тұтастыры;
- шығарманың ұлттық қазына екендігі;
- шығармалардың ерекшеліктерін түсіндіру;
- шығарманы түсіндіруде түрлі көрнекі құралдарды пайдалану барысында жүзеге асады.

3. Оқушыны даярлық деңгейіне қарай шығарма мазмұнын әңгімеледеуге дағдырландыру. Бұл:

- шығарманы тыңдау, талдау дағдысын қалыптастыру;
- шығармадан алған әсерлерін суретке түсіру;
- әдебиетті сөз өнері ретінде таныта отырып, оқушыға әдеби-теориялық ұғымдар беру;
- шығарма мазмұны бойынша қысқа үзінділер орынату арқылы іске асады.

Бағдарлама мазмұнында: әр сыныпқа бөлінген сағат саны, тақырыптар, олардың мазмұндық бағыты (әр сыныпта менгерталған шығарма мазмұнына қарай күрделініп отырады), менгеруге ұсынылатын тақырыптар (накты өлшемдер бойынша сұрыпталған), шығармалардың педагогикалық мүмкіндіктері (білім береді, тәрбиелейді, дамытады, шығармашылық қабілеті қалыптасады), әдіс-тәсілдер, көрмекі құралдар қарастырылады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру барысында дидактикалық

принциптер (қарапайымнан күрделіге өту, түсініктілік, бірізділік, жас ерекшелігін, дара ерекшілігін ескеру және т.б.) басшылыққа алынды.

Қалыптастыру экспериментінің бастапқы кезеңінің арнағы курсының мақсаты: Казак әдебиеті пәні арқылы оқушылардың қызығушылығын, шығармашылығын қалыптастыру.

Бұл мақсат нақты міндеттердің шешімін іздестіру арқылы жүзеге асады. Проблеманың теориялық негіздерін менгерту. Оны бағдарламадағы мына тақырыптар дәлелдейді:

- «шығармашылық» ұғымының мәні мен мазмұны;
- оқушылардың қызығушылығының мазмұны, өзіндік ерекшеліктері;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың шығарманың мүмкіндіктері;
- оқушылардың шығармаға қызығушылығын, шығармашылық қабілеттің қалыптастырудың бүгінгі жағдайы;
- шығармаларды сыйыптан тыс іс-әрекеттерде пайдалану әдістемесі.

Осы анықтамаларымызға сәйнес өз зерттеулерімізде дәстүрлі емес сабак түрлері өткізілді. Осы сабактардың шығармашылықтың мынадай қырларын бірте-бірте қалыптастыратынын және дамытатынын негізdedін:

- өзіндік ізденіс, жаңа бірдене тудыру тұрғысындағы танымдық әрекет;
- оку ісіне берілгендерікпен өз еріктерімен енбек етіп бір-бірінен асып түсуге, өзінің даралығын көрсетуге үмтүліс жасаулары;
- өзін пайдалану мен таныту белсенді әрекетпен көрінетіндігін;
- өзін-өзі басқару, ой өрісі, ой еркіндігі жоғары болуын;
- оку материалын өздері зерттеп талдау, синтез, салыстыру тәсілдерін үйреніп, қолдануға жаттығуын;
- өздеріне берілген тапсырмалармен дербес жұмыс жасау барысында бұрын менгерген дағдыны қолдана білу, міндеттерді шешу кезінде алдыңғы білім корын басқаны игеруге пайдалана білу біліктілігін дамытуын ой еркендігі мен әрекет еркіндігі белсенді деңдейде болуы;

- окушының шығармашыл еңбегі ұстаздың диалог құруымен байланысты. Баланың осы әңгімеге араласуы, бұл мұғалімнің окушының ішкі диалогына керісіл кетіп өз дауысын «тануға» көмектесуінен;
- диалог ракурстың көпқырлылығын беріп оның қылышында «бөтен сөзге сенім», бейне, түсініктер ұштасуы, дауыстар жұптасуы арқылы түсінік толтырылып «өз түсінігі шегінен шығуға» себеп болады. Сөйтіп балалардың әлемдік дүниесі байды, бірлескен шығармашыл еңбек ұстаз – шәкірт мәдени диалогында дамиды. Үш мұғалімнің әдістерінің интеграциялауынан «ұстаз әдістемешіге айналады»;
- оқушылардың акпараттарды «қорыту» және «тасымалдау» үрдісімен байланысты әрекеттерінің дамуын;
- ойлау арқылы бұрынғы білгенін еске түсіру және киялдау арқылы тамаша пікірлер тудыру қабілеттері жетілдетінін;
- әр түрлі образдарды келтіріп рөлдерде ойнауының ойлауын дамытып, көзқарастарына әсер ететінін;
- керекті акпараттарды қажетті кезеңде таба білуі қалыптасатынын;
- пікірлердің өзгеріп туындауы және ойдың оралымдығы дамитынын;
- «дұрыс пікірлер басқа бірден келмейтінін» түсінуін;
- өздеріне сенімдері артып, кәсіби әлем бейнесі дамуын;
- төмен үлгерімдегі балалар пікір айтып, ой түйіндеуге үйренуін.

Кезінде Ж.Аймауытұлының «Сабак беруді үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жақаны табатын өнер» - деп бағалауы бүгінде өзінің құндылығымен ерекшелене түседі [6,30]. Қазақтың ұлы ақыны М.Жұмабаев: «Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан месіне тиісті азық көмек көрсету деген сөз», - дейді [17,110]. Бүгінгі таңда заман талабына сай жеке тұлғаны тәрбиелеу білім беріндің ең үздік үлгілерін көрсететін, соның ішінде тәрбиелік мәні бар Абай Кұнанбайұлының «Отыз сегізінші сөзін» талдамақпаз [42,80].

Сабактың мақсаты:

-білімділік – оқушыларға Абайдың қара сөзі туралы білімдік түсінік бере

отырып, оның өзгеше жанр қара сөздерінің мәнін ұғындыру;

-тәрбиелік – «отыз сегізінші қара сөзін» талдата отырып адам бойындағы ізгі қасиеттерді оқушы бойына сініру, жаман әдеттерден бойларын аулақ ету;

-дамытушылық – оқушылардың алған білімдерін олардың біліктілік деңгейлеріне орай дамыту, ой-тұжырымдарын дәйектей алуға ұмтылдыру.

Сабактын кезеңдері:

- ұйымдастыру жұмысы;
- өткен сабактағы жалғастық;
- жаңа сабакты түсіндіру;
- тірек схемаларымен жұмыс;
- жана сабакты бекіту;
- түсіндірмелі сөздік жұмысы;
- мәтінді казак және орыс тілдерінде түсіндіріп оқыту;
- шығармашылық тапсырмалар;
- сабакты қорыту, бағалау;
- үйге тапсырма.

Жаңа сабакты түсіндіру үшін алдымен қара сөз сыныпта оқытылады. Алдын-ала дайындалған сызбалар арқылы жұмыс жасауға бағдар беріледі.

Оқулыкта аударма берілдіктен сөздік жұмысы қындық келтірмейді. Отыз сегізінші сөздің абстрактілік сипаты жайлы түсінік беріледі. Мәтінде аталған адамның жақсы, жаман қасиеттерін оқушылар кезекпен оқиды. Сабакты дебат үлгісінде жүргізіледі.

Сабактың қорытынды мәйегі:

- рухани тазалық, адамды тәрбиелеудегі мақсат ізгілікке, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Кесте 3. Мәтінмен танысқаннан кейінгі әдеби тапсырманы мысал ретінде көрсетеміз:

Сы қасиет	Жаман қасиет
Талап, терен ой...	өсек, етірік...

Сызбаны үйде толтырып келу тапсырылады. «Абай - өз халқының ең үлкен жанаңшыры» деген тақырыпқа ой толғау жаздырылады. Бұл тапсырманы III, IV деңгейлік тапсырма арқылы орындаиды.

Бұл шығарма оқушының ойлау қабілетіне, қазақ тілінде сөйлеу даңдыларын қалыптастыруға назар аударылды, оқушыға мәтінді түсініп қабылдау жолдарын көрсететін әдеби тапсырмалар жүйесі жасалды. Баланы ойландыруға, түсініп қабылдауға берілетін әдеби тапсырмалар оқушының шығармадағы оқиғаны өз өмірімен салыстыруына, бағалап түйсінуіне ыңғайлыш екенін байқатты.

Сабактың кезеңдері оқушыны ойлануға, ойын жинақтауға мүмкіндік беріп және әдеби тапсырманы орындауға психологиялық дайындығы болатындығын байқатты. Соның негізінде оқушы өзінің мәтінге деген:

- қызығушылық, шығармашылық қабілетінің қалыптасатынын;
- коршаган ортага деген қозқарасының болуы;
- еліктеу немесе ұнатпау сияқты сезімдерді басынан кешіретінін;
- өмірде кездесетін әр түрлі жағдайларды өз басынан кешіріп, ұғып-түсініп қорытынды жасап, бағалай біletінін көрсетті. Бұндай жұмыстар оқушының мәтін мазмұнын, идеясын түсінуге ойын дамытуға, мін айқындаиды. Демек, әдеби мәтінге байланысты берілген тапсырмалардың қай-қайсысы болмасын оқушының өмірдегі оқиғалардан салыстыру іздеуге, оларды өзінше зерттеп, танып білуге бағыттайты.

Зерттеудің екінші кезеңінде (2004-2005) мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне сүйене отырып, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында басты ерекшеліктерін анықтау. Әдеби мәтіндерді менгертуге арналған талсырмалардың тиімділігі, оның ұтымды жақтары талданып, ерекшеліктері белгіленді.

Әдеби мәтіндерді талдау барысында жүргізілетін жұмыстардың түрлеріне тоқталсақ, әдеби мәтінді менгеруде оқу, тыңдау, сөйлеу әрекеттері арқылы оқушының шығарманы қабылдауы, түсінуі, ойын терең жеткізе білуі үшін жүргізілген әр түрлі жұмыс түрлерінің сұрыпталып берілуі, зерттеу

енбегіміздегі ұсынып отырған әдістемелік жүйенің ұтымдылығын аныктай түседі.

Мысалы, 7-сыныптың қазак әдебиеті оқулығындағы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығынан «Өгіз бен бақа» шығармасын меңгертуде жасалатын жұмыс үш кезеңге бөлініп көрсетілді.

Мәтінге дейінгі дайындық кезеңі: «Өгіз бен бақа» шығармасын мәнерлеп оқымас бұрын баланың ойына қозғау салу мақсатында әңгімелесуге арналған сұрақтар берілді:

-өгіз бен бақа туралы не білесіндер?

-өгіз бен бақаның арасында қандай ұқсастық немесе айырмашылық бар?

Оқушылар әңгіме не туралы болуы мүмкін деген болжам-әңгіме жазды.

Мәтінмен танысу кезеңі:

Мұғалім мәтінді оқушыларға оқып береді.

Мәтінмен танысканнан кейінгі әдеби талсырмамен жұмыс кезеңі:

а) әңгіме айту шығармашылық жұмыс. Мұғалім оқыған шығарма бойынша баланың байқап түсінгенін ортаға салып пікірлесуге шакырды. Бұл жұмыс барысында оқушы өз ойын казақ тілінде еркін жеткізе білуге, сөйлеу мәдениетін игеруге жаттықты. Оқығанын айналадағы болып жаткан өмір жаңалықтарымен ұштастыра білу, ертегідегі айтылған ойды басқа қырынан көре білу, эмоциялық әсер алу баланың шығармашылығын шындағы түсті.

ә) оқушы бұл шығармадан бақаның көрсе қызар, күндес анқаулығын байқады. Бұл жұмыстар арқылы оқушының әдеби шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін жетілдіру, казақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға назар аударылды. Осы жағдайды оқушы ой етегінен өткізіп ұғыну үшін шығармадағы кейіпкерлердің жактарын, қырларын көрсететін картаны толтырды.

Кесте 4 Екі кейіпкерді салыстыру картасын мысал ретінде көрсетеміз:

Өгіз	Бақа
Жануар...	Күндес...

Оқушының басқаға қарап, тағдыр тәлкегіне ұшыраған «бака» сиякты, өмірге кездесетін әр килы іс-әрекеттерді айыра білуге бағыттайтын тағы бір жұмыс түрі кейіпкердің бейнесін суреттеу.

Кейіпкердің бейнесін суреттеу кестесі арқылы мысал ретінде шығармашылығы жоғары деңгейге жеткен оқушының талдамасы.

Кесте 5. Кейіпкердің бейнесін суреттеу кестесі

Кімге?	Қалай сөйлейді?	Мінездегі ерекшілік
Бақаға	Боламын мен де сонау өгіздей	Күншіл көрсе қызар

Сабактың рефлексия кезеңінде «Түйінді сөздер» стратегиясы бойынша оқушының мәтіннен нақты шешімін табу.

Әуелде құдай өлшеп берген дене,
Қаншама қорлағанмен артылмапты.
Нақыл сөз: «Әлін білмес әлен» - деген,
Осындай әуре болған жаннан қапты.

Көркем шығармаларды менгертуде оқушы тілін дамыту, сейлеу дағдыларын қалыптастыру жолдары, оқулықтағы шығармалардың басты белгілері көрсетіліп, эксперименттік байқау нәтижелері сарапталынды.

Сондай-ақ 7-8 сыныпта ауыз әдебиет түрлері ішінен ертегілер, әңгімелер, батырлар, хан, билердің сөздерін өз дәуіріне лайықты етіп, шешендік сөз үрдісіне сүйене отырып әр түлғаны өзіне лайықты тілде сөйлетеді. Сөз сараптауда халқымызға тән имандылық, ізгілік сиякты ұлттық мінездерімізді әрбір кейіпкердің бойынан табамыз. Осы кейіпкерлеріміздің іс-әрекеттеріне қарай отырып, міндетті түрде жоспар жазылады. Оның сөздерін құрғак жай сөздер етіп алмай, мақал-мәтелдермен алсақ, жоспарымыз ықшамды, жинақы шығары даусыз.

Кесте 6.

Жеке ізденіс әдісі

P/c		Оқушы іс-әрекеті
1.	Максаты	Халық ауыз әдебиетін сүйіп, қызығып оқуға, күрметтеуге бейімдеу. Жоспарларымызды мақал-мәтелдермен өрнектеу.
2.	Міндеті	Сөз өнерінің асыл қазынасын жете менгерту. Тапқыр сойлеуге үйрету. Ретті жерлерінде қолдана білу.
3.	Тәсілдер	Алдын ала талсырмамен танысып шығады. Тақырынты оқып, бақылау жұмыстарын жүргізеді. Болжамын ұсынып, зерттеу жоспарын құрастырады. Мақал-мәтелдердің мағынасын сактай отырып, жаңа форманы ойлап табады. Болжамды жүйелі тексеріп ақиқитын айқындайды. Қорытынды шығарып, оның дұрыстығын тексереді.
4.	Кәжеттілік	Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін кеңінен қолдану. Тілдік-шешендік шеберін, ақыл-оын, жан-жактығын, сөздік қорын молайтуына үлес косу. Үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып айта білу.
5.	Құралдар	Мақал-мәтелдер жинағы. Ә. Дайыр, Қ. Айтқалиев, Г. Құрманбаева. Алматы, “Атамұра”, 2001 ж. 5-сынып.
6.	Себеп	Халық педагогикасының бай мұрасын ұрпактан- ұрпаққа жеткізу, сактау.
7.	Нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> - өзін-өзі тәрбиелей білуге; - өзін-өзі жетілдіре білуге; - өзін-өзі сыншыл болуға; - өзін-өзі басқара білуге; - ретті жерлерде қолдана білуге жетелейді.

Білім тізгінін оқушылардың өзіне ұстатьып, жұмыс түрлерін ұсына отырып, оқушылардың мақал-мәтелдермен құрған жоспарларын назарларыңызға ұсынамын.

Кесте 7.

Білім ұғымдарын біріктіру

P/c	Такырыптың мазмұны, жоспары	Соған қатысты мақал-мәтелдер
1.	Жошы ханның ашамайға мінгізген баласы	Үйдің иесі бала
2.	Баланың аңшылармен аңға шығуы	Аңшы болғың келсе, Анның шартын біліп ал.
3.	Баланың құланды қууы	Құланды қума Аңшылардан қалма.
4.	Құланның әңгісі баланы шайнап өлтіруі	Женілтектік – жарға жығар. Өлетін бала молага қарай жүгіреді.
5.	Жошы ханның аңшыларга қаңарын төгуі	Ас тасыса, қатық төгілер, Ашу тасыса, ақыл төгілер.
6.	Баланың өлгөнін домбырамен жеткізуі	Биліктің сөзінен біліктінің сөзі өтімді. Күйшінің қазынасы – домбыра.

Мақал-мәтелдер жоспарымызға қарай іріктеледі. Такырыптардағы кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне байланысты мақал-мәтелдеріміз де сан алуан такырыпта қамтылып отырады. Такырыптың мазмұнына қарай жай сөздер арқылы жоспарланса, соған қатысты мақал-мәтелдер сәйкестеніп, ықшамдалып, түйінделуі керек. Оқушылардың жоспарлары мақал-мәтелдермен сәйкестеніп, қорытындыланып жазылмаса, сол сабак үстінде талқыланып, өз ойларын, сын пікірлерін ортаға салады. Дұрыс түйінделу жолдарын қарастырып, жауабын табады.

Шекірттеріміздің әр мақал-мәтелдердің өзінде ұлттық тәрбие, дәстүр, ой-өрісі, әдегүрыптары бар екенине көздері жеткендігін төмендегі 8 кестеден көруге болады.

Кесте 8.

“Ақсак құлан, Жошы хан”, “Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу”

P/c	Тақырыптың мазмұны, жоспары	Сөған қатысты мақал-мәтәлдер
1.	Жиреншениң үйленбей көп жүруі	Жігіт қызға бармаса, Кызы келмейді.
2.	Жолдасынан жауап ала алмауы Бір ауылға келуі	Надан накұрыстан жаман. Ауылға келгенде ата-салтты ұмытпа.
3.	Жаңбыр жауып кетуі Бір топ қызды көрүі	Жаңбыр жауса жер ырысы. Ұл – батыр, Кызы – қызғалдақ.
4.	Қыздардың үйлеріне қарай жүгіруі Бір қыздың калыш қоюы Жиреншениң қыздың ақылын сынауы	Корықканға қос көрінеді. Ақылды қызы, бір әдемі күз. Ақылды адам батпан-ақ Ақылсыз адам сасқалак.
5.	Қыздың ақылдылығы	Бай қызы, байлығына мактанар, Кедей қызы, ақылына мактанар.
6.	Жиренше байдың үйіне баруы	Бай табалдырығын аттағанда абайлап сөйле.

Мақал-мәтәлдерді одан әрі теренірек менгерту үшін сабактың “Жарыс-сұхбат” түрін әдебиет пәні мұғалімдеріне ұсынып кетейік. Ол төмендегідей:

1. Кім көп мақал-мәтел біледі (әр алуан тақырыпта қамтылған).
2. Суреттерді көрсете отырып, мақал-мәтел айтып бер (үй, бала, кітап, ұстаз, т.б.)
3. Әнгіме, шағын мәтіндер жаздыру арқылы мақал-мәтәлдермен ыңғайлы аяқтау.

Еңбексіз байлық жоқ.

Денсаулық – зор байлық.

Үрліктың тубі – қорлық.

Әлін білмеген әлек.

4. Басқа ұлттың мақал-мәтәлдерін кім біледі?

5. Макал-мәтелдерден диалог құру (достық, еңбек, бірлік, Отан, білім туралы).

Түптеп келгенде, макал-мәтелдердің окушыларды тәрбиелеуде атқаратын қызметі үлкен екені аян.

Тіл дамытудың негізі – көркем шығарма. 7-8 сынып окушыларының мәтінмен жұмыс кезінде әр түрлі тапсырмалар орындауы олардың сөйлеу дағдыларын шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етті. Бұл біздің зерттеуімізде окушының жас ерекшелігіне байланысты дайындалған әдеби тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асты.

Мектепте мәтіндерді қазақ тілінде оқыту барысында окушылардың тілін дамыту, қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары қаратарылды.

Мысалы, Абайдың «Қыс» өлеңін өткенде орыс ақындарының, оның ішінде, А.С.Пушкиннің өлеңдерін салыстыру кестесі берілді. Окушылар мәтінді толық түсініп қабылдап, шығармаларды басқа тілдегі көркем туындымен салыстыра отырып жұмыс жасауда олардың окуга деген белсенділігінің артатындығын төмендегі 9 кестеден көреміз:

Кесте 9.

Ақындардың шығармаларын салыстыру

Авторы	Абай Құнанбаев	А.С.Пушкин
Өлеңнің атауы	Қыс	Зимний вечер
Өлеңнің ұқсас шумактарынан үзінді	Бұлттай касы жауып екі көзін, Басын сіліксе, қар жауып мазанды алды. Борандай бүрк-сарқ етіп долданғанда, Алты канат ақ орда үй шайқалды.	Буря мглою небо кроет, Вихри снежные крутя; То, как зверь, она завоет, То заплачет как дитя, То по кровле обветшалой Вдруг соломой зашумит, То, как путник запоздалый, К нам в окошко застучит.
Өлеңдердің ерекшелігі		
ортакастығы		

Сондай-ақ қазақ әдебиеті сабагында окушылардың сабакта конструкторлық жобалау технологиясы бойынша берілген шығармашылық тапсырмалар: “ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ”

Тапсырмалар:

1. Ұстаздарыңың көмегімен жырга жоспар жасап, сол бойынша мәтінге жуық мазмұндандар.

1. Аңдағы кезігу. 2. Құдалық. 3. 4. 5.	
--	--

2. Жырдан диалогтерді тауып, оның маңызын дәлелдендер.

3. Төрт топқа бөлініп, Баян мен Қозы, Қарабай мен Қодарды сипаттайтын сөздерді теріп алып, бас кейілкерлер мінезін ашу дағы орын айқындандар. Сонынан барлығың біріге отырып пікірлесіндер. Осындай тапсырманы орындату барысында окушыларға көмек-нұсқау беріледі:

1-топ. Қарабай.

Қарабай: Үмітсіз дүниеден Қарабаймын.

4. Керек деп тапсандар, қалауларың бойынша Қарабай, Қодарларға “Ұрпак үкімі” атты “айыптау” сотын ұйымдастырындар.

Ескерту: Қаралау да, жазалау да мәтіннен нақты мысалдар келтіру арқылы жүргізілсін.

Келесі топ мүшелері пікір-сайыска түседі:

Мына пікірді жоққа шығар, не жақтап шық

(Нақты дәлел келтір)

1. Қозы Көрпеш – Баян махаббаты.

Олардың тағдыры шындықтан гөрі романтикаға жақын.

2. Екі жырды оқып отырып, өмірден, махаббаттан түнілесін.

Махабbat жоқ!

3. СПИД және махаббат.

СПИД – еркін махаббат жемісі.

Сабак барысында оқушылар интервью-тест арқылы кейіпкерлердің қасиеттерін ашады.

Кесте №10

Интервью - тест

(Төлеген мен Козы)

Кейіпкерлерге сипаттама

№	Сұрақтар	Қасиеттері	Тағы қандай қасиеттері бар
1.	Өзіне Козы мен Төлегеннің қандай қасиеттері ұнады	Батылдығы, алған бетінен қайтпайды, мейірімділігі, сезгіштігі, аңғалдығы	Адалдығы, қайырымдылығы, тапқырлығы, ақылдығы, махаббатқа беріктігі, кешірімділігі
2.	Казіргі жігіттерден осы қасиеттердің қайсысын көргін келеді	Батылдығы, алған бетінен қайтпайды, мейірімділігі, сезгіштігі, аңғалдығы, махаббатқа беріктігі, кешірімділігі	Адалдығы
3.	Жігіттердің өзіне ұнамайтын қасиеті	Ішкіштігі, нашақорлық, ызақорлық дүниеконызызық, жалқаулық, қызды, ананы сыйламау, мәдениетсіздігі	Екіжүздік, менмендік,, надандық, сарандық, өз сөзінде тұрмауы, өз ісіне жауап бермеуі

Ескеру: Баганалардың 2-3 бөлігін оқушылар толтырады.

Осындай мәтін бойынша шығармашылық жұмыстар жасатудың оқушы тілін дамытуға, өзіндік пікірін тудыруға бағытталуы:

- а) хат жазу;
- ә) пікір жазу;
- б) суреттеп жазу;

- в) сурет салу (пейзаж) сипаттау;
- г) кейіпкерге арнап өмірбаян жазу.

Бұл жұмыстардың жүпта, топта орындалуы сөздердің колданылу ерекшеліктеріне назар аударуына, сөйлемдерді байланыстырып құрастыра білуіне ықпал ететіндігін байкатты.

В.Л.Скаткин еңбегінде пікірлесуге үйретуге арнап жасалған мынадай жаттығулар жүйесі пайдаланылды:

- сұрак – жауап жаттығулары;
- жағдайылылық (ситуативтік) жаттығулар;
- пікірлесу жаттығулары;
- ынталылық немесе ықыластық (инициативтік).

Мәтін арқылы тіл дамыту болғандықтан, осы мәселедегі жұмыстар тәмендерідей:

- мәтіннің мағынасын талдау, түсіндіру;
- мәтін мазмұнын өз сөзімен әңгімелету;
- мәтіндегі беймәлім сөздерді есте сактау үшін, оны арнайы сөздік дәптерлеріне жаздыру;
- сабакта оқытушы өзі мәнерлеп оқып, оқушыларға дауыстап оқыту, іштей оқыту арқылы есте сактауына жол ашу;
- мәтіннің мазмұнын ашылғандығын байқату, әңгімелету;
- мәтіннен ондағы сөздердің мағыналас түрлерін тапқызып талдату;
- мәтінге байланысты өзінше мәтін құрастыру, оны әңгімелету, ол жайында әңгімелесу.

Тіл дамытудағы ауызша және жазбаша сөйлеу жаттығулары өзара тығыз байланыста болады. Сөйлеу тілі жазбаша тілдің негізі болып табылады, ал жазбаша тіл сөйлеу тілінің дамуына жәрдемседі. Жалпы тіл дамыту шығарма мен мазмұндама, ауызша әңгімелермен байланысты болады. Сабакта осы элементтер камтылды. Мазмұндаудың барлық түрі әуелі ауызша әңгімеледен басталып, мәтінмен жалғасты, ол жазбаша мазмұндауға дайындық қызметін аткарады. Жұмыстың ең соңында жазбаша мазмұндау жасалды.

Окушылардың сөйлеу тілін дамытудағы жазбаша жұмыстардың бірі – шығарма жаздырту. Ең шағын шығармадан басталып, күнделендіріліп отырылды. Еркін тақырыпқа шығарма жаздыру жөнінде әдістемелік күралдардың жақтығы оқушы білімін жетілдіруге:

- оқушы біліктілігі;
- танымы;
- мәдениеті;
- отбасының мәдениеті;
- қоршаған орта әсері;
- оқушы қабілетінің ауқымы белгілі болады.

Тандап алынған нысан (объект) эпиграфқа да байланысты. Не, керісінше, тақырыпқа эпиграф тәуелді. Шығарма жаздырганда азат жол (абзай) міндетті түрде сақталу қажет, ол ойдын ұшығы, келесі ойдың жалғасы, соны шешу жолындағы кідіріс (аялдама). Неболса толық бір күрделі ойдың жемісі. Шығарма желісінің қаншалықты тұтас жүйеге күралғаны осы азат жолға да байланысты. Абзац (сөз, сөйлем, ой) бұл арада басқы ой араға 10 не 15 сөйлем салып барып қайыра жалғасын тауып жатуы қажет. Олушін азат жолдың басқы ой сөйлеміне қарайды, есіне түсіреді. Окушылар күрделі ойлы сөйлем құрауға дағыдануы керек. Окушылар шығармашылығынан күрделі сөйлемді, күрделі ойды көре алмай жүрміз. Бірді-екілі сөйлемнен кейін-ак оқушының ой желісі үзіліп қала береді. Жоғары талап тілектен келіп төмендегідей міндеттер келіп туындаиды:

- оқушының ойлау қабілетін арттыру;
- ана тілінде сөйлен жаза білуге жаттықтыру;
- туған жерінің акын жазушыларының шығармаларын білу;
- оқығаның білгенін өз бетімен шығарма жұмысына пайдалана алуы;
- сауатты жазуға, келген ойды накты, дәл бере білуге үйрету, оймен жұмыс істей отырып оны басқара білуге жетілдіру. Келген ой толқынын ұстап тұрып келесі ойға жол бере білуге үйрету. Ми жұмысын шахматтық жүріске салуға үйрету. Еркін шығарма арасына сол мазмұндас цитаттарды келістіре білу. Оның алдыңғы сөйлеммен үндестігін кадағалау. Бұл арада мына схема

жүзеге асуы керек: сөз + сөйлем + ой + ой + тұтас ой + тұтас ойдың легі, оны басқару + тұтастану (логикалық ойдың жүйеленуі қағазға нақты түсүі). Еркін шығарманың тақырыбы (нысан), бұл бағыт. Оқушыға нақты жұмыс беріледі. Ендігі жерде оқушы әрекет істеуі керек. Соның шығу жолын карастырады. Сыныпта 10 минутқа дейін үнсіздік басып, оқушы алған білімін еске түсіріп, миға қорыту процесі басталады. Осы арада мұғалім көмегі кажет болады. Оқушы жол тауып, екінші кезеңді жазуға үлгеру жұмысы басталады. Шығарманың сыртқы формасы тақырып болады, ішкі мазмұны тақырыпты ашу жолындағы түрлі жүйеленген білім әрекетінің тоғысы: тақырып ішкі мазмұнның сыртқы жамылғышы болып табылады. Ішкі тақырып мазмұнның жүйесі мынау болып табылады: тақырып + эпиграф + кіріспе + сөз + сөйлем + ой + сөйлем + логикалық ой + нәтиже.

Екін шығарманың дәнекері мынау болып табылады: логикалық екпін + сөз + сөйлем + интонация + шылаулар.

Бұл арада түрлі фонетикалық, морфологиялық әрекеттер оқушының біліміне тәуелді болады.

Оқушылардың лексикалық қоры осы арада жұмыс істейді. Алынған нәтиже былай көрінеді:

1) Оқушы + еркін шығарма + оқушы + мұғалім + субъект.
(мұғалім) + субъект.

2) (оқушы) – объект (нысан) берілген тақырып + субъект (оқушы әрекеті) + мұғалім білімінің нәтижесі.

Эпиграфтар еркін шығарманың қашалықты нәтижелі шығуның кепілі. Эпиграф үшін оқушыға арнайы папка аштырып, газет, журнал қындыларын жинатып, кеспе-қаттама жасатып, үй кітапхана каталогын жасатып үйрету керек. Үй каталогы – эпиграф жинайтын бірден бір оқу құралының жалғасы. Эпиграф – акынның өлең жолдары, не мазмұны бай сөйлем, көсем сөздер болуы мүмкін. Оқушының келген ойды басқара білуі – еркін шығарма желісі. Сондай-ақ қазақ әдебиетінде оқушылардың білімін тексеруде тест әдісі

колданылды. Негізінен бақылау тестілері өтілген мақал-мәтелдерді, сонымен грамматикалық заңдылықтарды каншалықты менгергендігін анықтау мақсатында күрылды.

Жалпы тестің негізгі түрлері мынадай:

1. Баламалы тест. Мұнда берілген тапсырмаға оқушы «жоқ» немесе «иә» деп жауап бере алады.

Мысалы: төмендегі берілген мақал-мәтел мағыналас па?

- а) Ақыл жастан, қына тастан
- ә) Ақылсыз бас аяққа тыным бермес
- б) Ақыл жастан шығады,

Асыл тастан шығады.

2. Сәйкестендіру тесті. Екі бағанада орналасқан мақал-мәтелдердің мағынасын, мазмұнына байланысты топтастыру.

3. Толықтыру тесті немесе еске түсіру тесті.

4. Дұрыс жауабын тандау тесті: Қай қатарда достық туралы мақал берілген?

Тестілеу жүйелі, нәтижелі дамыл келеді. Тест сұрақтарын, тапсырмаларының нәтижесін анықтау үшін барлық оқушыларға бірдей талап койылды, алған білімдері берілген жауаптарына қарай әділ бағаланды.

Оку үрдісін кайта жаңғырту идеясы педагогикалық технологияның негізгі тірекі болып табылады. Ол идея мынадай мазмұндық бірліктерден құралады:

- оқытудың жалпы мақсаты;
- жалпы мақсаттың нақтыландырылтуы;
- оқушы білімін бағалау;
- оқу әрекеттерінің жиынтығы;
- нәтижесі бағалау.

Түпкі нәтижеге деңгейлік тапсырмалар жүйесін деңгейлік тапсырмалар жүйесін дұрыс орындағандағанда, оқыту сапасын қазіргі заман талаптарына сай арттыра білгенде ғана жетуге болады. Сыныптағы оқушыларды тұтас іс-әрекетке баулу үшін В.П.Беспалько ұсынған оқытудың төрт деңгейлерін пайдалануға болады.

Мысалы: «Қыз Жібек» жыры бойынша мынадай деңгейлік сұрау-тапсырмалар беріледі.

I. Міндепті деңгей:

1. «Қыз Жібек» жыры ауыз әдебиетінің қай түріне жатады?
2. Кара теңіз жағалауында кім өмір сүрген?
3. Базарбайдын тоғыз ұлына не болды?
4. Төлегенге кім келіп жолығады?
5. Жолда неше көшке жолығады?

II. Алгоритмдік деңгей:

1. Базарбай картайған шакта қандай оқиға болды?
2. Төлеген он алты жасқа келгенде елге кім келеді?
3. Шекті елінің ханы кім еді?
4. Төлегенге қаршыға кімді көрсетпек болады?
5. Екеуі не істейді?

III. Эвристикалық деңгей:

1. Базарбай қарт ұлдарына неге қалыңдық айттырмаған?
2. Саудагер не дейді? Оның сөзін мәтіннен тауып оқып беріңдер.
3. Төлеген кайда жол жүреді? Не мақсатпен?
4. Ол не деп жыр салады? Жыр салу деген не?

IV. Шығармашылық деңгей:

1. Жібектің шешесін сипаттаған жерді мәтіннен тауып оқындар. «Шешесіне қарап қызын ал» деген сөздің сырты неде?
2. Төлеген Жібекке калай кездеседі?

Көрсетілген деңгейлік тапсырмаларды мұғалім осы күйінде ұсынады.

Сонымен катар оқушысы ойланып жұмыс жасауға баулитын әдеби шығармашылық жұмыстың бір түрі – диалог – журнал.

Оқушылар жеке ойын жұбымен бөлісіп, топта ортаға сала отырып жұмыс жасады. Бұл жұмыстар оқушының бір-бірімен көбірек сойлесіп, бірлесіп шешім қабылдауына жағдай жасайтынын көрсетті. Мысалы, Абай Құнанбаев шығармаларымен жұмыс жасағанда журналдың бірінші беті – автормен сырласуға арналса, журналдың екінші беті – кейіпкермен сырласуға арналды.

Кесте 10.

Диалог – журнал жүргізу кестесі

1 бет: Сұрапқ	Жауап
Абай ата, жастарға қандай ақыл айтасыз?	Жастар, жас жеткіншектер, сендер елдің келешегі екендерінді ұмытпандар.
2 бет: Сұрапқ	Жауап
Жастар, Абай аталарының сенімін қалай актайсындар?	Біз жақсы оқып, абыройлы енбегімізben халқымыздың сенімінен шығамыз.

Мұндай білімдік, тәрбиелік маңызы бар жұмыстың қай-қайсысы болмасын шығармашылық қабілеттерінің, білім деңгейлерінің өсуіне көмегін тигізді.

Тәжірибелі -- эксперимент жұмысындағы жүргізу барысында оқушылардың казак әдебиетінде шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру (%) деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері келесі кестеде көрсетілген.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың іс - тәжірибелінің нәтижесі

Денгейлер	Бақылау тобы	Эксперимент тобы	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
жоғары	13	28	13	32
жеткілікті	12	25	32	38
орта	30	10	15	8
төмен	45	37	40	22

2.3 Ис - тәжірибелік жұмыстың қорытындысы

Қазак әдебиетін 7-8 сыныптарда қазак оқытудың негізінде ұсынылатын әдеби тапсырмалар мен тәжірибелік жұмыстар және олардың нәтижелері анықталды.

Екі жыл ішіндегі зерттеу жұмыстарымыз қазақ әдебиетін оқытудың маңыздылығын анық байқауға мүмкіндік жасады. Әдістемелік және ғылыми – педагогикалық еңбектерді негізге алып, талдау барысында ұсынып отырған болжамдарымыздың дұрыстығын дәлелдеу мақсатында 2003-2005 жылдар аралығында эксперименттік – тәжірибелер мен бақылаулар жүргіздік.

Бұл жұмыстар Павлодар қаласының №28 жалпы білім беру мектебінде өткізілді. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің бұйрығына байланысты бұл сыныптарда эксперимент жүргізу мақсатында қазақ әдебиеті казак тілінде оқытылды. Осы кездің өзінде-ақ оқушылар қазақ әдебиетіндегі мәтіндерді түпнұсқала оқуға деген қызығушылығының бар екендігін көрсетті. Мәтіннің мазмұнын менгеруу дәрежесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін байқау, дамыту, калыптастыру үшін жүргізілген тәжірибе үш кезеңнен тұрды:

- а) оқушылардың әдеби мәтінді қазақ тілінде менгеруге дейінгі білім деңгейін анықтау;
- ә) қазақ әдебиетін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланып оқыту;
- б) әдеби мәтіндерді оқытудан кейінгі оқушының білім деңгейін бақылау корытындысы.

Бақылау тобында жұмыс дәстүрлі әдіспен күнделікті өзгеріссіз қалпында өткізілді.

Зерттеу барысында бақылау сыныбында оқушының әдеби мәтінді оқуға дейінгі білім деңгейі анықталды:

- а) оқушылардың қазақ тілінде мәтінмен жұмыс жасау дағдылары калыптаспаған;
- ә) берілген сөздердің мағынасын сыныптың 40 % ғана ашып бере алады;
- б) мәтіннен таныс, таныс емес сөздерді белгілегендеріне карағанда мәтінді ұғып – түсіну, әдеби тапсырмаларды орындауды төмен екендігін көрсетті.

Біз тәжірибе жүргізген сыныптардагы әдеби тапсырмалармен жұмыстар арқылы үнемі анықтал отыруга тырыстық.

Эксперимент тобында мәтінмен тақысқанға дейін оқушының сөздік коры, мәтін тақырыбына байланысты не білетіні анықталып, оқушыларды педагогикалық дайындау, өз ойларын логикалық, шығармашылықпен жүйелі жеткізе білу дағдыларын арттыру мақсатында әдіс-тәсілдер қолданылды.

Жұмыста көрсетілген оқыту әдістері оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің артуына ықпалын тигізетінін көрсетті.

Егер жеке тұлғаның өз тарапынан шығармашылық қабілетін қалыптастыру әрекетіне бақылау жасамаса, ізденіс нәтижесі бағаланбаса, жетістіктерге жетуге болады деп айту қын. Оқушы білім деңгейіне, біліктепе мен дағдыларына сын көзben қарап, бағылау жасау, оның білімді сапалы менгеруіне, жұмыстың нәтижесін көруде тәжірибе көрсетіп отыр.

	бастапқы		I аралық		II аралық		III аралық	
Денгейлер	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
жоғары	6%	10%	13%	28%	13%	32%	15%	52%
жеткілікті	6%	19%	12%	25%	32%	38%	32%	46%
орта	30%	22%	30%	10%	15%	8%	12%	2%
төмен	50%	49%	45%	37%	40%	22%	37%	-

Эксперимент барысындағы зерттеулеріміздің нәтижесін талдай келеминаңдағы қорытынды шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды оқу үрдісіндегі әдіс-тәсілдерді, технологиялардың элементтерін арнайы ұйымдастыру – оқу үрдісін жетілдірудің негізгі басты шарты деп тұжырым жасадык.

Жалпы білім беру мектебінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың моделі жасалынып, қаланың мұғалімдеріне «Шығармашылық шындалу - басты бағыт» атты тақырыпта семинар өткізілді.

Зерттеудің соңғы кезеңдеріндегі алынған нәтижелерді талдау барысында көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде эксперимент жұмысы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға тиімді ықпал етті деп тұжырымдауымызға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен зерттеу барысында дайындалған теориялық қағидалар мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру моделі негізінде және тәжірибе эксперимент жұмысы нәтижесінде алынған мәліметтер зерттеудің ғылыми болжамын дәлелдей түседі және мынадай тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазіргі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылым, білім салаларындағы өзгерістерге байланысты мектептердегі оқушыларға білім бері сапасына қарап, жақсартуды талап етеді.
2. Қазіргі кезеңдегі жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда ұсынылып отырған оку іс-әрекетін ұйымдастырудын әдіstemесі маңызды болып табылады.
3. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады.
4. Орта мектептегі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудын моделі жасалынды.
5. Оку үрдісіндегі оқушылардың сабактағы белсенділігі – жеке тұлғаның өзіндік ақыл-ай дербестігін, шығармашылық әуелетін көтереді.
6. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыратын педагогикалық шарттар жиынтығы мен тиімді әдіс-тәсілдерді, оқытуудың түрлі формаларын қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеріп, ой-өрісін арттыруға болатынын эксперимент жұмыстарынан көруге болады.

Қоғамның әлеуметтік дамуына сай, келешекте білім берудің жана технологиясына сай оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың әдіснамалық ғылыми – теориялық жактары жете зерттеуді қажет етеді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын тұжырымдай клк төмендегіндей қорытынды жасауға болады:

- 1) Зерттеу проблемасына қатысты педагогикалық тәжірибелердің нәтижесінде зерттеудің алға қойған мақсаты орындалды, онда окушы шығармашылығын қалыптастырудың дидактикалық мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыда тұжырымдалды.
- 2) Жұмыстың ғылыми болжамын тексеру мақсатында қойылған зерттеу міндеттері орындалды, онда окушылар шығармашылығын қалыптастырудың мәні және оның педагогикалық теория мен практикада жасалған дәрежесі анықталды. Шығармашылықты қалыптастырудың моделі құрылды.
- 3) Дәстүрлі емес сабак түрлерімен өткізілген оку жұмыстары кезінде туған проблемаларды шешу барысында шығармашылық еңбек табысты болатыны дәлелденді. Себебі осы сабактар кезінде «репродуктивтік» жұмыс көлемі азайып, үйреншікті бірсарайнды сабактарда екі-үш пайыз ғана болатын шығармашылық енбектің үлес салмағы көп артатынына көзіміз жетті. Осының нәтижесінде шығармашыл оку кезінде бала ойының қалай жүретіні және шығармашылықтың қалай қалыптасадынығы тұжырымдалды.
- 4) Окушылар шығармашылығын дамытуудың дидактикалық мүмкіндіктері талданып, ғылыми-теориялық сипаттама берілді.
- 5) Зерттеу барысында оқытудағы дәстүрлі емес сабактарда окушылардың оку материалын зерделеп, өздік жұмыстар жасаудың жолдарын ерекше менгергендіктерін көрсетті.
- 6) Зерттеу барысында ғылыми-теориялық талдаулар, педагогикалық эксперименттер негізінде өткізілген сабактар және олардың нәтижелері топталып, «Шығармашылық шындалу – басты бағыт» атты тақырыпта қаланың мектептерінде қазақ әдебиетінен сабак беріп жүрген мұғалімдеріне семинар өткізіліп, талданды.
- 7) Орыс мектебінде қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытуудың педагогикалық негіздерін айқындау окушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына ұлттық салт-дәстүрімізді күрметтей білуге ықпал етті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жас үрпақты халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі замандастық біліммен қалыптастыра, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда әдебиет пәні ерекшелене түседі.

Әерттеу жұмысымыздың тақырыбы ретінде алынған орыс мектептерінде казақ әдебиетін оқытуда окушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру: окушылардың казақ әдебиеті оқулығында берілген шығармаларды түпнұсқада өз бетінше оқып түсіне алуда қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру, сөз байлығының кеңейіп, сөйлеу мәдениетінің жетілуі, шығармашылық қабілеттіліктерінің қалыптасуы сияқты мәселелерді шешуге ықпалын тигізері сөзсіз. Педагогикалық үрдіс негізінде оқушы шығармашылығын қалыптастыру қажеттілігі мен шығармашылық дамытудың дидактикалық әдістемелік жолдарының жасалу деңгейінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтар айқын қорінеді.

Дәстүрлі емес сабактардың ерекшеліктеріне байланысты ғылыми негіздел, теориялық тұжырымға сүйене отырып моделін құрып, окушылардың шығармашылық қабілеттіліктерін қалыптастырып, сабак түрінің жүйелі ұйымдастыруын қамтамасыз ететін әдістеме жасау қажеттігін көрсетті.

Қазак тілінде мәтіндерді еркін түсініп талдан менгертуге арналған әдеби мәтіндердің көркемдік әлемін, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін түсінуге бағытталған әдеби тапсырмалар ауызша журнал, өздік жұмыстарының ұтымды жолдары қарастырылып, тәжірибе арқылы ғылыми негізде дәлелденді.

Эксперимент тобында мәтінмен танысқанда дейінгі сөздік коры, мәтін тақырыптарына байланысты не білетіні анықталып, окушыларды педагогикалық дайындау, өз ойларын логикалық жүйелікпен жеткізе білу дағдыларын арттыру мақсатында әдеби мәтіндерді менгетуде барлық әдістәсілдерді қолданық.

Жұмыста көрсетілген оқыту әдістері окушылардың шығармашылық қабілеттерінің біртінде артуына ықпалын тигізетіндігін көрсетті. Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдіс-тәсілдер, дайындалған тапсырмалардың тиімділігін, сол арқылы окушылардың казақша мәтіндерді менгеру, шығармашылық қабілеттері арттыруда анықталды.

Іс-тәжірибе нәтижесі болжамызызды дәлелдейді, қарастырып отырған проблема шешімін тапты дейміз.

ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай Қ. Энциклопедия. Алматы: Атамұра. 2000-95 6.
2. Абай елі. Алматы: ӨНЕР, 1994 – 28 б
3. Абай. – Семей, 1992.№2
4. Абайдың табиғат лирикасын оқыту.
5. Қазак тілі мен әдебиеті №12, 2001, 41-44 б
6. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы, Vтом. – Алматы;1989.-304 б
7. Ақшолаков Т.Көркем шығарманың айшықтарын айқындау. – Алматы, 1983-192 б
8. Ақбаева К. Оку орыс тілдерінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы: Рауан,1997-5-81 б
9. Аристова А. Активность учение школьника. –Москва: Изд просвещений, 1968.-5 б
- 10.Әңгіме әдісі. Қазақстан мектебі. №2 1990-5 б
- 11.Байланыстырып оқытудың тиімділігі. Қазақ тілі мен әдебеті №7-8,- 1998.-21-23 б
- 12.Бітібаева Қ. Әдебиетті терендесіп оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003. -2-50 б
- 13.Бітібаева Қ. Өуезов М шығармашылығын оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003.-2-80 б
- 14.Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. –Алматы: Мектеп,2003- 70 б
- 15.Біліміне қарай бөліп оқытайық. Қазақстан мектебі. №9. -1990-14-15 б
- 16.Жаңа технологиялар – сапалы білім кепілі. Халықаралық ғылыми- практикалық конференцияның материалдары. Павлодар, 2004. 169 б
- 17.Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы, 1992-112 б.
- 18.Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы, 1995-185 б.

- 19.Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп баспасы, 1969-2-81 б.
- 20.Копыленко О. Способности ребенка. -- Алматы: Общ. Знание Каз. ССР 1989. -3-13 б
- 21.Кирабаев С. Қазақ әдебиеті және мектеп. – Алматы, 1979. -21 б
- 22.Казақша-орысша терминологиялық сөздік. – Алматы: Рауан 2000 -248 б.
- 23.Қазақша-орысша сөздік. – Алматы: Аруна 2002. 8-414 б.
- 24.Қазақ әдебиеті оқулығына әдістемелік нұсқау. – Алматы: Рауан, 2004-2-20 б.
- 25.Ертегіні мәнерлеп оқу және әңгімелеп айту. Қазақстан мектебі. Алматы, 2003 №3 -35-37 б.
- 26.Мәтінді менгертудегі тірек-сызбалардың мәні. Тіл аударма және мәтіндерді оқытуудың жаңа технологиялары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы: АТМ ЖАИ, 2001-44-46 б.
- 27.Мұғалімнін ауызша баяндау әдісі. Қазақстан мектебі, №5, 1960-6 б.
- 28.Орыс тілі әудиториясында казақ әдебиеті сабагында сызба, кесте арқылы ауызша сөйлеуді жетілдіру. Ізденіс. –Поиск. №3, 2001-169-170 б.
29. Оку орыс, үйрек, өзбек тілдерінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің 5-7 сыныптарына арналған қазақ әдебиеті бағдарламасы. – Алматы: Ронд, 2003-19-29 б.
30. Орысша-қазақша сөздік. –Алматы, 1978
31. Пути к творчеству. Богоявленская Д. Б. Москва: ИЗД. Знание, 1981 - 36-37 б.
32. Педагогический поиск. –Москва: Педагогика, 1988. -89-124 б.
33. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал «Әдіскер». 2002, №1 – 77 б.
34. Сатынская А. К., Нұрмагамбетова Б. А. Учителю об одаренности.-Павлодар: ИЗД. ПАУ, 2004. -15 б

35. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы : Санат, 1994. -132 б.
36. Танымдық қызығушылықтың ерекшеліктері. Қазақстан мектебі. Алматы, №10 , 2003 – 48-52 б.
37. Төреқұлорв Н. Канатты сөздер. --Алматы: Жазушы баспасы, 1977. – 18-31 б.
38. Техникалық құралдаарды пайдалану жөнінде іс тәжірибелерден. Қазақ тілі мен әдебиеті, №5-34-41 б.
39. Информационно-методический журнал «Творческая педагогика». 2001. №3 -81 б.
40. Ұстаз мұрасы. Қазақстан мектебі, №9 – 1991.-23-25 б.
41. Сын түрғысынан ойлау Қазақстан мектептерінде. 2000. №2, Б 8-9
42. Абай К. Қарасөз. –Алматы: Атамұра, 1993 .-24-80 б.
43. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. -312 б.
44. Қасымбеков Ә. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдіру. – Алматы. 1989. -30 б.
45. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1987. – 52 б.
46. Әуезов М. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1969. -5 б.
47. Оқыту мен тәрбиелеудегі жаңа бағыттар сипаттамасы. Халықаралы конференцияның еңбектері. – Алматы, 2001. – IV бөлім.-655 б.
48. Ерохина Е. Воспитание культуры чтения школьников. –Москва, 1983. – 41 б.
49. Көпбаева З. Орыс мектебінде казақ әдебиетін оқытудың әдістемесі. – Алматы. 2004-4 б.
50. Қазақстан Республикасының Тіл саясаты. –Алматы. 1999. -216 б.
51. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы, -Алматы: Ана тілі, 1992 – 58 б.
- 52.БазарбаевМ.Өлен- сөздің патшасы.-Алматы:Жазушы,1993-376
- 53.Қабдолов З.Жебе.-Алматы:Жазушы,-1977-636
- 54.Кекілбаев Ә.Дәуірмен бетте бет.-Алматы:Жазушы;1972.-55б
- 56.Мәшіүр-Жусіп Қ.Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелік. --ПаУ1998-1016.

- 57.Мағауин М. Сөз наркы-казак өрнегі.Қазақ әдебиеті газеті,24 тамыз 1990.
- 58.Қазак әдебиетін Орыс тілінде жүргізетін мектептердің 7-сыныбына арналған оқулық.Алматы:Білім,2003-1126.
- 59.Мұқанова Б.Педагогика.Алматы:Жазушы,-2003.76.
- 60.Хмель Н.Д.Жалпы білім беретін мектептердегі педагогикалық процесс.Алматы:Ғылым,2002-556.
- 61.ХмельН.Д.Біртұтас пед процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы.Алматы,2003.406.
- 62.Лихачев Б. Педагогика.Москва:Прометей,1998-656.
- 64.Пидкасистый П.И.Педагогика.Москва,1998-3556.
- 65.Подласый И.П.Педагогика.2000,-3956.
- 67.Мектеп оқушыларының сөздік қорын дамыту жұмыстарының лингвистикалық ерекшеліктері.Ұлт тағылымы.-2002.-№4,-141б.
- 68.Мектеп оқушыларының сөздік қорын молайту жолдары.Оқу әдістемелік құрал.Алматы:2002.-636.
- 69.ҚабдоловЗ.Сөз өнері.Алматы:,3656.
- 70.Акшолақов Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын ашу.Алматы,1991-226
- 72.Кудряшев Н.И.Взаймосвязь методов обучения на уроках литературы,Москва,-1972,-2176.